

А 2010

22216к

ЖАЗУШЫ
ЖӘНЕ СӨЗ
МӘДЕНИЕТІ



Л 2010/22216К

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

21-414

ЖАЗУШЫ
ЖӘНЕ СӨЗ
МӘДЕНИЕТІ



Қазақ ССР-інің «ҒЫЛЫМ» баспасы

АЛМАТЫ—1983

Жазушы және сөз мәдениеті Алматы: Ғылым, 1983. — 152 б.

Жинақта қазақ көркем әдебиеті тілінің ұлттық нормаларын танып-білуге, қазіргі қазақ прозасы мен поэзиясына негіз болған тілдік дәстүрлерді айқындауға әрекет жасалады, сонымен қатар бүгінгі көркем шығармаларда кездесетін мағыналық-стильдік қателіктер көрсетіледі. Мұнда «Жазушы және тілдік норма», «Қазақ тілі мәдениетін көтеруде көркем әдебиеттің ролі» сияқты мәселелер сөз болады.

Кітап тіл мамандарымен қатар, ақын-жазушылардың, сондай-ақ қалың көпшіліктің назарына ұсынылады.

Жауапты редактор

Қазақ ССР Ғылым академиясының
корреспондент-мүшесі Р. Ғ. СЫЗДЫҚОВА

П 70103—108 135.83.4602010000 \

407(05)—83

© Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1

АЛҒЫ СӨЗ

Бүгінгі таңда үлкен мән беріліп, жедел қолға алынып отырған мәселелердің бірі — тіл (сөз) мәдениеті. Ол қазір мақсаты мен мазмұны, объектілері мен әдістері біршама айқындалып, қазақ тіл білімінің дербес саласына айналып отыр. Тіл мәдениеті — социалистік мәдениетіміздің бір элементі. Сөз (сөйлеу, тіл) мәдениеті дегеніміз өзінің барлық қаттауында (ярусында) нормалары қалыптасып, едәуір тұрақталған әдеби тілдің болуына, оның жазбаша да, ауызша да түрін қалың көпшілік тұтас пайдалана бастаған кезіне тікелей байланысты. Әсіресе қазіргідей көркем әдебиет пен баспасөздің, радио мен телевидениенің, ұлт театры мен киноның, топ алдына шығатын ауызша сөйлеу түрлерінің (үгіт-насихат жұмыстары, лекция, баяндама, жиналыстардағы сөз, т. б.) дамыған тұсында сөз (тіл) мәдениетіне ерекше назар аударылады.

Тіл мәдениетін арттыруда көркем әдебиеттің орны бөлекше. Өйткені сөз мәдениеті дегенді тек тілдің құрылысын жақсы біліп, оның заңдылықтарын дұрыс сақтау деп қана емес, сол заңдылықтарды творчестволықпен меңгеріп, шебер, әсем, әсерлі түрде пайдалана білу деп те ұғу керек. Тілдің грамматикалық, яғни құрылымдық нормаларымен қатар, стильдік нормалары да болады. Соңғыларының табиғаты таза құрылымдық заңдылықтардан өзгешелеу келеді. Оның пайда болып, қалыптасуында сөйлеушілер мен жазушылардың көркемдік талғамы, тіл құдіретін сезіне білу қабілеті үлкен роль атқарады. Яғни тілдің әдеби түрінің нормаларын, әсіресе

сөзді орнымен, әсем, әсерлі етіп қолдануда, белгілі бір халық тілінің сөз байлығы сияқты ұшан-теңіз дүниенің ішінен ең қажетті, ең ұтымды элементтерді таңдай білуде, сөздерді сол тілдің өзіне хас синтаксистік заңдылықтарын сақтай отырып, айтылмақ ой мен шығарманың мазмұнына, сипатына, мақсатына сай етіп тіркестіре, орналастыра білуде, қысқасы, М. Горькийдің сөзімен айтқанда, «халық тілін өңдеуде» көркем сөз шеберлерінің қызметі орасан зор екенін баса айту қажет. Осылайша өңдеудің шырқау биігіне шығарылған тіл жалпы көркем үннің әуелі материалына, содан соң сол үнді толғайтын құралына («домбырасына») айналады. Бұл домбыраның құлағы қай дәуірде қалай бұралып, бабына қалай келтірілуіне қарай, сол дәуірдің тіл сазы (ғылыми терминмен айтсақ, мәдениеті) танылады.

Қазақ көркем әдебиеті тілін осы орайда танып-білмекті енді-енді қолға ала бастадық. Ұсынылып отырған жинақ көркем әдебиетіміздің кейбір үлгілеріндегі тілдік және стильдік нормалардың дұрыс қолданылуы және бұл нормалардан жөнді-жөнсіз ауытқушылық жайттарына арналды. Әсіресе соңғы мәселелерге көбірек назар аударылды. Кітапқа енген мақалалардың бірқатарында жазушы және әдеби норма, яғни қазақ көркем сөз шеберлерінің тіл мәдениетін көтерудегі қызметі мен ролі, табыстары мен тәсілдері сөз болады (М. Балақаев, А. Алдашева, Н. Уәлиев, М. Серғалиев, Х. Нұрмұқановтың мақалаларында), енді бірсыпыра ізденістерде қазақ тілінің лексикалық-стильдік жағынан нормалану мәселелері, мұндағы көркем әдебиет тілінің әсері, орны, жетістік-кемістігі, сөз қолданыста байқалып жүрген олқылықтар, олардың түрлері, орын алу мотивтері әңгіме болады (Р. Сыздықова, Қ. Неталиева, А. Алдашева, Х. Нұрмұқанов мақалаларында). Бүгінгі қазақ тілінің лексика саласының нормалануын, соған орай тілдегі дұрыстық, жөнділік жайын сөз етуде өзекті мәселенің бірі — белгілі бір аймақта ғана қолданылатын жергілікті сөздер — диалектизмдерді пайдалану (немесе пайдаланбау) екендігі мәлім. Сондықтан екі үлкен мақалада (Ш. Сарыбаев, Б. Қалиевтардың) қазіргі қазақ көркем әдебиетінде диалектизмдердің қолданылу өрісі, принциптері айтылады, кейбір туындыларда жергілікті сөздер мен бейтаныс туындыларды молынан келтіру фактілері бар екені сөз болады. Ешбір мотивсіз, яғни ешқандай стильдік не өзге-

ше жүк арқаламай қолданылған тосын элементтер әдеби-стильдік нормадан тыс тұрады. Бұл құбылыс көркем әдебиет тілінің бір шарты — қалың көпшілікке түсінікті болу принципіне, сайып келгенде сөз мәдениетіне нұқсан келтіреді, мақала авторлары осыған назар аудартады.

Көркем шығарма тілінде стильдік элементтердің эстетикалық қызмет атқаратындығын, сондықтан жазушының әр алуан сөз бояуларын дұрыс жаратуын әңгімелеу де жинақта көтерілген проблемамен ұштасады. «Көркем әдебиет тіліндегі стильдік контраст» (Н. Уәлиев) атты мақала осы жайтты сөз ете отырып, қалам шеберлерінің алдында функционалдық стильдердің ренкін, нақышын жақсы танып, сол арқылы жазушы ойын, шығарма мақсатын сезіне білуге, көркемдікке тұшына білуге оқырман қауымды тәрбиелеу міндеті тұратындығын да аңғартады. Әсіресе жас қаламгерлердің туындыларында тілдің көріктеуіш тәсілдерін теріс қолдану, орынсыз жұмсау, соған орай шеберлік мәселелері жинақ ұсынып отырған мақалалардың бірқатарында (Ө. Айтбаев, А. Есенғұлов, З. Бейсембаева, Р. Сыздықова) нақты түрде сөз етіледі.

Қысқасы, бұл кітапта тіл мамандары көркем әдебиет тіліндегі сөз бейтарап-номинатив мәнде жұмсалудан қатар, көркемдеуіш қызметін де атқаратынын ескере отырып, әдеби тілдік, жалпыға ортақ және міндетті нормаларды әңгімелейді, яғни стандарт пен экспрессияның көркем шығарма тіліндегі жалпы қатысын, өзара қарым-қатысын тану-таныту арқылы функционалдық стильдердің үлкен бір түрі — көркем әдебиет тілінің сөз мәдениетін қозғайды. Әдеби тіл нормасын сақтау, тілдің тазалығы, дұрыстығы, әдемі, әсерлілігі туралы әңгіме тек ғылым үшін ғана емес, әлеуметтік те мәні зор мәселе екеніне жұртшылық назарын аудартады. Сондықтан жинақ ең алдымен қалам иелеріне, содан соң көркем туындыларды оқитын, сол арқылы ана тілінің табиғатын, тәртіп-жүйесін, заңдылық-нормаларын, әсемдік құдіретін біле түсетін қалың оқырман қауымға арналады.

М. БАЛАҚАЕВ

ӘДЕБИ ТІЛ ЖӘНЕ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ

Көркем әдебиет тілі — әдеби тілдің ең басты, тарихи жағынан оның басқа стильдік тармақтарынан бұрын пайда болған, көп салалы бөлімі. Көркем әдебиеттің әр қилы жанрларының даму, жетілу дәрежесі оның тілінің әдебиеттік дәрежесінің де қандай екенін меңзейді. Қазақ тілі мамандарының көпшілігі әдеби тілдің басталу, даму кезеңдерін өлең-жыр тарихымен, өткен ғасырлар ақындарының шығармаларымен байланыстырады, прозада айтарлықтай туындылар болмағандықтан, олар әдеби тілді поэзияның халық өміріндегі алған орнына қарай салмақтайды.

Бұл бір есептен дұрыс болғанмен, әдеби тіл тек поэзия тілі емес. Дұрысында әдеби тіл тек көркем әдебиет тілінің стилімен ғана емес, тілдің басқа да стильдік тармақтарының жиынтығы ретінде танылуы тиіс. Әрбір құбылыстың өзгелерден өзгеше бірнеше сипаты, белгілері болады. Оларға анықтама бергенде, сол сипаттардың бәрін қамтып, бір сөйлемге сыйдыру шарт емес, бірақ олардың ең басты, ең негізгілерін қамту керек. Ол үшін алдымен әдеби тілге тән оның белгілерін анықтап алайық.

Қазіргі қазақ әдеби тілі жалпы халықтың ауызекі тілінен оқшау тұрған, жасанды бір бөлек тіл емес. Бәрінің негізгі сөздік қоры, грамматикалық құрылысы бір. Солай дегеннің өзінде оның ерекшеліктерін сипаттайтын басты белгілер болу керек қой.

Әдеби тіл — алдымен жазба тіл. Әдеби тіл — сөз шеберлерінің шеберханасында шыңдалған, халық тілінің

сұрыпталған, нормаланған, байыған жоғарғы формасы. Тілдің алдымен әдебиеттік нін қандыратын талқысы да — жазба сөз. Әдеби тілдің белгілерін, егер ол халық тілі негізінде қалыптасса, ауызекі тілмен салыстыру арқылы айқындауға болады.

1. Халық тілінің негізгі сөздік қоры мен сөз байлығы, дыбыс құрылысы мен грамматикалық құрылысы ауызекі тілге де, әдеби тілге де ортақ. Бірақ ауызекі тілдің сөз байлығына негізгі сөздік қордан басқаның бәрі — диалектизм де, профессионализм де, кірме сөздер мен қарапайым дублет сөздер де кіретін болса, әдеби тілге солардың таңдамалылары енеді. Солардың халық тілінде бар дыбыстық құрамдарының ұтымдылары, мағына дәлдігі, сөздердің мағыналарының кенеюі, тарылуы, синонимдік қатар мен басқа да еркін, тұрақты тіркестердің, термин сөздердің белгілі стильдер ресурсы болып тарамдалуы әдеби тіл байлығы болу нәтижесінде ерекше күш алады.

Жазба әдебиеттің халық тілінің сөз байлығын игеру дәрежесі әдеби тілдің қалыптасу жағдайының қандай екенін көрсетеді.

2. Әдеби тіл өзіне керек сөздерді халықтың ауызекі тілінен екшеп алумен қатар, өзге тілдерден ауысқан сөздермен, әсіресе термин сөздермен толықтырады; бұрынғы сөздер және морфологиялық тұлғалар негізінде жаңа сөздер пайда болады. Егер сол процестер ауызекі не сөйлеу тілінде елеусіз болса, әдеби тілде олар ерекше күш алады. Мысалы, біріккен, кіріккен сөздердің саны бұрын ат төбеліндей аз болса, әдеби тілдің ерекше дамыған кезінде ол мүлде етек алып кетті; Октябрьден бұрынғы қазақ әдеби тіліне араб-парсы тілдерінен *кітап, қалам, мектеп, уәде, өмір, отан, мәжіліс* сияқты екі мыңдай сөз енді, қазіргі әдеби тілде орыс тілінен, орыс тілі арқылы қазақ тіліне енген 20—30 мыңдай сөз бар. Солар да әдеби тілдің сөздік қорына айналды.

Қалайда жазба әдебиеттің қоғамдық қызметінің аясы кеңі түсуі өзге халықтар тілінен өмірге керекті жаңа ұғымдарға сай жаңа, кірме сөздердің мол болуын керек етеді. Солармен әдеби тілдің сөз байлығы толығы түседі.

Әдеби тілдің тағы бір белгісі — оның сөз байлығының құрамында өзге тілден жазба әдебиет арқылы ауысқан сөздер көп болады. Олардың санының аз-көптігі әдеби тіл дәрежесінің де қандай екеніне өлшем бола алады.

3. Ауызекі тілдің грамматикалық құрылысында бел-

гілі жүйе болғанмен, олардың жетілу, тұрақтану жағдаяты халық өкілдерінің бәріне бірдей үйреншікті болмағандықтан, онда қалыпты бірізділік бола бермейді. Тілдің жүйелілік негізінде пайда болған грамматикалық нормалар ауызекі тілде белгілі бір қалыпта жұмсалмай, ауытқып отырады. Оларды баянды ететін де, тілдің грамматикалық құрылысын жетілдіріп жақсартта түсетін де — жазба әдебиет.

Сонымен, әдеби тіл — грамматикалық құрылысы тап-тұйнақтай тіл. Халық тілінің грамматикалық құрылысы жазба әдебиет арқылы неғұрлым бабына келіп жақсарса, солғұрлым әдеби тілдің жетілу дәрежесі биік болады.

4. Әдеби тілді танудың басты бір белгісі — жалпы халыққа бірдей ортақ фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, лексикалық, грамматикалық нормаларының болатындығы. Солар ауызекі және сөйлеу тілінің жүйелік заңдылығына негізделгендіктен (мысалы үндестік заңы, сөз тұлғалары мен сөйлем құрылыстарының жүйелілігі), тілдік норма жеке кісілердің субъективті көзқарасына сүйенген жасанды бола бермейді (жасандылары — орфография, пунктуация, терминология жүйелері, бірақ оларда қазақ тілінің жалпы даму заңдылығынан аулақ кеткен нормалар болмайды).

Тілдің нормалану процесі неғұрлым айқын, біршама орнықты болса, оның әдебиеттік сапасы солғұрлым берік болады.

5. Әдеби тіл тарихы қоғамдық құбылыс болатындықтан, қоғамның барлық іс-әрекетіне, әдебиеттің барлық түріне бірдей қызмет етеді. Әдеби тілдің дамуы әдеби процестің халық өміріндегі қажетіне ыңғайланып, әр кезде әр түрлі қызмет бабында жұмсала келе, оның бірнеше стильдік тармақтары пайда болады (мысалы, ертедегі ел басқарушылардың, хан жарлықтарының, кейінгі кездегі ресми іс қағаздарының — кеңсе тілінің стилі, немесе ХІХ ғасырдың екінші жартысында басталған, қазіргі газет-журнал тілінің, публицистикалық және көркем әдебиет тілінің стилі...).

Әдеби тіл пайда болмаған орайда тілдің ондай стильдік тармақтары сараланбайды. Әдеби тілдің неғұрлым стильдік тармақтары айқындалып жетілген болса, — оның солғұрлым буыны қатқан, мүмкіншілігі мол, бай әдеби тіл болғаны.

Қысқасы, әдеби тіл дегеніміз — жазба әдебиет арқылы

жалпыға бірдей ортақ нормалары қалыптасқан, стильдік тармақтары сараланған, қоғамдық қызметі әр алуан халық тілінің жоғары формасы¹.

Әдеби тілдің жоғарыда саналған белгілерінің бәрі жазба әдебиет арқылы бой түзеп, жазу, баспасөз арқылы жетіледі. Сондықтан біздегі кейбір ғалымдардың «жазуға дейінгі (дописьменный) әдеби тіл», жазба әдеби тілге дейінгі «ауызша әдеби тіл» дегендері қазақ тілін қолпаштау үшін болмаса, тілдің әдебиеттігі белгісіз, күңгірт қалпында қала береді.

«Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары» деген жинақтағы проф. А. Ысқақовтың мақаласында «ауызша әдеби тіл» дегенге көп орын беріліпті, онда әдеби тілдің тарихын қазақтың халық болып тарих майданына шығуымен бірдей деп қарайды. Ахмеди ол жинақтағы мақаласында да төл әдеби тілді екіге бөледі: ауызекі сөйлеу тілі және жазба әдеби тіл. «Қазақтың төл әдеби тілі — халықтың өзімен бірге туып, бірге жасасты...». «Төл әдеби тілдің ауызша түрінің де, жазуша түрінің де шыққан тегі, табиғаты бір...». Ол әдеби тілдің ауызша түрі «жазбаша нұсқалардан... ертерек шыққан» — дейді (32, 33-бет).

Шамасы, қазақ — шешен халық, өнер алды қызыл тіл деп қарайтын халық, сондықтан оның тілі өткір, бап, әсерлі, т. т. дейтін болу керек. Егер әдеби тілге солар тұрғысынан қарайтын болсақ, онда оны әдеби, әдеби емес деп бөлудің не керегі бар? Әлде әдеби еместі халық болудан бұрынғы қазақтар тілінен іздейміз бе? — қазақ халқының бұрынғы музыкалық өнерін, халық ойындарын жетер жеріне жеткізе айтқан кісінің аузының суы құриды, таңдай қағып, ой, тамаша-ай! деуге болады. Бірақ ол кездегі музыка симфониялық, ойын-сауық драмалық өнер емес еді ғой. Сондай-ақ қазақ тілі ұшқыр, бай, көрікті, әсерлі болуы, небір шешендердің, билердің ел арасынан, жүзден бірі болса да, көзге түсіп, сөз дариясының буы

¹ Орыс тілінің ғалымдары бұрын әдеби тілді халық тілінің жоғары формасы дейтін. Соңғы кезде оны ұлт тілінің жоғары формасы дегенді айтатын болды. Мысалы, проф. В. Иванов: «...Литературный язык — высшая форма национального языка, которая постепенно должна вытеснять все местные разновидности...» — дейді. (Наука и жизнь, 1980, № 4, с. 115). К. С. Горбачев: «Литературным языком называют исторически сложившуюся высшую (образцовую, обработанную) форму национального языка...» — дейді. (Русская речь, 1980, № 2, с. 70).

бұрқырап жатады екен. Музыкада Құрманғазы, Тәттімбеттердің... күйлері сияқты олар өз заманының белес-белес шындары екені рас. Қазақтың бұрынғы-соңғы музыкалық өнері осы күнде ұлттық өнер бола тұра, көпке сртақ интернационалды өнерге айналып отыр. Олар қазір жеке домбыра аспаптарымен ғана емес, оркестрлі, түрлі сарын-әуенді аспаптар арқылы тыңдалып жатқан жоқ па?

Ал қазақ тілінің ертедегі, халық болып құралғаннан кейінгі тілі сол кездегі халықтың тек қарым-қатынас құралы ретінде коммуникативті қызмет атқаруымен, барлық іс-әрекетімен ауыз әдебиетіне, мәдениетіне, өнеріне қызмет етті. Қазір қазақ әдеби тілінің «симфониялық оркестрі» — кең алқапты, көп тармақты, бай әдебиет пен «хор капелласы», қазақ елі күндегісін күнде құлақ түре әр орайда тыңдайтын әдеби тіл алаңы — радио, телевидение, жиналыс, съезд, конференция, аудитория, т. т.

Сөз — көркем әдебиет тілінің көріктеу құралы, көркем суреттің бояуы. Сөздің ондағы нәрі, көріктеу қызметі қаламгерлердің соларды жұмсай білу шеберлігі деңгейінде танылады.

Рабиға Сыздықова «Ашып алар жәйттер көп» деген мақаласында («Қазақ әдебиеті», № 13, 1980) кейбір ақын-жыраулардың ертеде баспа бетін көрмеген өлеңдерін жазуға дейінгі әдеби тіл болғандығын дәлелдеу үшін: «...ақын-жыраулардың әрқайсысына тән өзіндік сөз қолданыстары бар екендігі де хақ. Бұл — әдеби тілдің басты белгісінің бірі» — дейді. Бұл арада Рабиғаға қосыла алмаймыз: біріншіден, «олардың өзіндік сөз қолданыстары» қандай екені белгісіз — екіншіден, ақын-жыршылардың өзіндік сөз қолданыстарының болуы — тілдің әдеби екенінің белгісі емес, — жалпы алғанда, ақын-жазушы тілінің стильдік ерекшеліктеріне, көріктеу, көркемдеу тәсілдеріне жатады. *Бітпейді іштегі ғашықтық жарасы. Қараңғы түнде тау қалғып, Ұйқыға кетер балбырап* (Абай). *Жанымның жарық жұлдызы* (Қ. Аманжолов) дегендер — ерекше сөз қолданыстар. Мұндайлар — жазба әдебиеттің ғана көркем сөз үлгілері. Жазба әдебиетке дейін де солардай болмағанмен, соларға жақын метафоралық сөз тіркестері болуы мүмкін, бірақ олар ол кезде халық әдебиеті үлгілерінің аясында жұмсалатын. Сондайлар қазір де ақын-жазушылар тілінің нәрлілігін көрсетеді.

Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен гүрілдеп...

Жазға жақсы киінер қыз-келіншек,
Жер жүзіне өң берер гүл-бәйшешек...
(Абай)

Сөзбен салынған сурет деп осындайды айтамыз. Ол тек дарынды, сезімтал, суреткер ақын-жазушылар тіліне тән. Ондай ғана емес, ақын-жазушының басқа да сөз жұмсау даралықтары тіл шеберлігімен үйлесіп жатса, әдеби тілге, ауызекі сөйлеу тіліне тән сөз байлықтарын орынды қолданса, солардың нәтижесінде, қаламгердің тіл жұмсауда өзіндік шеберліктері байқалып жатса, әрине, олардың сөз зергері болғандығы. Ақын-жыраулардың сөз қолданыс ерекшеліктері тілдің әдебиеттілігінің белгісі болуы екіталай. Себебі тек өлең, жыр тілдері ғана «әдеби тіл» деген кең ұғымды қамти алмайды, болса, — оның бір шет пұшпағы. Әдеби тілдің басқа да стильдік тармақтарына ол критерий жуыспайды. Әсіресе әдеби тілдің «басты белгісі» деп танылатын жайттар тек өлеңнің, не прозаның, не публицистикалық, не ғылыми... әдебиет тілінің ғана белгілері болуы жеткіліксіз, олардың бәріне бірдей ортақ, кең алқапты болуға тиіс.

Жазушы, ақынның сөз қолданыс ерекшеліктері олардың өзіндік стильдерін қалыптастырады. Мысалы, Б. Майлиннің синтаксисінде тұжырымдап тақ-тұқ құрастырған сөйлемдер арасында көріктеу, көркемдеу тәсілдері, әсіресе метафоралық тіркестер қолданылады. М. Әуезовтің синтаксисінде ой қазбаланып жан-жақты қамтылу көзделетіндіктен, сөйлемдері күрделенген, зілді келеді, мақал, мәтел, теңеу, метафора сияқты көріктеу амалдарының қатарында бірыңғай мәндес сөздерді ұластырып жұмсау жиі кездеседі. Мысалы: Қораның ішінде Құнанбайды қоршаған кәрі-жас Ырғызбайлардың киім сәні бөлек-ті және қаладағы саудагер, имам, қалпелердің сәлделі, шапанды, құндыз бөрікті, байлық, барлық көріністері де басқа... Ол екеуі қажып-талған түрлерімен, ашан, жүдеу жүздерімен өзгеше сұп-сұр, көнетоз, жыртық киімдерімен, ерекше бір азап дүниесінен келгендей («Абай», 2, 11). Сөз өнеріне ұқыпты қарайтын Ғ. Мүсіреповтің синтаксисінде шашау шыққан сөздер болмайды, бәрі логикалық байланыста, әрқайсысы өз орнында тұрады. Сөйте тұрып ол өзіне тән езу тарттырғандай «же-

ніл» әзіл-оспақтарды жиі қолданады. Мысалы: «Ұлпанда» «Бір топ саудагерім бар» деудің орнына «бір үйір саудагерім бар» дейді. Сол кітаптың («Ұлпан», Алматы, 1978) 38, 39-беттерінде Артықбай кедей қонақтарына бие сауып қымыз бере алмайтын болған соң, самаурынды «пысылдақ сары», «сары бие» деп атайды:

— Жарықтық, ертелі-кеш ииді де тұрады, қа-те-н! Сары биені жебей сауғайсың!

Жазушы осылай, оғаштау айтылған сөздерге белгілі мән береді. Қазақ сүйгенін шұнағым дейді ғой, сол әдетке лайық Артықбай батыр Сәдір батырды бар бейіл-ықыласымен қуана қарсы алып отырып:

— Батырым-ай, оқ өтпесім-ай, найзагерім-ай, сені де көретін күн бар екен-ау! Сен, ит он бес жыл бойы ат ізін бір салмай кеттің? Тағы бірде: — Ит-ау, қайда жүрдің, қайда жоғалып кеттің? — дейді.

Біреулер «қылышынан қан тамған кез» дейтінді Ғабит «қамшысынан қан сорғалаған кез» деп күшейтеді, Тұрлыбекті «Есенедей ұрт мінез, өр көкірек емес, заң шеңберінен шықпайтын, жегін аттай жортақы адам еді» (29-бет) дейді. Осындайлар да жазушының өзіндік сөз қолданысы болып көрінеді.

Тілді көп біліп, көп жазатын жазушыларымыздың бірі — Тәкен Әлімқұлов, бірі — Дүкенбай Досжанов. Олар қазақша жатық, көркем тілде жазу үстінде қазақ тілін байыта түсу мақсатымен көпшілікке түсініксіз жергілікті диалектизм, жасанды сөздерді қолдануға әуес, бұл да жазушының өзіндік ерекшеліктерінің бірі болса керек. Олары қаншалықты мақсатқа лайық, орынды-орынсыз екені — басқа мәселе. Қалайда солар жазушының сөз қолдану ерекшелігіне жатады.

Сөз — ой өрнегінің мағыналы бөлшектері. Сондықтан қарапайым ой қаңқасы да, айқын ойдың көріктеу бояуы да сөздер дәлдігімен өлшенеді. Бұлдыр ойдың сөздері күңгірт, алыстағы сағым сияқты бұлыңғыр болады. Сөз дәлдігі — ой дәлдігі.

Көркем әдебиет стилінің тармақтылығы (многоплановость) тек сөз мағыналарының құбылмалылығын көрсетпейді, сонымен қатар көріктеу амалдары мен арнаулы стильдік қорларының әр алуан болуын керек етеді. Соның өзінде оның әрбір сөйлемі, сөз тіркестері, сөздері бүтіннің бөлшегі ретінде, ұзыннан-ұзақ тартылған желінің бір арқауы сияқты танылса керек. Сондай қоршауда кейбір

тіл жасандылығы жарасымды болып та шығады. Мысалы, әдетте «белбеулеу» деп айтпаймыз. Ал Ғабиттің мына сөйлемінде үйреншікті сөз сияқты:

Батыс жақта жанған соғыс өрті тұтасып, қып-қызыл күрдененіп, түнгі аспанды едәуір *белбеулеп* кетіпті.

Т. Әлімқұловтың «орыс тілі — *қарындасшыл, қабылдампаз* тіл» деген сөйлеміндегі айырып көрсетілген сөздердің екеуі де жасанды, бірақ орынды. Кейбір жазушылар шығармаларында кездесетін *диқан* сөзінен *диқаншы, ұры* дегеннен *ұрлықшы, екі қабат* дегеннен *екі қабатты* (ақ үй), *ұғымды*-дан *ұғыныңқы, білгені* дегеннен *білдігі* деп өзгеше жұмсауда ешқандай мән жоқ.

Егер жазушы әдеби тіл мен ауызша сөйлеу тілінің қарым-қатынасын, ерекшеліктерін дұрыс танымай, халық тіліне барды дұрыс таңдап, талғап қолданбаса, көркем әдебиет шеберханасында шындалмаса, олар әр уақытта беттеріне күйік болып басыла береді.

Сөздің «киелі» күші поэзияда көбірек кездеседі. Оның сөзі салмақты, әрі әсерлі болмаса, поэзия бола ма? Фариза Оңғарсынова «Торғайдың торғын түндері» деген өлеңінде дарқан даланың құшағында жыр мен әнді ерлік еңбектің үні сияқты етіп суреттейді; онда «жалын жыр», «нөсерлі жыр», «жыр нөсері» деген тіркестер соның іргетасы сияқты:

Күндер зулап дүниеден жыл көшеді,
Жыл көшеді — сәбиден тұлға өседі.
Бір ақиқат — сен барда, дарқан дала,
Жоғалмайды қазақтың жыр нөсері!..

Ән қандай, ән болмысты қыздар қандай —
Тоң жібіп, әуенінен мұз жапғандай!
Сырлы сөз Сарыарқадан ескен сайын,
Барады көңілдерде ызғар қалмай.

Сыры бар бұл әуенде жүректердің,
Мұңы бар шынжыр заман — түнектердің.
Емдей түс жүрегімді ән нәрімен
Ой қазып ортаңа мен жүдеп келдім.

О бастан ән өрбіткен нұр босаға
Әлі де өнерлімен сырласа ма?
Бас иер ұрпағына ән тәңірі
Ақынның өзі келіп тындаса да!

Бұл жолдарды оқығанда, жыр, ән-күй — қазақтың қуанышын да, бұрын-сонды мұң-зарын да, қайғы-қасіре-

тін де құндақтап әдилейтін бесігі сияқты ғой деген әсер аламын.

Ақын — сезімтал, көреген сөз зергері. «Талапты ерге нұр жауар» деп қолына ақын қаламын алған адамның ақыл-ойын билейтін «талант» деген құдіретті күші болуға тиіс. Ондай ақынның «қиыннан қиыстырған» өлең жолдарында сол зергерлік өнері, құдіретті күші анық байқалып тұрады. Жазғандарында олар байқалмайтын ақын — ақын емес.

Көркем әдебиет стиліне тән сөз қорлары (ресурстары) поэзияға да ортақ. Солай бола тұра, поэзия тілінде жиі қолданылатын «сырты сұлу, іші алтын» сөздер болады. Оларды поэтикалық сөздер деп айырамыз. Олар әдеби тілдің сөздік қорынан окшау тұрған «сиқырлы» сөздер емес, — кісінің көңіл күйін, сана-сезімін білдіретін, эмоциялық-экспрессивті күші бар, көріктеу, көркемдеуге негізгі арқау болатын мына тәрізді сөздер: *жан, жүрек, стан, жалын, толқын, күш, қайрат, білек, наз, қылық, көрік, көркем, әсем, сұлу, нөсер, тасқын, күн, ай, жұлдыз, дарқан, маржан, алтын.*

Осындай сөздерден *жанымның жарық жұлдызы, жүрек оты, отанымның жүрегі, жалынды жыр, жыр нөсері, нөсерлі жыр, толқында туғандар, дарқан дала, қуаныш құсы, ақ маржан, ақ алтын* сияқты кестелі тіркестер жасалады, жансызға жан бітіреді, ел-жұрт төбесін көкке көтереді, еңбек ерін, отан ардагерлерін, еліміздің табысын, социалистік құрылыстың даңқты өндіріс орындарын қолпаштайды....

Солардың бәрінде жоғарғыдай поэтикалық тіркестер, теңеу, әсірелеу, метафора, синекдоха сияқты көріктеу тәсілдерін, мақал-мәтелді, фразалық тұрақты тіркестерді орынды қолдана білгеннен ақын-жазушының туындылары жанға қуат, өмірге азық бола алады. Кейде солардың бірі жоқ жайдақ ұйқастардан құралған өлеңдер де кездеседі.

Абайдың, оның ізімен әдебиетші-сыншылардың айтуына қарағанда, өлеңді ақыл-оймен ғана емес, «жүрекпен ойлап» ұғынуға тиіс. Өйткені «ақын эмоциясы сөздің бетінде емес, ішкі астарында, тереңде жатады». Темірхан Медетбековтің бұл ойы Абайдың:

Ақылмен ойлап білген сөз
Бойыңа жұқпас, сырғанар.

Ынталы жүрек сезген сөз
Бар тамырды қуалар, —

деген тұжырымына негізделген сияқты. Расында көркем ойлы, кісіні ойландыратын өлеңді де сылдыратып оқып, «сырғанап» өте шығатын да, ойланып-толғанып қабылдайтын да «ынталы жүрек» иелері болады. Соңғылар қатарындағылар өлеңді әрі оқып, бері оқып, соның «ішкі астарынан» да, баяндау мәнерімен жазылған қарапайым сөздерден құралған, кісіні көп әурелемейтін «жуас ойлы» өлеңдерден де іздейтіні болуға тиіс қой. Ол өлең жолдарының сауаттылығы мен тіл мәдениеті болуға тиіс. Осылар жайындағы қате-кемшіліктері бастан асып жатқан өлеңдерде анау айтқан «ынталы жүрек сезетіндей сөз» болады дегенге сену қиын. Өйткені ой айқындығы тіл дәлдігімен, соңғы — шығарманың көркемдік сапалылығымен байланысты.

Т. Медетбеков «Мақсат — ой айту ма, ойландыру ма?» деген мақаласында (ҚӘ. 4/XII-81) Ш. Сариевтің «Мұз айдыны» деген өлеңін дұрыс сынаған. Өлеңнің мына жерін қайта оқиық:

Аяғыма — бойдақтық
Байлап алып конькимен,
Қуып едім бес қызды,
Басып озып тоқтамай,
Тепкесін бе кеш мұзды
Жеткізер қыз жоқ қалай?!

Осында мағыналық, грамматикалық үйлесімі бар сөздер бар ма? Аяғыма *бойдақтық байлап алып...* Мұны қалай түсінеміз? Бойдақтықты аяғына байлап алған ба? Әлде бойдақтық конькиді аяғына байлап берген бе? Байлап алып конькимен емес, байлап алып конькиді болу керек емес пе? «Басып озғаннан» кейін тоқтамай деген сөз артық емес пе? «Тепкесін бе кеш мұздының» дұрысы — Тепкеннен соң — тепкесін кеш конькиді (мұзды теппейді, конькиді тебеді, конькимен сырғанайды емес пе?). Жол аяғындағы «*қалай?*» сөзі не бітіріп тұр?

Әдеби тілдің мәдениеті тұрғысынан қарағанда, поэзия тіліне кейбір еркіндік беріледі. Өлең жолдарында сөздердің орналасу тәртібі, сөздердің поэтикалық үйлесімі, өлең жолдарының буын саны, ұйқасы, тағы басқа ерекшеліктері жалпыға ортақ тілдік нормаларды сақтамауға мәжбүр етеді. Мысалы, буын санының ыңғайына

қарап едімді — қарап ем, келемінді — келем, болып — боп, жеткеннен соң — жеткесін, алады — алад қалпында қысқартып жұмсау ауызекі тілде бар құбылыс болғандықтан, поэзияда олар ақынның керегіне жұмсалса, пәлендей оғаштығы жоқ, кешірімді кінә деп қараймыз. Ал ақын сөзді өз орнында қолданбаса, оларды дұрыс тіркестірмесе, лексика-грамматикалық заңдылықты, басқа да тілдік нормаларды сақтамаса, әрине, ондайларға алдымен біздер, тіл мамандары, немқұрайды қарай алмаймыз.

Жазушының қарамағында мен мұндалап алуан түрлі сөз тұрады. Соларды керегіне жарату үшін ол айтылатын ойдың құр сүлдесін ғана емес, ой тереңдігін, сурет нақыштарын дұрыс, дәл бере алатындарын таңдайды. Көп сөздердің тура мағыналарынан басқа біреу біліп, біреу біле бермейтін келтірінді, астарлы, ауыспалы, жанама, жасанды... мағыналары болады, кейде оларды жазушының өзі сомдайды. Егер солар тілде бар қалып бойынша сомдалған сөз қолданыстары болса, оның ешқандай жасандылығы білінбейді.

Мысалы, сөз мағынасын басқа сөзге теліп, затты өз атымен атамай, басқа сөзбен атауды перифраза (ауыспалы сөз) дейміз. Мысалы, «туды» дегенді *босанды, нәрестелі болды* дейміз. Малды — *төрт түлік*, сиырды — *ойсыл қара, қара мал*, қой-ешкіні — *аша тұяқ*, шошқаны — *талпақ танау, қасқырды* — *бөрі, ұлыма* деп те атаймыз.

Осылардай ауыспалы сөздердің жағымды, жағымсыз мәнді болуына қарай, тілде олар өмірде барды эмоциялық-экспрессивті орайда, эстетикалық талғам тұрғысынан хабарласу үшін жұмсалады. Мысалы: мақтаны — *ақ алтын*, мұнайды — *қара алтын*, түйені — *дала кемесі*, бай-манаптарды — *жуан жұдырықтар*, әйелді — *шүйке бас* деп, жаман адамдарды — *ой, шайтан, бәдік, доңыз, сұр жылан, сұмырай, ақымақ, жыртқыш, албасты...* деп атау ауызекі тілде де, әдеби тілде де жиі қолданылады.

Әсіресе көркем әдебиетте кісінің атын атаудың орнына оның мінез-құлқын, жексұрындығын білдіру үшін *кебіс ауыз, мысық мұрт, таз, түлкі* сияқты сөздерді қолданса, ұнамды персонаждарды кейде *ит, қасқыр, бура, арғымақ* сияқты сөздер арқылы беріледі.

М. Әуезов «Қорғансыздың күнінде» *тағдыр дауылы* сөз тіркесін *бақытсыздық* сөзінің орнына қолданған: Бұ-

лардың басынан тағдыр дауылы жаңа ғана соғып өткен. Қораның алдындағы жас бейіттер сол дауылдың салдарынан туған (Қараш-Қараш, 127-бет).

Көркем әдебиет тілі әдеби тілдің елеулі, ең басты стильдік тармағына жатады. Оның әдеби тілдің басқа түрлерінен айырмашылығы эмоциялы-экспрессивті әсерлілік қызметіне лайық халық тілінің байлықтарын сөз шеберлерінің талғам елегінен өткізеді. Тілге бай, сөзге шешен ақын-жазушылардың шығармалары сондай әдеби тілдің төрінен орын алады. Әдеби тілдің, сөйлеу тілінің стильдік тарамдарының өзара қарым-қатынастарының көбірек бой көрсетіп шоғырланатын жерлері де — көркем әдебиет. Солай болатындықтан әдеби нормалардан жөнді-жөңсіз ауытқулар көркем әдебиетте, әсіресе поэзияда жиі ұшырайды. Өлең жолдарының поэтикалық сөз құрамы, ұйқас, ырғақ, әуені, сазына... лайық әдеби нормалардан ауытқулар кешірімді болатындықтан, оның тілі бұл жағынан әр уақытта өнегелі үлгі бола бермейді. Сол тұрғыдан Бейімбет Майлиннің «Шал мен қыз» деген өлеңінің мына жолдарына көз жіберейікші:

Сықақ қып мені ешкім көрген жоқ,
Намысты қолымнан бергем жоқ.
Мал бергем, құшақтап жатамын,
Ұрысып кетуге келгем жоқ.
(Толық жин, 58-бет)

Осындағы «сықақ қып» (сықақ қылып), «бергем жоқ» (берген жоқпын), «мал бергем» (мал бергенмін), «келгем жоқ» (келген жоқпын) дегендер қарапайым шалдың сөзі болғандықтан, әдеби тіл үлгісінен алшақ айтылуы автор үшін — тілдік образ, бірақ соны Бейімбет жазды екен деп, әдеби тілдің мысалы дей алмаймыз.

Әрине, «өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы» болу үшін ол үлкен ақындық шабытпен жазылған, әрі мазмұнды, әрі тілі көркем, сөздері әбден сараланып, таңдап, талғап қолданылған болуға тиіс.

Поэзия тілінің ғана емес, жалпы көркем әдебиет тілінің көркемділігі әдебиеттің іргетасы мықтап қаланып жетілген сайын арта түсіп отыруы мүмкін. Бірақ ол (көркемділігі) — жалпы әдеби тілге тән тілдің әдебиеттілігінің белгісі емес, әдебиеттің көркем әдебиет екенінің белгісі. Тек соған тән. Ал әдеби тіл дегеннің құрамы-

на кеңсе-іс қағаздарының тілі, публицистикалық әдебиеттер тілі, ғылыми (педагогикалық, техникалық әдебиеттер тілдері) стильдік тармақтары енеді. Кейбір ғалымдардың, мысалы, академик В. В. Виноградовтың айтуына қарағанда, соңғылар ғана әдеби тіл дегенді құрайды да, поэзия, проза тілдері әдеби тіл емес, көркем әдебиет тілі («Язык художественной литературы») деп танылады.

Біздіңше, көркем әдебиет тілі — әдеби тілдің қомақты бір саласы. Бірақ соған ғана тән ерекше қасиеттерді (жанр, ақын-жазушылардың сөз қолданыс ерекшеліктері, көркемділігі, т. т.) жалпы әдеби тілдің белгілері деп қарауға болмайды.

Әдебиет тілінің бәрі әдеби тіл емес. Тек жазба әдебиет тілін ғана әдеби тіл деп тануға тиіспіз. Жазу — тілдің әдеби болып оқшаулануының шартты белгісі ғана емес, сонымен қатар, әдеби тілге тән қасиеттерді тудыруға, соларды баянды етуге керекті мықты тірек. Әдеби тіл, бір есептен, жалпыға бірдей қызмет ететін ресми тіл. Бірақ тілдің жалпыға бірдей ортақтылығы — оның қоғамдық қызметінде, сол қызметтегі тілдік құрылыстың, оның байлықтарының әдеби тілге тәндігінде.

Әдеби тілге тәнділікті тілдік норма — бірізділік тудырады. Әдеби тілде бірізділік болмаса, мысалы, жазуда, терминдерді, басқа да сөздіктерді, грамматикалық тұлғаларды... жұмсауда, әркім өз бетінше орақ оратын болса, тіл мәдениетінің берекесі қашып, ұсқынсыз тіл болар еді. Тілдің ішкі заңдары негізінде, әдеби тілдің ілгері даму бағытына үйлесімді орныққан тілдік құбылыстарды тілдік норма дейтін болсақ, тіл жұмсаушылар олармен есептесуге тиіс.

Тілдік норма қай уақытта таңдамалы, орнықты, әрі баянды болады? Олар тек жазу арқылы тілдің жалпы байлықтарын қайта-қайта, бірнеше жылдар бойы таңдап, талғап жұмсау процесінде баянды болады. Жазу болмаса норма тұрақты болмайды, біршама тұрақты нормасы болмаса, норма солғын болса, тілдің әдебиеттік тірегі берік болмайды.

Тілдің стильдік тармақтары жазба әдебиет арқылы сараланады және жазба әдебиет тілінің қоғамдық қызметі әр алуан болады. Сондықтан жазу пайда болғанға дейінгі (дописьменный) әдеби тіл деп, не ешқандай әдебиетсіз-ақ «ауызша» ауыз әдебиетінің тілі пайда болады

деген пікір біздіңше дәлелсіз, ұшқары пікір. Сондықтан оның талас тудырып жүргені орынды.

Осыларды түсіну үшін халық тілінің қандай ерекшеліктері әдеби тіл нормасынан тыс тұрады?— деген сұрақ туады. Олар: диалектизмдер, профессионализмдер, жаргондар, былапыт сөздер мен ескірген архаизмдер, қара дүрсін жасанды сөздер (просторечье), жарыспалы сөздердің әдеби тілге тән емес варианттары, қазақ тілінде бар сөздің орнына қалай болса солай айтыла салынатын және өзге тілдерден орынсыз қолданылған сөздер, т. т.

Әбден айтыла-айтыла үйреншікті болған сөздер қауызынан ажыратылмаған тарыдай, табиғи қалпында өздеріне тән жылтырымен тілдің кен байлығы болып өмір алаңында жұмсала береді. Ал олар көркем әдебиетте, әсіресе поэзияда жарқылдап, сана-сезімге жарығын шашып, өзара сыбдыр қағып, сыбырласа жөнеледі, жұпар исі аңқып, гүл-гүл жайнайды. Оны көркем сөз шеберлерінің жазғандарынан бастаймыз. Соларға қарап сөздің бүкпелі жасырын сыры әр уақытта солай ашылып жатса екен деп үміттенесің.

Қаламының ебі бар, ысылған жазушылардың тәжірибесіне қарағанда, олар сөйлеу тілімен әдеби тілдің бірлік тұтастығын сақтап, жатық тілмен жазады. Жібектей ескен ондай жазуды оқушы сыдыртып оқып кетіп бара жатқанда, жайшылықта айтыла бермейтін көріктеу тәсілдеріне кездеседі. Егер олар «жүні жатық» сөздер жаннаты болса, құба-құп. Ондайлар шығарманың көркемдік нәрі болып есептелетіндіктен, оқушыға әсері де күшті болмақ.

Б. Майлиннің жазғандарын оқығанда, біріне-бірі кептелген сөздер емес, ұласа ұштасқан қарапайым тіркестер мен сөйлемдердің ара-арасында мақал-мәтелдер, идиома, фраза, теңеу, әсірелеулермен қатар, мынадай метафоралық тіркестер және сөз шумақтары кездеседі:

1. *Қара дауыл, бақытсыз қол, тәтті үміт, ызғарлы ашу, уытты кек, өлім тырнағында* (260, 335, 474-бет).

2. *Дөңес жерлер қарауытып, қабағын жауып түнеріп тұр* (346-бет). *Бақыт жұлдызым күле қарады* (364-бет).

3. Жүрегінің әлдеқайдағы түкпірінде жасырынып жатқан ескі сырлар біртіндеп бас көтеріп «мен ше, мен ше» деп көз алдында елестеп келген секілді болды (347-бет).

Ешбір жазушы барлық шығарма тілін осындай тір-

кес, осындай сөйлемдерден құрастырмайды. Егер ол ойын тек солай құрастырған болса, бояуы баттиған дәрежі тілді шығарма жазған болар еді. Ал ондайы жоқ шығарма «соры қайнаған» ұсқынсыз шығарма болмақ.

Көркем суреттің бояуы болатын анықтаманың бірі — эпитет. Ақын-жазушының бәрі оны пайдаланады. Бірін оны құрастыруға олақ, бірін шебер деп тану ақын-жазушының стильдік ерекшелігіне ғана емес, дүниетаным, ой өрісінің қалай екендігіне де баға беру болмақ. Бұған да Б. Майлиннен бірнеше мысал келтірейік:

Өмірдің бүркеулі шымылдығы: Тап осы сөз еткен өмірдің бүркеулі шымылдығын серпіп ашқандай болды (683-бет). *Сүйкімді ән:* Әлдеқайдан әйелдердің қосылып салған сүйкімді әні естіледі (682-бет). *Үкібас шөптер:* Үкібас шөптер теңселіп, тәжім қылғандай болды (683-бет). *Қанталаған көз:* Бір кезде қанталаған көзін Жәукеге қадады (688-бет).

Бұл сөйлемдердің шебер құрастырылғандығы, тартымдылығы тек эпитеттердің ғана дұрыс қалануында емес, солармен қатар басқа тіркестер де жанды толғау тәрізді: ... шымылдығын серпіп тастағандай, ... шөптер теңселіп, тәжім қылғандай, ... көзін Жәукеге қадады. Бәрі де үйлесімді, ұнамды.

Жансызға жан бітіріп, поэтикалық тіркес құрап жаза білу ақын-жазушының эстетикалық талғамына, көркем сөз шебері аталуына мықты дәлел бола алады.

(Оның) әні ... жүрегін қытықтағандай болды (*Майлин, 347-б*). Таңғы самал жел бетті сүйіп, денені жайландырағандай (*Сонда, 696*).

Осылардай көркем әдебиетке тән көріктеу тәсілдерін басқалар қалай пайдаланады?

Көркем сөз, бір есептен, «сиқырлы» сөз. Ол керегінде жоқты бар, барды қолақпандай етіп те көрсете алады. Бір затқа тән қасиетті, болмысты басқа затқа тән етіп, жансызды жандандырады, жандыны биік шыңға да көтереді. Мысалы:

Асау Терек долданып, буырқанып,
Тауды бұзып, жол салған тасты жарып
(Абай)

Жүрегінің әлдеқайдағы түкпірінде жасырынып жатқан ескі сырлар біртіндеп бас көтерді... (*Б. Майлин, 347*).

Әдетте *асау ат...* деу біте қайнасқан үйреншікті сөз-

дер тіркесі болса, мысалдағы *асау* сөзін *Терек* өзенінің сапасы етіп айту арқылы ақын долданып, ышқынып, тулап аққан өзенге жан бітіргендей көз алдына елестетеді. Екінші мысалда жазушы ескі сырды жүректің түкпірінде жасырынып жатқан деп, ол біртіндеп бас көтерді деп, «өтірікті» шындай қылып суреттейді. Соның қарапайым мәні мынау: Ешкімге айтылмаған сырлар айтылды. Осыны жазушы осылай етіп жазса, онда ол әсерлі бола ма? Жай хабар болмай ма?

Әлгіндей, дарынды ақын-жазушылардың шеберханасында сомдалатын жолдар кез келген жазушының қаламына іліне бермейді. Бірақ өзін ақынмын, жазушымын деп есептейтін адам солардай көркем сурет нақыштарын қалай құрастыру керек екенін білу керек. Ол аз. Оған талантты суретші болу керек. Әңгіме «жаралы жүрек», «жүрек оты», «жүректің түкпірі», «бақыт жұлдызы» сияқтыларды орынды-орынсыз қайталай беруде емес, ондай үлгілермен пішілген жаңа тіркес, жаңа сөз бояуларын әрбір жаңа туындылар желісіне арқау ете білуде. Сол тұрғыдан пәлендей роман авторының қандай көріктеу табысы бар деп те қарайтын уақыт жетті.

Әдебиет сыншылары шығарманың көркемдік сапасын оның тек тіл байлығы деңгейінде таниды, автор тілге бай, тілі жатық, түсінікті, тартымды... дегендей баға береді де, несімен тартымды, сөз жұмсау жаңалықтары неде? ...сияқтыларға жауап бермейді. Соңғы кезде жас жазушылардың шығармаларына, жеке кітаптарға сын, рецензия жиі жазылып жүр. Көптеген жақсы пікірлердің тілге қатыстысы жоқтың қасы болса, әңгіме жеке сөздер маңында болады. Серік Қирабаев жазушы М. Ысқақбаевтың кітабының тілі туралы мынадай пікірін айтады:

«Марал шығармаларының тілі жатық, бейнелі. Жазушы тіл образдарын не жайдақтамай, не үсті-үстіне үстемелемей, жинақы пайдаланады. Оның суреттері де, баяндау мәнері де көңілге қонымды. Өзіндік үні бар. Кейіпкер тілін даралау мен оны характер үйлесіміне ыңғайластыра беруде де автордың жап-жақсы ізденісі танылады» («ҚӘ», 19 XII. 80). Осында көп нәрсе айтылған. Шіркін, сол пікірлері өзгелерге үлгі, сабақ болатындай орайда айтылса, қандай жақсы болар еді. Жазушы тілін осылай тұжырымдау да, аз да болса дәлелмен айтылған мынадай қорытынды да қазір тақиямызға тарлық қылмас; Мәжит Күдерин К. Жүнісованың «От

пен гүл» повесінің тілі туралы былай дейді: «Жазушы тілі тартымды. Мәселен, сіңлісінің қасына көшіп баруға асыққан кемпірі Қайшаға Қамза қарт: «Қутыңдауын, жабағы жүні көтеріліп...» (116-бет) — дейді. Бұл — қой түлігінің көктемде көкке тойып, жабағы жүні көтеріліп, түлеуге бет алған сәтін адамның көңіл күйімен байланыстыру, әрі кейіпкер психологиясын ишаралап, образды түрде бейнелеу. Автор енді бірде: «...жұмыр жер дөңгелей келіп, машинаның доңғалағына оралған шайы орамалдай», — деп зулап бара жатқан машина үстіндегі адамның көңіл-күйіне орайластыра суреттейді (Сонда).

Әрине, бұл аз, бірақ жақсы мысал. Осындай мысалдарға құрылған, көркем әдебиеттің көріктеу тәсілдерін жан-жақты қамтитын мақала, кітаптар неге жазылмайды екен деген ой келеді.

Кейбір жазушы шығармаларының көркемдік сапасы төмен болуы онша кінә емес сияқты ғой. Ал қазақ сөздері мен сөз тізбектерін дұрыс қолданбау жазушы үшін кешірімді бола қояр ма екен? Мысалы, Қәрібай Ахметбеков «Аққалада» «дінкесін құртты» деген тұрақты тіркесті «дінкесін тауысты» деп жазады. Немесе, «Сәлиманың күйеуге кеткеніне бір айдың жүзі болған екен» — деп жазыпты. Сәлима күйеуге кеткен демей, күйеуге тиді, тұрмысқа шықты... сияқтылардың бірі жазушының қаламына ілінбегені ме?

Кейбір тіл біледі деген жазушының шығармаларынан жаңылыс қолданған, бұзып айтылған сөздер көп кездеседі; мысалы, «Жүзікті шынтағына тақты» (шынашағына... болу керек қой), «күйеуінің... мінезіне сүйінеді» (сүйсінеді емес пе?), «айқарып ұстады» (айқастырып емес пе?). Ал рұқсат — «лұқсат», «ұлықсат», төмпешіктер — «төмпелер», ұқсап — «құсап», кейбіреуі — «кейсісі» (...*Кейсісінің* қолында жуан таяк..., *кейсісінің* жуан мұрты салбыраған. І. Есенберлин, «Көшпенділер», 319-бет), тізе — «дізе», киіз — «кигіз» (үй) сияқты әдеби тілге тән емес сөздерді авторлық монологта қолдану жұртқа тіл білдіру емес, тіл бұлдіруге шарпуын тигізеді. Олай дейтін себебіміз, жұрт әдеби тілдің жақсы үлгілерін әдебиеттен, әсіресе көркем әдебиеттен үйренеді, екінші жағынан олар жазушы тіліне сыншы да. Осындай қыспақта жазушының бар сенгені шығарманың тілі болатын болса, оған немқұрайды қарау — оның қаламгерлік борышын жақсы өтемегендігі,

Бұл айтылғандарға тырнақ астынан кір іздеу деп қарамау керек. Әңгіме әдеби тілде барды, халық тіліндегіні таңдап, талғап қолдана отырып, әр жазушы өз тарапынан мақсатты ойына, көркемдік талантына сәйкес сөз бояуын, көркемдеу, көріктеу тәсілдерін шеберлерше пайдалану керектігі жайында болып отыр.

Біздің біртұтас республикамыздың біртұтас әдеби тілі бар. Ол айшықты, әрі бай тіл. Құлашты кең сілтейтін ақын-жазушы да, газет-журнал, оқу-ағарту, мәдениет қызметкерлері де — барлық сауатты қазақ азаматтары сол ортақ әдеби талаптарға сай жазуды азаматтық, мәдениеттілік борышым деп есептеуге тиіс.

Р. СЫЗДЫҚОВА

СӨЗ ҚОЛДАНЫС ЖӘНЕ ӘДЕБИ НОРМА

Көркем әдебиет тілінің өзге функционалдық стильдерден айырмашылығы — онда стильдік тұйықтық жоқ, яғни көркем шығарма тексінде барлық стильдердің де, ауызекі сөйлеу тілінің де элементтері орын ала алады. Және бұл — тілдің барлық қаттауында (ярусында) көрінеді. Соның ішінде лексика саласы бөліп алып әңгіме етер біраз мәселелерді қамтиды.

Қазіргі поэтикалық тіл теориясындағы пікірлерге қарағанда, көркем әдебиетте сөз, бір жағынан, жалпы ұлттық тілдегі мағынасымен дәл түсіп, сол мағынада қолданылып, халықтың дүние тану тәжірибесіне сүйенсе, екінші жағынан, көркем дүние жасау қызметін атқарып, жазушының шеберлігіне қатысты болады. Сондықтан көркем әдебиеттегі сөз екі түрлі жүйеде көрінеді¹. Соған орай көркем шығарманың лексикасын тіл мәдениеті тұрғысынан әңгімелеуде де, біздіңше, екі ұдай мәселе туады: бірі — сөзді жалпы дұрыс қолдану проблемасы, екіншісі — әсем қолдану жайы. Алдыңғысында сөздің нейтралдық қызметін, соңғыда көркемдік қызметін нысанаға аламыз. Ал көркем әдебиеттегі немесе белгілі бір шығармадағы сөздің стильдік қызметін жалпы талдап-тану — ғылымның стилистика саласының міндеті.

Әрине, жазушының сөз қолданысы дегеніміз оның өз қолтаңбасы, шеберлік мәнері, стильдік техникасы, әдеби дәстүрді игеруі, көркемдеудің жаңа құралдарын жасауы

¹ Виноградов В. В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. М., 1963, с. 125.

деген мәселелерді қамтиды. Қалам иесі сөзді белгілі бір мақсатпен таңдағанда, оған стильдік жүк артады. Ал ешбір көркемдік мақсат көздемей, сөзді өзінің номинативтік мәнінде бояусыз жұмсағанның өзінде, әңгіме көп сәттерде қаламгер мәнері дегенге сайып жатады. Сондықтан көркем әдебиеттегі сөз қолданыс мәдениеті және стилистика дегендер түтіндері қосылмас алшақ қонған ауылдар болып табылмайды. Дегенмен жазушының сөз қолданысын жалаң стилистика тұрғысынан емес, әдеби норма тұрғысынан да қарастыру — бүгінгі тіл білімінің өз алдына отау тіккен сөз мәдениеті деп аталатын саласына қатысты үлкен проблема. Бұл проблеманың мәні әсіресе лексикалық нормалануы әлі де жүріп жатқан қазақ әдеби тілі сияқты тілдерде өте-мөте зор.

Тіл (сөз) мәдениетінің негізгі қарастыратыны — әдеби норма, нормалану процесі. Ал әдеби нормаға қатысты ең үлкен мәселелердің бірі — тіл элементтерінің өз орнында (өз қызметінде) дұрыс жұмсалуды жайында болса, екіншісі — дублеттілік, варианттылық туралы. Бұл екеуі жалпы тіл мәдениеті проблемасының ең маңызды жақтары, өзегі деуге болады².

Қазақ көркем әдебиетіндегі сөз қолданысты осы тұрғыдан қарастырсақ, біздіңше, бүгінгі таңда мынадай жайттар көңіл аудартады:

диалектизмдерді молынан жұмсау (орыс тіл білімінде осыған орай диалектизация деген термин ұсынылып жүр³);

күнделікті ауызекі тілдік қарапайым сөздерді қолдану;

көне, сирек сөздерді келтіру;

қажетсіз тұста жаңадан сөз жасау немесе қажеті бар жерде ұсынылған жаңа сөздің сәтті-сәтсіз болуы;

сөздің сыртқы жылтырақтығына үйірсектік;

штамп сөздер мен тіркестерге бой алдыру;

тілден шығып қалған немесе бұрыннан жоқ араб-парсы элементтерін тықпалау;

сөздің морфологиялық тұлғасын өзгертуге әуестік;

ғасырлар бойы қалыптасқан тіркестерді, мақал-мә-

² Скворцов Л. И. Норма. Литературный язык. Культура речи. — В кн.: Актуальные проблемы культуры речи. М., 1970, с. 81.

³ Коготкова Т. С. Литературный язык и диалекты. — Там же, с. 127.

телдерді мотивсіз өзгертіп жіберу т. т. Бұлардың бірқатары сөз орындылығына (функционалдығына) қатысты болса (ақау түсіріп жатса немесе сөздікті байытып жатса), бірсыпырасы әдеби тілдегі варианттылық проблемасына барып тіреледі.

Соңғы 10—15 жыл ішінде қазақ көркем әдебиетінде, оның проза жанрында тілдің сөздік байлығын мейлінше кең қамту тенденциясы байқалады. Ол үшін жұмсалу аймағы шектеулі диалектизмдерді де, мағынасы күңгірттеу көне сөздерді де, бұрыннан да жиі жұмсалмайтын, мән-мазмұны бейтаныстау сирек сөздерді де, «су жаңа» кірме сөздер мен жазушы өзі жасаған қолтума сөздерді де, бір қолданар окказионализмдерді де көркем шығарма тіліне молынан, әрі еркін енгізе бастағандары көзге түседі. Бұл құбылыстың саналы түрде де, жалпы дүрмекке ілесіп, жапа-тармағай түрде де өтіп жатқаны және байқалады.

Бүгінгі көркем әдебиет тілінің лексикалық құрамының толығырақ түрленуі, оған бұрын-соңды көп кездеспеген элементтердің енуі — тек жеке жазушылардың талап-ниеттері мен іс-әрекеттерінен туып отырған құбылыс емес, оның объективтік негіздері бар. Мұның себебін тіл дамуының тарихи бір кезеңіндегі ішкі-сыртқы факторлардан, даму бағытындағы принциптерден іздеу керек болады.

Ең алдымен, қазақ әдеби тілінің даму барысында сөздік құрамды толықтыра түсу әлі де жүріп жатқан процесс екенін ескеру қажет. Атап айтқанда, сөздің семантикалық реңктерін ажыратып атауда немесе бұрыннан бар әр түрлі аталып жүрген зат, құбылыстарды айқындай түсіп, тұрақтандыруда, қазақ даласына түгел тармаған реалийлердің атауларын ұсынуда көптеген сөздердің әдеби тіл оралымына түсуі заңды. Бұл ретте көркем әдебиеттің сусындайтын көзі — ауызекі сөйлеу тәжірибесі мен көне, сирек сөздер арсеналы. Алдыңғысы көбінесе диалектизмдер мен қарапайым элементтерді ұсынады. Ал көне, сирек тұлғаларды ауызекі сөйлеу практикасы мен қазақтың бай ауыз әдебиеті, өткендегі ақын-жыраулар мұралары береді. Бұл — бір фактор. Екіншіден, осы күнгі қазақ тілі дамуындағы принциптердің бірі — тіліміздің өз мүмкіншіліктерін, ішкі ресурстарын молынан пайдалану. Осындай көздің бірі — қазақ сөздерінен жұрнақтар жалғау арқылы жаңа сөздер жа-

сау болса, екіншісі — сөз мағынасын ауыстыру, үшіншісі — көне, сирек сөздерді өз мағынасында не тың мағынада жаңғырту, диалектизмдер мен қарапайым сөздердің бірқатарын әдеби нормаға енгізу болады. Міне, бұл — екінші фактор.

Үшіншіден, қазіргі социалистік қоғам тірлігіміз, НТР дәуірі әрбір затты, құбылысты, іс-қимылды бөліп-бөліп атауды, ұқсас құбылыстардың өзін бір-бірінен барынша ажыратып, айқын атауды (номинация процесін) талап етіп отыр. Бұл — қазір еліміздегі тілдердің көпшілігіне, әсіресе ірі-ірі ұлттық тілдерге тән даму сипаты. Қанша қашқақтасақ та, *оқушы* сөзі тұрғанда, *оқырманды* қолдан жасап алып, актив элементке айналдыруымыз (өйткені «мектепте оқитын оқушы» деген ұғымнан «жалпы жазылғанды оқитын адам» деген ұғымды айырып көрсету қажеттігі туды), *көрінді* деген етістікпен қатар, *көрініс тапты* деген тіркесті қолдануға да мәжбүр екендігіміз әр ұғымды жеке-жеке атау зәрулігінен туып отыр.

Төртінші. Лексиканың түрленіп, дамуында әдебиет жанрларындағы өзгеріс-жаңалықтардың әсері бар. Мысалы, соңғы он жылдықтарда қазақ әдебиетінде тарихи шығарма жанры едәуір бел алды. Халқымыздың ертерек кезеңдердегі тарихын тақырып еткен І. Есенберлин, Т. Ахтанов, Қ. Бекхожин, Ә. Кекілбаев, Д. Досжанов, Ә. Әлімжанов, С. Сыматаевтардың роман, повесть, пьеса, поэмалары дүниеге келді. Өткен дәуірлердегі өмір шындығын дәл суреттеу үшін, сол тұстардағы реалийлерді (сол замандарда орын алған, болған зат, құбылыс т. т.) дұрыс атау үшін және кейіпкерлерді өз заманының тілінде сөйлету үшін, жазушы көне, сирек сөздер мен өзі жасаған қолтума сөздерді шығармасының тіліне енгізеді. Мысалы, Тахауи Ахтановтың «Ант» драмасындағы *талқы* («жиын, тексеру»), *кеп* («ой-пікір, айтпақ сөз»), *шерік* («әскер, жауынгер»), *қарындас* («рулас, ағайын»), *тауарих* («тарих»), *мәмләкат* («мемлекет»), *құлдық* («тілек»), *жебей көргін*, *қайтармағыл* сияқты сөздер — тарихи стилизация жөнінен «тірілген» көненің көздері. Дүкенбай Досжанов «Жібек жолы» романында *зертас* («мозаика»), *қышкер* («кірпіш құюшы»), *самала* («полк»), *ғар* («гарема»), *жолбике* («керуенбасы, қолбасылардың жолға, жорыққа өзімен бірге алып шығатын әйелі»), *жидашы* («салық жинаушы»), *дабылкеш* («барбан соғушы»), *тақылдақ* (соғыс қаруының аты), *күн-*

шілік (жер өлшемі), *лек* («отряд»), *шынтақ* («градус») т. т. сөздердің бірқатарын өзі жасап, бірқатарын бәлкім, тарихи документтер тілінен алып, өз тіліне қосқан. Бұлардың барлығы құлаққа жаттау, тосын, кейбіреулері жасанды, әдеби нормадан тыс дүниелер болып көрінгенмен, қолданылу мотивтері орынды, сәтті алынған, әдеби тілге ену потенциясы күшті сөздер.

Келесі фактор мынадай: көркем шығарманың ұсынылу стиліндегі өзгеріс-жаңалықтар да оның лексикасына әсерін тигізеді. Көркем туындыда баяндаудың автор тарапынан берілуі мен кейіпкер атынан берілуіне қарай жазушының сөз қолданысы да түрліше болуы мүмкін. Соңғы жылдарда қазақ әдебиетінде оқиғалы-драмалы немесе тарихи шығармалармен қатар, адамның ішкі дүниесіне үнілген психологиялық туындылар да молынан көрінді. Соңғыларында айтылмақ ой көбінесе кейіпкер көзімен білдіріледі. Егер кейіпкер — автор бала болса, баланың дүние танымына, психологиясына, ой өрісіне лайық сөздер, тіркестер көбірек кездеседі, егер ол қарапайым ауыл еңбеккері болса, оның да өзіне тән сөйлеу элементтері орын алады. Мысалы, Әбіш Кекілбаевтың «Құс қанаты» атты повесі сауаты жоқ, «көне көз» ауыл психологиясымен қалаға келген «салпы етек, шұбалаң жаулық қара кемпірдің» көзімен баяндалады. Сондықтан мұнда ауызекі сөйлеу тіліне тән қарапайым сөздер мен диалектизмдер молырақ орын алған. Бұл шығармада *бозымбай* (боз өкпе), *бөтеке* (бүйрек), *телпек* (тақия), *шатпа* (төрт қанат киіз үй), *тасырайып отыру* (шалқып отыру), *ұшпақ* (жұмақ), *шұқыншақ* (еңбеккер), *дызықтау* (асығу), *бұтқа толу* (бәлдену), *тортиып жүру* (ренжу), *бойлы-сойлы* (жақсы, текті), *қақшаңдап тұру*, *жырқылдау* (тұрпайы сөздер) сияқтылар едәуір мол кездеседі. Сондай-ақ мұнда сөйлеу тіліне тән жағымсыз эмоция тудыратын теңеулер мен суреттеулер де қолданылған: кемпірдің болашақ келіні *сидаңдаған қу сирақ шүйке бас* болып немесе *тас аяқ неме* болып болжалданады, баласының шашын алып берген қоймашы жай емес, *көгермегір қоймашы*, сол сияқты *атасы жарықтық*, *енесі пақыр*, *жүн қабақ мұғалім* болып келеді. Бұл повестің тілінде өзімізге таныс ваннаны *монша*, унитазды *тас келі*, сурет салуды *қағаз күйелеу*, суретшіні *шимайшы*, қалалық советті *бұл жақтың үкіметі* деп беру — стиль мүддесінен туған әрекет.

Бұл повесте орыс сөздері *бажалыста, ағуыс* (август), *қуаз* (квас), *казит, здрасти, бәбушке* түрінде берілген, бұлар да «ауылдан келген көл етек кемпірдің» призмасынан өткен дүниелер (тұлғалар). Мұнда ауызекі сөйлеу үстінде қазақ әйелі аузынан шығатын қарғыс сөздердің де небір түрі бар: *қараң қалғыр тіршілік, адыра қалғыр үй мүлкі, құрып қалғыр, жүзі қара, ит жегір, мың болғырлар, патшағар, шешек шыққырлар, кәпір, бетпақ* т. т.

«Асты тақтай, үсті тақтай, ортасы шылдырмақтай» деген мәтел — қара кемпірдің қала тіршілігін пайымдағандағы дүние танымының өлшемі, *шылдырмақтай* деген қарабайыр теңеу — бірде кейіпкердің үміті мен күтпегінің параметрін танытса, енді бірде ренішінің көрсеткіші болып келеді. Қысқасы, бұл шығармадағы бүкіл сөз қолданыс бір ғана дирижердің таяқшасына бағынған. Ол дирижер — «қара кемпір», ал қара кемпірді бұлайша сөйлетіп қойған — шығарманың баяндау стилі. Мұндағы бейнорма элементтер (диалектизмдер, қарапайым сөздер, дөрекі сөздер, орыс сөздерінің трансформациясы) көркем дүние қажетін өтеп тұр. Көркем әдебиет тіліне тосын (әдеби нормадан тыс) элементтердің соңғы кезде көбірек араласа бастауының бір себебі осындай.

Бұл ойымызды тағы бір мысалмен толықтыра түселік. Марат Қабанбаевтың «Бақбақ басы толған күн» әңгімесінде автор баланың атынан сөйлегендіктен, мұнда да кейбір сөздер, теңеулер, суреттеулер ауызекі тілдік қарапайым немесе тұрпайы, я болмаса кейіпкер түсінігіне сәйкес түрде берілген. Мысалы, автор — бала — кейіпкер ыстық күн астында *тоңқаңдап* шөмеле салады, дәрігер бостан-босқа *сарнайды* («кеңес беріп, әңгіме өткізеді» деген мағынада), қойдың жауырын еттері *еңгезердей* («үлкен»), еттің *турамшалары жүдеу*, шешесі басына еріксіз байлап жіберген *орамалы оңбаған*. Қоқай шалдың *даусы сыңсыған* болып келеді. Оқас шалқасынан *тыраң* құлайды, класта қыздар *өріп* жүреді («көп» деген мағынада), бала мықтап *есінеп тастайды*. Қысқасы, мұнда да әдеби нормадан тыс элементтер (тоңқаңдау, өріп жүр, оңбаған, тыраң құлайды) мен мағынасы ауыстырылып жұмсалған сөздер (сыңсыған, сарнайды, еңгезердей, жүдеу) стиль үдесінен шығып тұр.

Міне, әдеби тіл нормасынан тыс бұл элементтердің барлығы кейіпкерлердің тілінде емес, автордың баянда-

уында орын алған. Егер бұл сөздер кейіпкерлер аузына салынса, ол — барлық шығармада көрінетін заңды құбылыс, ал олардың дүниеге кейіпкер көзімен қарап сөйлеген автор тілінде (баяндауында) кездесуі — бейнорма элементтердің көркем әдебиет тіліне орынды араласуы деген сөз, жазушының сөз қолданыс өрісі кеңіп, көркем әдебиет тіліне диалектизмдер мен қарапайым сөздер, автордың өзі жасаған соны тұлғалар мен бір қолданар окказионализмдер қатыстырылды деген сөз. Сөйтіп, шығарма тіліне, оның сөз қолданысына әдебиет жанрының, баяндау, суреттеу стилінің әсер етуі — көркем әдебиетте сөзді еркінірек жұмсауға, нормадан тыс тіл құралдарын пайдалануға әкелетін факторлардың бірі болып танылады.

Қысқасы, қазіргі қазақ көркем әдебиеті тілінің лексикасын сөз еткенде, оның әдеби нормаға сай түсетін немесе одан ауытқитын тосын элементтердің бар-жоғын, көп-аздығын, дұрыс-бұрыстығын осы аталғандай себеп-факторлардан шығып іздеген жөн.

Көркем шығарма тілінде нормадан тыс бөгде сезілетін элементтердің үлкен тобы — диалектизмдер. Бұлар жөніндегі көзқарасымызды бірден ашып айтсақ, диалектизмдерден бас тарту бізге әлі ерте дейміз. Қазақ тілі дамуының қазіргі кезеңінде ауызекі сөйлеу тілін әлі де сөздік құрамды толықтыратын көздердің бірі деп тану керек. Жалғыз көркем әдебиетте емес, өзге стильдерде де жергілікті сөздер мен фразалардың іріктеліп, тандалып араласу мүмкіндігін әзірге жоққа шығаруға болмайды. Әдеби тіл мұқтажығына орай диалектизмдерді кәдеге асырып отыруды өмірдің өзі талап етуде. Мысалдармен дәлелдейік. Орысша «старшая сестра» мағынасын қазақ тілінде баяғыдан *ана* сөзі білдіріп келді (апалы-сіңлілі, апа-жезде деген қарама-қарсы ұғымдар осыны аңғартады). Солай бола тұра Дулат Исабеков пьесасының атын «Әпке» қойды. Неге? Қазақ жерінің кей өңірлерінде шешесін, енесін, әжесін *ана* деп атайтыны мәлім. Батыс облыстардың қызы Арқа жігітіне барып, солтүстіктің жігіті Жетісудың қызын алып дегендей, мидай араласқан біздің заманымызда енді бұрынғыдай тұйықталып, туыстықты әркім өз аулынша атай бермейтін жағдай туды. Жайық қызы жетісулық енесін өз елінше *шеше* демей, *ана* деуі әбден мүмкін. Сондықтан пьеса аты «Апа» болса, әңгіме арқауы ана ма, ене ме, іні-сіңлілердің жасы

үлкені ме — бірден айыру қиын болар еді. Ал жергілікті болса да, *әпке* сөзі дәл осы шығармада қажеттікті дұрыс өтеп тұр. Сол сияқты Шу, Жамбыл қазақтарының *шабандозы* да қазір көптеген өлкеге таныс болып қалды (біз бұл жерде егіншілікке, бау-бақша, жеміс-жидекке, балықшылыққа т. б. қатысты кәсіби сөздер мен *дәке, жейде, арасан* сияқты атауларды немесе *пұшайман жеу, тәнті болу* тәрізді бұл күнде әдеби тілімізге енген диалектизмдерді көрсетіп, жоғарғы пікірімізді дәлелдеуді артық деп ойлаймыз, өйткені бұл фактілер барлық жерде айтылып келеді).

Сөйтіп, жергілікті сөздер қазіргі қазақ көркем әдебиетінде тек кейіпкерлер тілінде ғана емес, автор сөзінде де молырақ және еркінірек орын ала бастады дегенді ашып айтуға болады. Бұл факт өндіріп жазып келе жатқан прозаиктеріміздің қай-қайсысында да — жасында да, жасамысында да — бар. Бірқатар қаламгерлер диалектизмдерді іздеп тауып, саналы түрде әдейі қолданса, енді бірқатары сөзге еркіндік тенденциясын сезіп, көп ізденбей-ақ, «аулында бар», «аузында бардың» баршасын шығармасының тіліне тықпалап келе жатқаны және байқалады.

Қазіргі көркем әдебиетте автор тіліне⁴ еніп отырған диалектизмдердің қолданылу мақсаты әр қилы: көбінесе олар әдеби тілде бар сөздердің синонимі ретінде келтірілетін сияқты. Бұл ретте Тәкен Әлімқұловтың *ікімат* (себеп), *дилы* (күйлі, қоңды), *пайлап* (бағдарлап), *нәяті* (бар болғаны), Қалихан Ысқақовтың *қотиын* (?), Дүкенбай Досжановтың *ыпын* (ұсқын, түр), *мұғдарлы* (?), *марайма* (?), *құмбыл* (?), *рәпат* (түр), Оралхан Бөкеевтің *жоян* (үлкен), *лақса* (кәрі), *ләуқи* (ынжық?), *қоймірет* (момын?), *аталақтау* (?), *албаты* (беталды, бос), *дәместем* (ауық-ауық), *морыққан* (?), *мантырау* (шата-су, шату), Жұмекен Нәжімеденовтің *мошқау* (сұрау), *іңкәл* (еттің наны), Сейдахмет Бердіқұловтың *жамбақы* (ұры), *шиша* (шыны, бутылка), Тахауи Ахтановтың *жанығу* (асығу, жанталасу), *жар* (қабырға), *тызығу*

⁴ Кейіпкерлер тіліндегі жергілікті, қарапайым, дөрекі сөз сияқты элементтерді біз бұл жерде сөз етпейміз, өйткені бұл — қай кезеңде де, қай авторда да болатын, болуға тиісті заңды құбылыс, ол — көркемдеу тәсілдерінің бірі. Персонаж тіліндегі нормадан тыс қолданысты көбінесе стилистика білімі қарастырады.

(асығу), *жандық* (ұсақ мал), *шарқат* (шәлі, орамал) сияқты сөз қолданыстарын көрсетуге болады.

Мұндай элементтердің кейбіреулері батыс, оңтүстік, шығыс өлкелерінен шыққан авторлардың бірнешеуінде қатарынан кездеседі. Мысалы, *мауірт/мауіріт* (шак, мезгіл, кез), *зуза* (табыт), *бодау* (өтесін, төлеу), *уסיқы* (құмарпаз?), *бағамдау* (пайымдау, бағдарлау), *бозымбай* (бозөкпе?) деген сөздердің бірін болмаса бірін Тәкеннен де, Дүкенбайдан да, Оралханнан да, Әбіштен де табуға болады. Демек, бұл сөздердің не таралу шегі үлкен, немесе бұл — жазушылар бірінің қолданған сөзін екіншісі құп көріп, іліп әкеткені. Бір ескертетін жайт — жоғарыда көрсетілген сөздердің бірқатары таралу аумағы шектеулі диалектизм болмай, барлық өлкеге де тән, бірақ сирек қолданылатын сөздер не көне сөздер болуы да мүмкін. Бізді мұндай болжамға апарып отырған нәрсе — бір жағынан, қазақ тілінің әлі де толық диалектологиялық сөздігінің жоқтығы болса, екіншіден, толық деп түзіліп жатқан он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» жергілікті, қарапайым, көне, сирек болып кездесетін сөздердің кей сәттерде «паспорты» көрсетілмеген. Мұнда мағынасын қолда бар бірер карточка-цитатадан шығарып, кейбір беймәлім сөздерді әдеби норма ретінде ұсына салу тенденциясы жоқ емес. Мысалы, *бодау* сөзі «құн, төлеу» деп танытылады, бірақ оның не жергілікті, не көне деген белгісі жоқ. Ал шындығында *бодау* сөзі бұл күнде мағынасы көпшілік үшін күңгірт тартқан, сирек жұмсалатын сөз болу керек. Ол *өтесін, төлеу, құн, қарымта* сөздерінің синонимі ретінде қолданыла алады. *Зуза* сөзін «Түсіндірме сөздік» көне деп көрсетеді де, «жаралыларды алып жүретін зембіл тәрізді құрал» деп түсіндіреді, ал бұл сөзді пайдаланған жазушылар көбінесе оны «өлікті қабір басына дейін салып апаратын табыт» мағынасында қолданады. Демек, бұл сөз — көнелігімен қатар, таралу шегі бар сөз. Өлікті қабір басына дейін салып апаратын тақтайды бұрын табыт деп атаған (оның орысша «гроб» дегенді білдіруі — кейінгі дәуірлердің жемісі), ал оны белгілі бір аймақта *зуза* деп атағанға ұқсайды. Сірә, бұл сөзді қазіргі қолданушылар оны этнографиялық зат атауы (өлікпен бірге көметін табыт емес, көтеріп апаратын зембілді) ретінде қалдырып, бұрын осы мәнді білдірген *табыт* сөзіне «гроб»

мағынасын беруді көздеген болу керек. Бұл, сөз жоқ, дұрыс шешім.

Диалектизмдерді синонимдік қатар түзу мақсатымен әдеби тілге әкелу — қажет, әрі дұрыс идея. Бірақ гәп жергілікті сөздерді пайдалану әрекетінің мотивті, заңды болуында. Ең алдымен, мағыналас сөздер тобына қосқан диалектизм осы қатардағы өзге сөздерден белгілі бір семантикалық реңкімен ажыратылып тұруы қажет. Егер *ікімат* сөзі *себен* дегеннің тұп-тура баламасы болса, оның ешбір өзгеше бояуы жоқ болса ол сөзді әдеби айналымға алып келудің де қажеті жоқ. Сол сияқты *мошқау* сөзі *сұрау* дегеннің таза эквиваленті болып келсе, оны қолдану тек варианттар қатарын көбейту болып шығады. Сондықтан синонимдер арсеналын толықтыруда жазушы ең алдымен сөз мағынасын, мағына нюанстарын саралап біліп алуы керек. Зәредей болса да, мағыналық реңкі бөлек деген диалектизмдерді ғана әдеби тіл қажетіне жаратуға болады. Ал бір затты екі аймақта екі түрлі атайтын болса, яғни екі сөз таза семантикалық дублеттер болып түссе, ондайда жазушы қолданған диалектизм — нормадан ауытқушылық болмақ.

Қазіргі көркем проза шеберлерімізде осы заңдылықты түсінбеушілік бар. Атап айтқанда, диалектизмдерді «әдеби норма» немесе «норма емес» деген меже қоймай, автор тілінде молынан пайдалану тенденциясы сезіледі. Мысалы, бір сөздің екі, кейде одан да көп варианттары болады. Қазақ тілінің қазіргі даму сатысында ондай варианттардың біреуі әдеби норма ретінде ұсынылып қалыптасып кетті немесе қалыптасу үстінде. Бірқатар қаламгерлер осыған мән бермейді, нәтижесінде әдеби норманы тұрақтандырудың орнына солқылдата түседі, көркем шығарма тілінің мәдениетін арттырудың орнына төмендете түседі. Осы реттен қарағанда, Д. Досжановтағы *еге* (ие), *можыды* (мойыды), *түнмесі* (түнде), *құдандал* (құда-андалы), *қолайты* (қолайлы), *бостекі* (бос), *жады* (жазы); Т. Әлімқұловтағы *ұжым* (ұйым), *ұжымдасу* (ұйымдасу), *ақырамаш* (ақырғы), *нәжүйе* (жүйесіз), *қападар* (қапалы); О. Бөкеевтегі *шуап* (шұбап), *ұқшасатын* (ұқсайтын), *бәкүн-шүкін* (кәкір-шүкір), *оқсын-оқсын* (оқтын-оқтын), Ж. Нәжімеденовтегі *масығу* (мас болу), *керме-қар* (кереғар), *ауыш* (ауыс), *емежемге* келгенде (жеме-жемге келгенде) дегендер — нормадан тыс кетушілік. Бұл сөздердің жақша ішінде көр-

сетілгендері — соңғы 40—50 жыл ішінде әдеби вариант ретінде қалыптасқан түрлері, оларды енді бұзудың ешқандай тілдік те, өзге де мотивтері жоқ.

Ал нормаға айналдыруға болатын дүниелерді жазушы әдеби тілге әкелгенде, оны жай келтіре салмай, белгілі бір әдіспен қолдануы және шарт. Өйткені сөз қаншама образды немесе семантикалық қыры мол болғанмен, баршаға тегіс түсінікті болмаса, оның құны шамалы. Жазушының екінші бір естен шығармас шарты — қалың оқырман қауымға түсінікті болуды көздеу. Сондықтан мұндай элементтерді ұсынудың бұрынды-сонды қолданылып келе жатқан әдіс-айласын жақсы пайдалану керек болады. Мысалы, көпшілік оқырман қауымға мағынасы бейтаныстау сөздер қазақ көркем әдеби тілінің эталоны саналатын М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов шығармаларында да аз емес, бірақ олар көзге ұрып тұрмайды, себебі бұл қаламгерлер тосын сөздерді ретін тауып, оқушы түсінетіндей етіп ұсынады. Айталық, мағыналас сөздерді қатар келтіріп, контекст арқылы танытады. Мысалы, Мұхтар Әуезовте: *Осы ана Ысқақ бір жошын! Біртүрлі пысық та сергек неме!* Немесе Ғабит Мүсіреповте: *Мұны да қырымпозданбай, қиқаймай* істеді. Бұл сөйлемдердегі *жошын, қырымпоздану* сөздері норматив сөздіктерде жоқ, екінші бірі жеке алғанда мағынасын тап басып айтып бере алмайтын сөздер, біраз шебер қаламгерлер осы сөздердің мән-мағынасын алды-арттарындағы бір ұғымдас сөздер арқылы білдіріп тұр: бұлар тосын элементтерді өз «компаниясына» алып, бейтаныстан көз танысқа айналдырып жіберген.

Тосын сөздерді түсіндіріп жұмсаудың екінші тәсілі — мағыналас екі сөзді қосақтап қолдану. Бұл әдіс тілімізде сан заманнан бері келеді. *Телегей-теңіз, ел-күн, некен-саяқ, өлім-жітім* дегендердің компоненттері бір мәндес сөздер: *телегей* — үлкен су, *күн* — көне түркі тілінде «ел» дегенді білдіретін сөз, *некен* — «жалғыз, дара», *саяқ* та солай, *жіту* — көне түркіше «өлу». Осы әдіспен, мысалы, Т. Әлімқұлов *үрдіс — дәстүр, дий — күйі* деп, О. Бөкеев *қолаба, ләуқи, ынжық* деп қатар келтіріп, *үрдіс, дий, ләуқи* сөздерін әдемі береді. Бірақ, өкінішке орай, осы сөздердің өзі бір-ақ жерде осылай келтіріледі де, қалаған тұстардың бәрінде жеке-дара кетіп, көпшілікке бейтаныс күйінде қала береді.

Нормаға айналдырмақ сөздердің бірқатарын көптің

көзі әбден үйреніп, тілдеріне үйіріп үлгергенше, осы тәрізді амалдармен ұсыну қажеттігін айтар едік. Сонда Тәкен, Оралхандардың *бодау-ы*, Сейдахметтің *құянпырыс-ы*, сол сияқты *сейдін*, *мондыбас* сөздері әуелде *өтеу*, *жүйрік*, *сергек*, *жуас* сөздерімен қосақтала жүріп, кейін мағыналары айқындалып, орныққан соң, семантикалық реңкі бар синонимге айналып кетер еді. Сол күнде бізге аты аталған жазушылар еңбегінде ұшырасқан *бозымбай* күй, *сағыр* адам, *ботана* бұлт, *ызбай* көңіл, *мұғдарлы* әсер, *сүркіл* сапар, *тотанақ* мезгіл дегендердегі бірінші сөздер мен *қадаушабыр*, *лақса*, *қоймірет*, *тымсақ*, *шөпшеңкі* сияқты сөздерді әдеби қорымызға қосуға мүмкіндік туар еді.

Бұл іспеттес сөздерді шет қақпайлатпай отырған себебіміз бар. Біздің байқауымызша, бейнелегіш қабілеті күшті, мағыналық сыйымдылығы үлкен сын-сипат, іс-әрекетті білдіретін көптеген сөздер (сын есім, үстеу, етістіктер) әдеби қажетімізге әлі де түгел жарап болған жоқ. Олардың дені ауызекі сөйлеу қорында. Және бір өкініштісі — бұлардың көбі әлі ешбір регистрацияға (сөздіктерге) ілінбей келеді. Олардың едәуірі тіпті диалектизм де емес, керек десеніз көне де емес, күнделікті қолданыста сирек ұшырасатын, сол себептен мағынасы да ұмыт бола бастаған дүниелер. Мысалы, *күсу* сөзін диалектологтарымыз «жеру, аулақ болу» мағынасында Қызылорданың Қармақшы аудандарында кездесетін жергілікті сөз деп көрсетеді. Солай ма екен? Абайдың: *Жалмауыздай жалаңдап, Ар-ұяттан күсіппін*, немесе: *Мен дағы жүргенім жоқ, малдан күсіп* дегендерін қайда қоямыз? Т. Ахтанов бұл сөзді: *Сенен де күстім біржола* деп Сауран сұлтанның аузына салады. Демек, *күсу*, *бүлу* («ойрандалу, жеңілу»), сой («тек, тұқым, ата тек») тәрізді сөздер диалектизмдер емес, тілде ара-тұра жұмсалатын, поэтикалық бояуы бар сөздер.

Бірақ көненің бәрін жаңғыртып, кеткеннің бәрін «тірілтіп», жергіліктінің бәрінің өрісін кеңейтіп, сөздікті толтыра беру мақсат емес, мақсат — осындай сөздердің зәрулікті өтеп тұратын сәтін табу, қолданылу мотивінің дәлелді болуы. Нормадан тыс элементтерді қолданудың қайткенде де себебі болу керек. Осы талаппен келгенде, Т. Әлімқұловта кездесетін *пәнәйі* себеп, *пісенделі* сөз, *бөлтек-салтақ* (*бөлек-салақ* дегеннің варианты), *ашушақ* шал, *ақырамаш* ай, *сандалақтап* түрегелу, *бір ығы-*

ты келгенде, шытырнай киіну, Д. Досжановтағы жайпу-
ат, мажығу, тобатай, төри-төри, ылжырау, пошым, әжік-
күжік дегендердің қолданылу мотивін табу қиын. Мұндай
сөздерді қазіргі авторлардың көпшілігінен (қай өлкеден
шыққанына қарамастан) күреп алмағанмен, ондап тізіп
шығуға болады. Бұл жерде біздің мақсатымыз жоғарыда
аталған қаламгерлерді жазғырып, осы көрсетілген сөз-
дерді мансұқ ету емес. Және бұл сөздердің барлығын
диалектизмдер деп танудан, әрі диалектизм біткенді
құбыжық санаудан аулақпыз. Жоғарыда көрсетілген сөз-
дердің кейбіреулерінің «өз бастары» орнын тауып, орай-
ластырып, мағыналарын аша отырып жұмсаса, жаман
да болмас. Гәп — жеке авторда немесе жеке сөздерде
емес, принципте. Жазушының өзі ғана білетін, тіліне
алғашқы орала кеткен сөздерді талғаусыз тоғыта беру
бағытының дұрыс-бұрыстығында. Ашып айтсақ, бұрыс-
тығында. Және етек алу қаупінде.

Көркем дүниеде нормадан тысқары элементтердің
мәні олардың жеке тұрғандағы қаншалықты жақсы-жа-
мандығында емес, қай ситуацияда, қай фонда жұмсалып
тұрғандығында, жазушы дйттеген көркем амалдар жүйе-
сінде алып тұрған орнында емес пе? А. С. Пушкиннің
сөзімен айтсақ, «истинный вкус состоит... в чувстве со-
размерности и сообразности» ғой!

Тіл басы артық, қосалқы дүние қажет етпеуге тыры-
сады. Осы себептен не стильдік, не өзгеше бір жүк арқа-
ламай қолданылған тосын элементтер әдеби нормадан
орынсыз ауытқу болып шығады. Ал нормадан орынды
ауытқулардың жөні бөлек. Көркем әдебиет тілінің өзге
стильдерден басты айырмашылықтарының бірі де осын-
да. Егер көркем шығарма, әсіресе поэзия грамматика
мен лексиканың бірде-бір ережесінен ауытқымай, «түп-
түзу», «дүп-дұрыс» жазылса, атақты орыс тілі маманы
Л. В. Щерба айтқандай, ол шығарма жалықтырып жібе-
рер еді. Осы реттен алғанда, Кәкімбек Салықовтың
«Қазақ әдебиеті» газетінің 1980 жылғы 12 декабрьде
жарияланған бір топ өлеңдерінің ішінен мынадай жол-
дарды тіл маманы көзімен қызықтай оқыдық:

Бір ақын бір ақыннан ақынырақ,
Өйткені ол жүрекке жақынырақ...
Ел-жұртқа қалды десек қалай ұнап,
Күшті ақын күрделі де жабаырақ.

Қашанда мықты ақындар Махамбеттеу,
Кемеңгер ойлы ақындар Абайырақ...
Жақсы ақын — әлеуметтің жанашыры,
Даралау, кемел, дана Пушкинірек.

Мұнда ақын грамматика заңын мүлде бұзып тұр: зат есімдерге, оның ішінде адам, жер-су аттары сияқты жалқы есімдерге сын есім шырайларының жұрнақтары жалғанбайды. Сондықтан ақынның *махамбеттеу, абайырақ, пушкиніректері* — нормадан ауытқу, бірақ мотивті ауытқу, заңды «заңсыздық»: осылай айту арқылы «Махамбет сияқты мықты ақындардың мықтысы, Абай сияқты кемеңгер, ойлы ақындардың ең күштісі, Пушкиндей дара, дана кемел ақындардың асқаны» деген көп сөзбен айтылуға тиіс поэтикалық образды «тәртіп бұзып», шырай жұрнақтарын «заңсыз» жалғаған бір ғана сөзбен беріп тұр. К. Фединнің анықтамасымен айтсақ, бұлар «блестящие неточности». Бірақ мұндай «норма бұзарлар» мың ойланып, жүз толғанып барып табылған, қайткен күнде де өзінің қажеттігін дәлелдей алатын, стильдік жүгі орасан күшті элементтер болуға тиіс.

Қаламгер өз кезеңінің ұлттық әдеби нормасына қайшы келетін өз жаңалығын ұсынса, сол ауытқуларын эстетикалық тұрғыдан іштей ақтай алатын болып, соны сезініп істеуі керек. Көркем шығарма көздейтін мақсат тек идея білдіру емес, қалың бұқараны әдемілікке, түзулікке, дұрыстыққа, тіл құдіретіне де тәрбиелеу ғой. Сондықтан «тіл өнері дертпен тең» деп, ұлы Абай айтқандай, барша қазынаны ақтарып, талғап, таңдап, сұрыптап, «тіл іздегенде», сол тіл ең алдымен өзінің көздеген нысанасына — идеясына, айтпақ ойына, стиліне дәл тиіп жатыр ма, соны қарастырады, одан соң сол өз орнына сай келген сөздері оқырманға жете ме, жетсе, қандай әсер етеді — соны түптейді. Осы талаптардан шықпаса, шығарма тілі тәрбиелік, көркемдік өтеуін ақтай алмағаны.

Жазушы ұтымды сөз іздейді, образ іздейді. Нормадан ауытқыған элементтер тың, әсерлі болып көрінеді, ал жергілікті, көне, сирек, кейбір жасанды, кірме сөздер осы қатардан саналады. Бұл — баршамызға аян жайт және әрбір ізденгіш жазушы мұны мүлт жібермейді. Бұл — дұрыс-ақ. Әсіресе мұндай ұтымды элементтер адамның не заттың қасиетін, сын-сипатын білдіретін сын есімдердің, іс-әрекеттің әр алуан орындалу амалын образды түрде елестететін үстеулер мен етістіктердің, диа-

лектизмдердің, кейде тіпті қарапайым сөздердің ішінен көбірек табылады. Осы тұрғыдан келгенде, О. Бөкеевтің *мантырап отыру*, кісінің көңіл күйі қош емес *морыққан күні*, *әспенсу* (еркінсу), *алқұлымдау* (амалдау?), *жауқаздана* бастаған гүл, Д. Досжановтың *сүкектете қуу*, *алағаттану* (ала-құлалану?), *әңкүс* (әумесер?), *кермалдасу* (ұрысу, шекісу), Т. Әлімқұловтың *сейдін* (сергек) деген сөз қолданыстарын әдеби тіл арсеналына қосуға мүмкіндігі зор элементтер деп қарауға болады. Бірақ осылайша әсерлі, семантикалық мүмкіншілігі мол деген элементтерді әдеби тіл оралымына қосу тенденциясымен қатар, соны бүркеніп (біліп те, білмей де) әйтеуір тосын атаулыны көркем шығарма тіліне жосықсыз тоғытып жіберушіліктің орын ала бастағанын қатты ескертуге тура келеді.

Жазушы ең алдымен әдеби норма дегенді бір сәт естен шығармауы керек. Егер норма болмаса, әдеби тіл де болмас еді, оның жалпыға ортақтық, дәстүрлілік, тұрақтылық, екшелгендік қасиеті болмас еді. Әсіресе норма тұрғысынан келгенде, күнделікті сөйлеу тәжірибесінде бар элементтердің күллісін іріктемей, стильдік мақсат көздемей, автордың өз тіліне қосуы — көркем тіл мәдениетіне ақау түсіретін әрекеттің бірі. Бұлар тілдегі салақтық.

Осы жерде жазушының жаңа тұлға — жаңа сөз жасау әрекеті жайында бірер пікір айтуға болады. Қазақ көркем әдебиетінде сөз қолданыстың бір қыры жасанды сөздерден көрінеді. Ашып айту керек, қазіргі көркем әдебиет стилімізде жаңа, жасанды сөздерді қолдану — көзге ұрып тұрған құбылыс емес, дегенмен жоқ та емес, бар әрекет. Әрине, жазушының жаңадан сөз жасау мотиві әр қилы. Бірі — бұрын жоқ немесе ұмыт болған тарихи реалийлерді атау. Мысалы, Д. Досжановтың «Жібек жолында» өзі жасаған-ау дейтін *зертас* (мозаика), *қышкер* (кірпіш соғушы), *дабылкеш* (барабан, дабыл қағушы), *жидашы* (салық жинаушы) сияқты сөздері осыны аңғартады. Екінші — эмоциялық бояуы бар, бірақ ғылыми терминдерге параллель болып келетін «әдемі» сөздерді жазушы өзі жасайды. Осы қатарда О. Бөкеев қолданған *мамырстан* (бұл сөз өзгелерде де бар), *төрткіл дүние*, *күлкі тоқ жолаушы* (поезда кетіп бара жатқан, уақытша болса да қамсыз-шаруасыз адамдар туралы), *мүрдеhana* (мазар), *биойнақ* (танцплошадка),

Жүмекендегі *төр майлау* тойы, Дүкенбайдағы *айкезбе ауруы* (лунатизм?), Сейдахметтегі *майкөлшік* (су бетінде қалқып жүрген мұнай т. б. ластардың көпіршіктері), *ұшқыр* жиналыс (пятиминутка) сияқты соны сөздер мен жаңа тіркестер бұған мысал бола алады. Жазушы енгізетін жаңа элементтерге тек жұрнақ немесе сөз тіркесі арқылы жасалған зат атаулары ғана жатпайды, сонымен қатар әр қаламгердің көп іздейтін дүниесі — тың теңеулер мен әсерлі эпитеттер де осы қатардан табылады. Осындай ізденіс үстінде әдеби нормаға нұқсан келтіретін жайттар да орын алып кетеді. Мысалы, О. Бөкеевтегі *жойқын* митинг (шағын ауылдағы клуб алдында өткен жиын жөнінде), *телегей тентек* көрініс, *сұмпайы* бұлт, Д. Досжановтағы *талыс дене, құныкер* (?) *қара елші, ғазауат су* (?), *үйірсек* (?) *иірім, сұңғыла сұлулық*, дәу дабылдың *ырдуан* үні, *адуын* дене, *айпара кеуде*, Т. Әлімқұловтағы *найқалған жүгері, мөңкіп келе жатқан* автобус тәрізді тіркестерде эпитет ретінде алынған сөздердің «өз бастары» жақсы, сирек, көне сөздер, бірақ осылар өз орындарында ма? Гәп сонда: *адуын* — әдеби тілімізде «өжет, өр көкірек, өзімшіл» деген ұғымдарда қолданылатын сөз, *адуын* болатын адамның өзі ғой, денесі емес, *айпара* сөзін біз ауыз әдебиет үлгілерінен кездестіріп едік. Мысалы, «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырында «Айпарадай ақ жүзім сіз көресіз» болып келеді. Дәл осы ой екінші жерде «Айдай болған ақ жүзім көрмейсіз бе?» деп берілген. Бұл — өте сирек кездесетін көне тұлға болса керек, ол тіпті қазақ тілінің толық түсіндірме сөздігіне де кірмепті. Ал беретін мағынасы Досжанов қолданысындай «үлкен» емес, «айдай аппақ» сияқты. *Ырдуан* сөзін әдетте *ырдуан арба* деген тіркесте көруші едік те, ол сөздің «үлкен» деген мағынасы заттың көлеміне, аумағына қатысты болып келетінін байқаушы ек. Жоғарғы мысалда ол *ырдуан* үн болып, сыртқы физикалық аумағы жоқ «үн» ұғымымен қабыстырылыпты; *ғазауат* су тіркесі де күмәнды: *ғазауат* — мұсылмандардың дін үшін соғысы, оның суға қандай қатысы бар? *Жойқын митинг* дегендегі *жойқын* эпитеті де өз орнында емес, *жойқын* — «орасан күшті, қырып-жоятын сұрапыл, алапат» мәнінде келетін сын есім, оның шағын ауылдың аз ғана адамы өткізген жиналысқа жанасымы қаншалық т. т. Демек, бұл сияқты мысалдардан да біз сөзді өз орайында, дұрыс мағынасында жұмсаудан гөрі, олардың

тосындығын (демек, әсерлілігін) қызықтап кетушілікті көреміз.

Әрине мұндай сирек сөздерді көркем әдебиетте қолдану керек, оларды ұмытуға, әдеби құралдар қатарынан шығарып тастауға әсте болмайды. Бірақ орнымен пайдалану жөн. Сирек, көне сөздер көпшілік оқырманға онсыз да бейтаныстау, тосындау келеді. Сондықтан болар, бұлардың кейбіреулерін теріс жазып, тілге үлкен қиянат жасалып жүрген жайлары да бар. Мысалы, О. Бөкеевтің «Өз отынды өшірме» романында *көшелі сөз көшпелі сөз* болып кетіпті (98-бет), осы қаламгер бірнеше рет ұнатып жұмсаған *ұлы жіңгір* тіркесі бірде *жәңгір* («Қайдасын, қасқа құлыным», 57-бет) болып ұсынылыпты. Т. Әлімқұловтың «Сырлы аралында» *тонның ішкі бауырындай* (54-бет) дегенді оқыдық (бауындай деудің орнына), осында *усиқы* сөзі бір жерде *уы-сиқы* болып (148-бет) беріліпті, сиректеу жұмсалатын *аптап* сөзі де *ап-тап* (171-бет) болып жазылған. Дәл осындай қателер өзге шығармаларда да бар. Қалихан Ысқақовтың «Тұйық» романында *күспеймін* деп берілуге тиіс сөз *құспаймын* болып кеткен. Бұларға қарағанда, көбірек қолданылып «көз таныс» болып қалған *бодау* сөзінің өзі бір жерде *бозау* (Т. Әлімқұлов, «Кертолғау», 26-бет) вариантында берілген. Бұл фактілердің барлығы жазушының кінәсынан емес, сирек, көне, жергілікті сөздерді редактор, корректор сияқты кітап шығарушылардың жақсы танымауынан туған жайттар.

Сөйтіп, бүгінгі жазушыларымызда, әсіресе орта, жас буын қаламгерлерде сөз іздеу, сөз қолданыста әсерлілік, ұтымдылық, сонылық іздеу тенденциясы айқын сезіледі. Бұл — принципінде өте дұрыс акт. Осы әрекет арқылы қазақ тілінің лексикалық қазынасын сарқа пайдалану, жоғалып бара жатқан, бірақ әлі де кәдеге жарайтын элементтерді «тірілту», сөз байлығын жұтаңдатпау, тілді сөздің нәрімен де, санымен де толықтыра түсу идеясы жүзеге асырылады. Мысалы, «өте арық» деген ұғымды әсерлі, образды етіп білдіргіміз келсе, «тыриған, тыртиған арық» дейміз, осы ұғымды Ә. Нұрпейісов *тырыли арық* деп, Д. Досжанов *тырақы арық* деп ұсынады. Екеуі де халық қолданысынан алынған болу керек. Біздіңше, *тыриған, тыртиған* деген есімше тұлғалы эпитетпен қатар *тырыли, тырақы* деген сын есім варианттары да өте образды, экспрессивтік бояуы қалың, көркем әдебиет

тілінде қолдануға болатын, тіпті көпшілік құлағын үйретіп, әдеби айналымға түсіруге арзитын сөздер. Сол сияқты «айғайлау», «қатты дауыстау» сөздерімен қатар, көпшілік оқырманға әзірше тегіс түсініксіз *озандау* сөзін немесе «ұрсысу, дауласу» дегендермен қатар *тәжікелесу, кермалдасу* сөздерін, «өтеу, өтесін, құн» дегендермен қатар *бодау* сөзін белгілі бір стильдік жүк артып, семантикалық реңк қосып пайдаланса, сөздің нәрі де, саны да арта түспек.

Сондай-ақ соңғы кездерде жиірек қолданылып, көпшілік оқырман түсінігінде белгілі бір ұғымда қалыптаса бастаған *қарғын, көшкін, атқы, арасан* сияқты табиғат құбылыстарын айырып танытатын сөздерді көреміз. Тауы жоқ жерлердің қазақтары *қарғын, көшкін, атқы* сөздерін қазіргі қолданылып жүрген мағынасында білмеуі заңды. Бұлардың белгілі бір нақты ұғымда қалыптасып, әдеби тіл арсеналына кіретін қабілеті күшті екені байқалады. Бұлар сөздік аумағын кеңейтіп, әр құбылысты, әр іс-әрекетті саралап, өз атымен атау сияқты процеске үлес қосады. Бірақ әңгіме — қайткенде де сөз санын көбейтуде, бар сөздерді тек жоғалтпауда емес, сөзді әр жазушы өз еркінше құбылтып, өзгеше жұмсап, «өз қаламын» жасауда емес, сөз қолданыстың әдеби нормамен қабысуында, дәстүрлілік, тұрақтылық дегендерді орынсыз бұзбауда және, М. Горькийдің сөзімен айтқанда, жазушы күнделікті сөйлеу тілінің тасқынынан ең бір дәл, ұтымды және белгілі бір мәні бар сөздерді сүзіп ала білуінде, көркем әдебиеттің тілге келгенде де тәрбиелік, үйретушілік қызметін түсініп, көпшілік оқырман қауымды қазақтың бай, икемді, нормалы әдеби тіліне баули түсуде, қысқасы, халықтың тіл мәдениетін көтере түсуде. Ал тіл мәдениеті дегеніміз сөзді сауатты қолдану, сөздің логикалық дәлдігін көздеу, тілдің тазалығын діндеу. Тіл тазалығы дегенді оның өзге тілдік элементтерден арылу деп тар мәнде ұғынбау керек. Бүгінгі таңдағы тіл тазалығы дегеніміз — басы артық варианттарды азайту, мотивсіз қолданысты жібермеу, жазушы ойын дәл бермейтін «жылтыр» сөздерді қуаламау, олардан бойды аулақ ұстау үшін күрес деген сөз.

Қазіргі қазақ көркем әдеби тілі жөніндегі әңгімені сөз қолданыс және әдеби норма деген мәселенің қырынан келіп қарастырсақ, әдеби стандарт және дәстүрден ауытқу дегенге көңіл аудару керек болады. Қазақ көркем

Әдеби тілінің мәдениеті үшін бүгінгі таңдағы қауіп стандарттықты сақтау — сақтамаудан гөрі, экспрессияға бой ұрудан көбірек келетін тәрізді. Көркем шығарма тіліне *жыны келді, оттаубай, жалпасынан түсті, пошым* сияқты ауызекі сөйлеу элементтерін тықпалау осының салдары деп ұғу керек. Өйткені бұл сөздерде азды-көпті эмоциялық бояу бар.

Біздің байқауымызша, қазіргі көркем тілімізде риторика мен патетикалық тонға бой ұрушылық бар. Бір нәрсені жай атаудан гөрі суреттеу басымырақ. Бұл, мүмкін, дұрыс та болар. Бірақ осы жерде біздің айтпағымыз — стильдік бағыт-бағдарын, жөнді-жөнсізін анықтау емес, осы бағыт-тенденцияның тіл мәдениетіне, яғни әдеби нормаға тигізетін әсер-ықпалын ескерту. Әрине, әдеби норма — қатып қалған, бір-ақ рет пайда болып, содан бұлжымайтын категория емес. Тіпті кей сәттерде әдеби норманың сол тілдің структуралық заңдылықтарына сай болуы шарт болмай да шығады. Тілдік элементтердің нормалылығы оларды дұрыс, қолайлы, ұтымды деп тапқан әлеуметтік бағаға байланысты⁵. Сондықтан тіл мәдениеті үшін күреске әлеуметтік пікірлердің араласуы, яғни тіл құралдарын дұрыс пайдалануды реттеу, жазушы мен оқырманды нормалылыққа тәрбиелеу, қалың көпшіліктің лингвистикалық білігін көтеру, «тілдік санасын» ояту — қысқасы тілдегі бейнормалылықтан, жөнсіздіктен сақтандыру шаралары күн тәртібіне қойылады.

⁵ Граудина Л. К. Вопросы нормализации русского языка. М., 1980, с. 63.

Ө. АЙТБАЕВ, А. ЕСЕНҚҰЛОВ

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТКЕ — КӨРКЕМ ТІЛ

(«Елім-ай» романының тіл кестесі жайында бірер сөз)

Әрбір тілдің ішкі сырына бойлап қарасаңыз, жүйе-жүйесімен жіктеліп, жалғасып, ұласып жатқан бір үздіксіз құбылысты байқауға болады. Тілдің осы жүйелі болмысын меңгерген адам қашанда сауатты сөйлеуге, сауатты жазуға бейім. Ал жазу өнеріндегі кемшіліктің көбі осы жүйеге мән бермеуден туа ма деп ойлаймыз.

Сөздердің өзара байланысында ежелден қалыптасқан заңдылық бар. Бір сөз белгілі бір сөзбен ғана тіркеседі. Содан барып келелі ой бас құрайды. Соларды дәл танып, көзін тауып қолдану жағына келгенде жазушының мүмкіндігі мол. Сөз жасаудың заңдылықтан туындайтын неше түрлі амалдары бір қарағанда жазушы қаламын күтіп тұрған тұсау сияқты болып та көрінуі хақ. Алайда білген адамға осы заңдылықтар аясындағы еркіндікте есеп жоқ. Ендеше заңдылық атаулыны құбыжық көрмей, қайта оның бүге-шігесін, қыр-сырын зерттеп, тіл мұхитына терендей кірген абзал. Теңізге түсу үшін жүзуді үйрену, қайыққа отырғанда ескегіңді ұстай білу қандай қажет болса, ойды өрнектеудің құралын тіл деп ұққан адамға оның осындай ішкі сырларын меңгеру сондай қажет. Ал кіріспе ойды кестелеп келгенде, тіліміздің осындай ғажайып байлығы мен өрнек-өзектерінің көрінер жері көркем әдебиет демекпіз.

Біз бұл ойымызды нақты бір шығарманың негізінде, атап айтқанда, соңғы кездері көлемді дүниелерімен көзге түсіп жүрген, танымал жазушы Софы Сыматаевтың «Елім-ай» романы төңірегінде өрбітпекпіз. Талай татымды өрнектері бар бұл шығарманың әлденеше тілдік тал-

дауға объект болатынына күмәніміз жоқ. Әзіргі әңгіме тіл мәдениеті тұрғысынан қарастырылған кейбір сөз кестелері жайында ғана.

Екі кітаптан тұратын «Елім-ай» романы — Софы Сыматаевтың елеулі табысы. Олай деуімізге себеп жазушының тақырыпты игеру барысындағы қалам қарымы болып отыр. Әрине, көп ізі көмескі тартқан тарихи оқиғалар қаламгерлердің қайсысына да оңай жүк емес. Соған қарамастан өткен өмір іздерін шарлап, ата-баба болмысын барлау кейінгі он жылдың есесіне тиген тәрізді. І. Есенберлиннің «Көшпенділерін», Ә. Әлімжановтың «Жаушысын» т. т. былай қойғанда, дәл осы романға желі болған оқиғаны Ә. Кекілбаев «Үркерінде» жазып шықты. Бірақ бұлар бірін-бірі қайталау емес. Әрқайсысының өзіне тән суреттеу тәсілі, өзіндік сөз саптауы, бедерлі ойы бар. Ендеше әңгіме — қай жағынан келіп, қандай тұрғыда баяндауда, объектіні қалай жазуда. Композициялық құрылысын, оқиға мазмұнын, т. т. қоя тұрып, жазушының тарихи тақырыпты суреттеуде іріктеген тілдік құралын сарапқа салуды мақсат тұттық. Өйткені, түптеп келгенде, қазақ тілінің қалың орманынан өзіне керегін ойып ала білетін өзіндік өрнек дегеніміз, шеберлік сипаты дегеніміз тіл ресурстарын іске жарата білуден байқалмақ.

Сөз қолдану тұрғысынан қарағанда, тарихи тақырыптың өзіне тән сөз сардарлары бар. Бұған барған адам осы күнгі өмірдің өзгеше пішінін кейіптеуге жарайтын сөздерді қалай болса солай тоғыта бермейді. Өткен дәуірлердің өзіне лайықты, соның рухын, тірлігін, тынысын таныстырар сөздер мен сөз тіркестерін іздейді. Сонымен бірге, ол өрнектер қазіргі әдеби тіліміздің болмысынан алшақ кетпеуге тиіс. Жазу өнерінің бір қиындығы осы айтылғандарға да байланысты.

XVIII ғасырдың бірінші жартысында халқымыздың басында болған қайғылы халдің бір пұшпағы «Елім-ай» аталған ән арқылы ауыздан-ауызға көшіп, бізге жеткен. Сол ән туған кезеңнің ар жақ, бер жағы қараңғы қапас дүние ме? Басынан қандай бір күнді кешпесін, қазақ халқы өмір сүрген. Ұрпақтар ауысып, тұқым өсіп отырған. Олай болса, еліміздің басында болған не бір қиынқыстау тарихи кезеңдерді бүгінгі ұрпақтың біліп отырғаны абзал.

Мұны суреттеу, суреттегенде шындыққа сай етіп, на-

нымды етіп суреттеу үлкен жауапкершілікті тілейді. Соның бірден-бір кепілі тағы да тілге келіп тірелмек. Қаншама тарихи мәліметтерді жиып, деректерді сұрыптау қажет. Ал көп дүниесі тасқа басылмай, көне дәуір сағымына айналып кеткен қазақ сияқты халықтың өткен өмірін көзге елестетудің өзі қиын. Мұндайда бірен-саран болса да сақталып қалған мағлұматтарға қоса, ауыз әдебиеті, фольклорлық туындылар, ертегілер мен батырлар жыры, лиро-эпикалық дастандар көп көмегін тигізсе керек. Өйткені жазушы тірек етер халықтық дүниелер, міне, осыларда молынан сақталады. Әсіресе, сөз жарату тағлымын осылардан үйренуге болады. Сол үлгілерді творчестволық тұрғыда пайдалана білген жазушының жолы болмақ. Көбімізге мәлім бұл ақиқатты тәптіштеп келгенде аңғаратынымыз — «Елім-ай» авторының қолтаңбасынан да осындай өнегенің іздерін табатынымыз жайында.

Бір қарағанда, қазақ тілі ұшы-қиырына көз жеткісіз теңіз іспеттес. Ал сол көл-көсір қазынадан керегінді ала білу тіпті де оңай емес. Тіліміздің арғы-бергі тарихындағы даму өрістерін және ішкі бейнелеу мүмкіндігін жете таныған қаламгер ғана суда жүзген балықтай тіл мұхитында көсіле алмақ.

С. Сыматаев романында сондай ізденістер ізі бар. Кейіпкерінің көбі тарихи адамдар, сөзі мен ісі ел аузында сақталып, есімі аңызға айналған жандар. Жазушыға керегі аңыз желісінен шындық іздеп, нанымды сурет жасау ғой. Яғни нақты істің, қажырлы қарекеттің тізгінін ұстаған шын тұлғаны сомдап шығару лазым.

Аты аңызға айналған Төле, Қазыбек, Әйтеке сияқты билер, Бөкенбай, Жәнібек, Есет, Райымбек тәрізді батырлар, Қайып, Барақ, Әбілқайыр, Батыр, Болат сынды ел тізгінін ұстаған сұлтандар, Жомарт, Қуат, Тәсібек, Құлвияздай қарапайым қауым өкілдері т. т. мінез-құлқы, іс-әрекеті, кәсіп-тіршілігі, сөз мақамы тіпті де бірдей бола алмайды. Мұның бәріне даралық сипат беру үшін, әрқайсысына тән әрекет керек. Тіпті киім киісі, атқа отырысы, дәм татысы, тіл қатысына дейін ерекшелік байқалмаса, көркем туындының көркемдік сипатының шамалы болғаны.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, автордың көп ізденгені байқалады. Оқиғаны баяндауда, кейіпкер аузына сөз салуда, не бір қақтығыс, талас-тартысты суреттегенде

тілге ұқыпты болуға тырысады екен. Әсіресе ең алдымен көзге түсетін бір ерекшелік — жазушының нақыл сөзге шеберлігі. Тарихи оқиғаны кейіптеуде көне дәуірден бері сұрыптала келе ақиқат тұжырымға айналып кеткен мақал-мәтелдердің пайдасы мол болатынына көзіміз мына шығарманы қарастыра отырып, тағы жетті. Автор мұны молынан пайдалануға тырысқан. Бірде мақал-мәтелдің мұртын бұзбай, сол халық жадында қалыптасқан күйінде қолданса, енді бірде жағдайдың ыңғайына қарай сәл өзгертіңкіреп, арасына сөз қосып, кейбір бөлігін тастап кетіп өзінше іске жаратады. Бұдан біз автордың дайын конструкцияларды пайдалана білудегі талғамын танымай тұра алмаймыз. Жазушы тілінің мәдениеті дегенде осындай сәттер де ойда тұрса керек. Таңдап, талғап, орнын тауып бере білу үлкен мәдениеттілік пен зердені танытады. Бірнеше мысал:

«Ініне кіре алмай жүріп, құйрығына қалжуыр байлаған тышқанның кебін киген Көшім хан...» дегенде Көшім ханның сұрқай тірлігін елестетсек, *«Алмақтың да салмағы бар»* дегенді шаруа Тәсібектің аузына салады. Сондай-ақ, *«Алтын көрсе, періште жолдан таяр»*. (Жомарт туралы Ақмырзаның ойы), *«Саптыаяққа ас құйып, сабынан қарауыл қараған», «Өзіңнен зор шықса, екі көзің сонда шығар», «Аға тұрып, іні сөйлегеннен без», «Іні — зордан, аға — бордан», «Бас жарылса, бөрік ішінде, қол сынса, жең ішінде», «Өлі арыстаннан тірі тышқан артық», «Етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда», «Қу бастан қуырдақ ет алатын ысқаяқ», «Байдың асын байғұс қызғанады», «Таз ашуын тырнадан алады», «Ұсынған мойынды қылыш кеспес», «Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар», «Қысқа жіп күрмеуге келе ме», «Әлі келген алып та жығады, шалып та жығады», «Батыр бір оқтық, бай бір жұттық», «Кеден кеден болды, кедергі неден болды», «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би», «Ұл ұяға, қыз қияға қонады», «Көп түкірсе — көл», «Жауды аяған жаралы», «Орамал тон болмайды, жол болады», «Күш атасын танымайды», «Жоққа жүйрік жетпейді», «Алғызған албырт — анасының қойнын ашар», «Ерді намыс өлтіреді», «Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді», «Жас жастың тілеуі бір, жібектің түйіні бір», «Күйеу атымен күл тасы», «Ит жоқта шошқа үреді», «Қоянды қамыс, ерді намыс өлтірмей ме?», «Жаман айтпай, жақсы жоқ», «Жақсы лепес — жарым ырыс»*

деген тәрізді көптеген нақыл сөздер бірде автор баяндауында, бірде кейіпкер аузында айтылып жатады. Және бұлар кейде түгел, кейде жарым-жартылай ишарамен ұғындырылады. Қалай болғанда да, шығарма тілінің көркемділік деңгейін, бейнелілік сипатын көтермелеп, жандандырып тұрған осындай тілдік фактілер екенін баса айтамыз. Неге десеніз, әрбір кейіпкердің кескінін танып білуде, оның іс-әрекетіне баға беруде мұндай шұрайлы сөздердің орны бөлек. Біз осылайша сөз саптауға қарап, образдың қай деңгейде суреттеліп отырғанын айырамыз. Әлгі келтірілген мысалдар романның 1-кітабынан алынып отыр. Тұрақты сөз тіркестерін, оның ішінде фразеологизмдерді қоспағанда, алғашқы кітаптағы мақал-мәтелдің саны екі жүздің ар жақ, бер жағынан қайтады екен. Ал бейнелі сипаттағы сөз тіркестерінің есебін шығару тіпті де оңай емес. Әрине, дайын орамдарды көбейтумен көркем шығарма шықпайды. Әңгіме соларды қалай пайдаланып, қалай ойната білуде. Ал мына шығарманы сүзіп шыққанда, жазушының сауатты да мәдениетті сөз қолданысына мән бермеуге болмайды. Мәселен, Қаз дауысты Қазыбек бидің мына бір ішкі толғауына назар аударалық. *«Етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда»*,— дейді қариялар. *«Еркіндігіңе қамыт түссе, елдігіңнен не қайыр»* дер едім мен. Халықтық вариантқа қанаттаса үлкен астарлы ой арқалап тұрған екінші жолдың өзі де мақалға бергісіз сипат алып, алғашқымен жымдаса кірігіп, тұтас бір түйін жасап тұр. Бірін-бірі дамыта, толықтыра, үстемелете жалғасып жататын осындай үлгідегі мысалдар баршылық.

«Құм жиылып тас болмас, құл жиылып бас болмас» деген төренің тілі. *«Құмды илей білсең — қала болады, қараны билей білсең — пана болады»* дер едім мен (Ақтамберді жыраудың Ошаған биге айтатыны) дегендегі екінші үйірдегі сөз түйдегінен біз автордың өзіндік үлгісін танимыз. Ақтамбердінің мақалдап, мәтелдеп сөйлейтін шешендігін бұл жолдар тәптіштей дәлелдеп тұр. Оның табиғи дарынын осындай сөз саптауларынан байқаймыз.

Енді Тілеуқабақ бай мен Сұртай батырдың арасындағы мына бір сөз қақпайға зер салайық:

— Көшкені қалай? Бұл жақта қоныстарың бар ма еді?— Тілеуқабақ іргесін әріден салып, *«түк білмедімге»* құрық созды.

— Тілеке, сіз білмейтін нәрсе жер үсті тұрмақ, жеті қат жер астында да жоқ деуші еді. «Ал» дегенде — саққұлақ», «бер» дегенде — салпанқұлақ» бола қапсыз. «Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар». Талай бермей, орай беріңіз, — деп Сұртай ашына сөйледі.

Қазақта жер дауы мен жесір дауы — ежелден шешімі қиын, шиеленісі көп даудың бірі. Соның бір ұшқынын осы келтірілген үзіктен де көреміз. Қасқабұлақ жайлауына кешігіп келген Сұртай батыр көп сыпайылауға шыдамы жетпей, аянбай сөйлейді. Ашынғаны соншама, Тұрсын сұлтанның қайын атасымын деп шіренген Тілеуқабақты аямай итке теңеп шағып алады. «Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар» деген мақал мынадай жағдайда орынды қолданылған. Осы диалогта бұдан да басқа әлденеше астарлы сөз бен сөз тіркесі бар. Мәселен, «іргесін әріден салып, «түк білмедімге құрық созды» арқылы біз анау-мынауға ұстатпайтын айлалы да адуын байдың кескінін көреміз. «Ал» дегенде — саққұлақ, «бер» дегенде — салпанқұлақ» бір жағынан Сұртайдың кім екенінен хабар берсе, екінші жағынан Тілеуқабақ байддың ашқарақ қылығын әшкерелей, әйгілей түскен шымыр тіркестер.

Жазушының үлкен бір табысы есебінде мақал-мәтел ыңғайында жасалған өзіндік үлгілерді айтуға болады. Жазушы тілінің мәдениетін тексергенде, әсіресе осындай өзіндік сөз мақамын анықтап алу қажет. Мысалы, «Әлсіз мықтының жемі», «Жауыздықтың табынар құдіреті — қастандық», «Дауға — дауа, жараға — ем табайық», «Пәле басы — барымта», «Өлер күнде өкпе жүрмейді», «Төбедегі төреден далаңдағы қараң артық», «Оқыс сабыр ой байлайды», «Туған тіл — туған жер тірегі», «Ерлік таразыға тартылмайды», «Сатып алған — жар бола ма, тартып алған — қол бола ма», «Бұғана басын өрт алса, жүректің басын дерт алар», «Биліктің биігі — кеңдік», «Алды тар жанның артынан сөз ереді», «Көңіл көңілден су ішеді», «Жоқшылық — жорғалатады», «Қауесет сөздің қатесі көп», «Ел арасын егес бұзады, бітім түзейді», «Бүтінге жамау түссе, бедері қашады», «Ойсызға ойын көп», «Қасіретті көргеннен гөрі ұққан ауыр», «Қылыш көтерген қылыштан өледі», «Үрей билеген кеудеден ерлік қашады», т. т. толып жатқан қисынды жасалған нақыл типтес мысалды лек-легімен келтіруге болады. Мұның бөрінің құрылысына, мағыналық сипатына зер

салып қарасаңыз, көбіне-көп бұрынғы бар үлгілер негізінде жасалғанын байқау қиын емес. Яғни бұлардың жасалу жолында да, құрылымында да қазақ тілінің заңдылығынан тыс ештеңе жоқ. Мұндай мағыналы орамдар шығарма тілін шұрайлы етумен қатар, ана тіліміздің бейнелі сипатын дәріптей түсетін белгілер. Екі кітаптың екеуінде де мұндай сөз элементтері мол. Келтірілген мысалдар романның бірінші бөлігінен алынып отыр. Мұндай мысалдардың түр-түрін екінші кітаптан да молынан кездестіреміз. Алдымен өзіндік үлгіде жасалған не мүлде жаңа, не араласа келетін нақылдарды келтірелік.

«Көз көргенді қол көтермейді», «Уайым меңдеген кеуденің қауқары шамалы», «Бөрі жемтігіне оралмай тұрмайды», «Жегенім — жент, мекенім — кент», «Жетім қозы телінгіш», «Ұрлап көрген жырлап айтуға жақсы», «Тексіз құлын тістеуік», «Ер азығы — қанағат», «Жер емген — нәр емеді», «Ар жазасы — жан қазасы», «Үндемес жанның үгіті — еңбегі», «Көңіл көңілден су ішеді», «Қолы қаттының зілі қатты», «Жер ашуы — жан ашуы», «Тілегі бірдің — тірегі бір», «Елдігі бардың ерлігі бар», «Бұтаға тығылған торғай да қырғидан жан сақтайды», «Қойға сақпан табылар», «Көсеу ұзын болса, қол күймейді», «Туған ел — торғын бесік», «Ажал — апат, ауру — әлек», «Жалғыздың қоңы қанжығада», «Бақыт — арман, дүние — қонақ», «Ат иесімен сұлу», «Атан өлсе, сойылар, адам өлсе, қойылар», «Ниеті түзелмеген үйдің түтіні тұзу шықпайды», «Жоқтық — тоқтықтың жауы», «Қылмысын түсінгені — арына жүгінгені».

Бұлар — көркем туындының көркемдік деңгейін көтермелеп тұрған сөз тізбектері. Автор, көбінесе, кейіпкерлерінің аузына осындай сөз салып, сол арқылы оның кім екенін танытуға тырысса, енді бірде әңгімеге өзі араласып, тәптіштеп, тағлым аларлық тіркестер тізіп кетіні бар. Сөз сырына үңіліп, содан рақат тапқысы келген адам жаңа бір туындыны қолына алғанда, алдымен, сымбат пен мағыналық бояуы айқын осындай түйдектерге назар аударады.

Сөздерге мағыналық өң беріп, бейнелі тіркестер жасауда тіліміздің мүмкіндігі шексіз екенін осы келтірілген мысалдардан-ақ көруге болады. Әсіресе кейінгі үйірдегі асты сызылған нақылдарға назар аударсаңыз, үлгі-өнеге тұтарлық ойлы тізбектер тіл мәдениетіне қосылған үлес есебінде бағаланғаны жөн. Бұлар арқылы әсіресе

жастарымыз аз сөзбен көп мағына айтуға болатынын ұқса, екіншіден, сол сөздерді ретімен орны-орнына қойып қолдана білсе, керемет қнысып, қисын тауып құбыла, құлпыра түсетінін аңғарады. Сөздің мүмкіндігі шексіз дейтініміз сондықтан. Тіліміздің осындай мүмкіндіктерін меңгеріп, соны өз мақсатына орай еркін қолдана білген жазушы жай ғана жазушы емес, көркем сөздің көсегесін көгерткен суреткер ретінде танылады. Софы Сыматаевтың сөз саптауынан да біз осындай нышанды байқаймыз.

Сөз жасаудың бір көзі — қосымшалар. Автор-лық/лік, -дык/дік, -тық/тік, -қар/кер, -қар/гер, -қалы/келі, -қан/ген қосымшаларының көмегіне көп сүйенген. Бұлар ежелгі дағдымызда бар, көне дәуірден бері сөз тудырғыш тәсіл ретінде жарап келе жатқан жұрнақтар. «Елім-айда» ерсісі де, реттісі де кездеседі. Әсіресе -лық/лік жұрнағы молынан қолданылған. Бұл қосымшаның бертінде тым өнімді тәсілге айналғанын ескерсек, сол арқылы жасалған көп сөздер көңілге күдік ұялатады.

Қазіргі әдеби тілімізде қолданыс өрісі тарыла бастаған талай сөздер романда жаңғырып, өмір кеше бастаған тәрізді. Кейде ол сөздер сол қалпында әжетке жарап жатса, енді бірде қайсыбір қосымшалар арқылы тұлғалық өзгерістерге түсіп, өзгеше бір роль атқарып кетеді. Бұлардың арасында *мешіт, мұтауалла, хатиб, зекет, хараж, райат, фәрман, тәбділ, баһадур, рабай, рәуіш, пәруана, тауфиқ, калима, паруардигар, підия, зілзала, уазипа* деген тәрізді толып жатқан араб-парсы сөздері, *зарго, манжы, ару, уанди, бодан, дәлия, тутул, хонтайшы, хошоут, чорос, тайша, дүрбіт, тойны, геген, кутіх, түмен, лама, халха, хошун, бурхан, қыштымы, держун, ах* сияқты монғол, ойрат сөздері бар. Жазушы бұлардың қайсыбіріне түсінік береді, енді бір алуаны сол қалпында қолданысқа түскен. Сөз мағынасын ашып айқындаудағы мұндай жүйесіздік жазушыға мін.

Заман, дәуір келбетін суреттеуде жер, су, кісі аттарының пайдасы мол деп білеміз. Өйткені көне дәуірге тән көне ұғымның көбі осы жер, су, кісі аттарында таңбаланып отырады. Тіпті қайсыбір атаулар арқылы сол кезеңнің кейпін шамалап, өткен оқиғаларға баға беріп отырамыз. Ел тарихы мен жер тарихында едәуір орны болған әйгілі оқиғалар кейбір кісі аттары мен жер аттары арқылы елдің есінде қалған. Тарихи тақырыпқа бар-

ған қаламгер мұндай фактілерді тірнектеп жинап, көздің қарашығындай сақтайды. Оқиғаны өрбітуге пайдаланады. Кейіпкерсіз кескін жасай алмайсың, ал белгілі мекен-тұрақсыз оқиғаны өрбіте алмайсың. Ендеше, мұның бәрі қажетті детальдар.

«Елім-айда» мұндай фактілер де жеткілікті. Қаз дауысты Қазыбек би, Төле би, Әйтеке би, Бұхар, Ақтамберді жырауларды, Әбілқайыр, әз Тәуке, Әбілмансұр, Әбілмәмбет, Семеке, Барақ хан-сұлтандарды, Бөкенбай, Қабанбай, Есет, Райымбек, Жәнібек батырларды тарихтан білеміз. Сондай-ақ, Аюке, Қалдан-серен, Рабтан т. т. ойрат-қалмақ хандары мен бектерінің есімдері де еміс-еміс бізге жеткен. Аңырақай, Күлтөбе, Қалмаққырған, Ұлытау, Қаратау, Сырдария, Энгрен, Бөген, Арыс, Шу, Сарысу, Телікөл, т. т. жер-су аттары да түрлі оқиғаларды еске салатын атаулар. Міне, соларды жіті зерттеп, автор көп сырды қайта жаңғыртқан екен.

Жазушының жазу өнеріндегі өзіндік өрнек, әсіресе оның сөздерге оң беріп, өзінше ойната білуінен байқалады. Осы жағынан да С. Сыматаевтың бұл романының басқа көп дүниелермен салыстыра қарағанда, ерекшеленетін белгілері бар. Ең алдымен көзге түсетін нәрсе, шешендік өнерге тән ұйқас-ырғақ, әуен үйлесімі. Софының сөйлемдері өлеңнің егіз жолындай әдемі ұйқасқа құрылып, құбылып тұрады. Бірнеше мысал:

«Төбеңдегі төреден даладағы қараң артық. Түйілсе— екпін. Шамырқанса — толқын», «Бақастық балалап, күншілдік күшіктеп жатыр ғой, Карманары болғанмен, қармағаны болмады», «Сөзге бар да, іске жоқ, асқа бар да, күшке жоқ». «Сыртымыздың алалығына қарама, ішіміздің саралығына қара». «Атан өлсе сойылар, адам өлсе, қойылар», «Бұйымын бұлдап, товарын тұздап», «Айды аптап, күнді күптеп», «Дегенім болсын, көгенім толсын» т. т.

Немесе әдеттегіден тыс стильдік ажар арқалап тұрған мынадай тіркестерге назар аударалық. Мұндайлар тіпті көп. Бір ғана «сау» етістігінің мағыналық өрісін қараңыз.

«Қулық сауу», «үміт сауу», «дау сауу», сол сияқты «қапа салу», «жүзін көму», «терін үгу», «үміт егу», «теткіп қалу», «құрық созу», «сәуе айту», «күлкі бүрку», «көңіл шөжу», т. т. толып жатқан тіркестер де жазушы қаламының өзіндік машығын таңытатын белгілер. Бір

ескеретін нәрсе, сөз бен сөз тіркестерін осылайша құбылта қолдану, дағдыдан бөлектеу қызмет беру — тек С. Сыматаевқа ғана тән емес, қазіргі қаламгерлердің көбінде кездесетін үлгі.

Шығарма тілінің стилін ерекшелендіріп, мәдени өрісін көтеруге септігі тиетін материалдың енді бір алуаны қос сөздер. «Елім-ай» романын басынан аяғына дейін сүзіп шыққанымызда қос сөздің мол қорын кездестірдік. Сыматаевқа тән ерекшеліктің бірін осы тілдік фактінің өрісінен де байқауға болады екен деп түйдік. Мұны автордың есепсіз мол қолданатыны соншама, тіпті жеке сөйлемдердің өзінде қос сөздің бірнеше жұбын кездестіресіз. Олардың атқаратын стильдік қызметі әр алуан. Оқиғаны, ойды үстемелетіп, әсірелеп, неше қилы әр беріп, өзгеше бір әсермен суреттеуде мұндай тіл құралының ролі ерекше. Мәселен, «...зу-зу ағып, қарғып-секіріп, төбеден қылт-қылт асып» дегендегі қос сөздер бір ғана сөйлемнен алынып отыр. Сондай-ақ «сұп-сұр булығып, дір-дір қалшылдап, буып-буыны босады», «Сарт-сұрт қамшы ысылына санқ-санқ зілді бұйрық... араласқан соң», т. т. мысалдарға зер салсаңыз, олардың стильдік қызметін байқамау мүмкін емес. Сөйлемге өзгеше өң беріп, ойнақы орам жасап тұрған мұндай мысалдарға қоса, көптеген синоним сөздердің ретсіз қосарланып, қос сөз жамылып тұрған фактілер де жетерлік. Жазушы тілінің мәдениетін бағдарлауға келгенде бұлардың көлеңкесін сезбей отыра алмаймыз.

Жазушының тіл байлығы бірқатар кәсіби сөздер мен диалектизмдерді іске жарата білу шеберлігінен де байқалады.

С. Сыматаевтың бұл жағынан да үлгі тұтарлық өрнегі бар. Қызмет аясы кеңеюдің орнына көнеріп бара жатқан *берен, қылуа, аяш, қасыл, жанкешті, келе, кер, құбашап, жайқын, қиракезік, міскін, кұлман, дәркар, қана, сідет, бестемше, мыртесе, қиямпұрыс, помыш, кеспір, қоңторғай, сой(ы), зауал, жұрым, бархадар* тәрізді көптеген сөздің көзі ашылып, жаңаша қыры, басқа бір мағыналық белгісінің бағы жанған. Әрине, іріктеп-саралап келгенде, қолданысы көкейге қона қоймай, жапсырылған жамаудай ілініп тұрған сөздер де бар.

Сыртқы құрылысы ұқсас, мағыналық ажары шамалас сөздерді тіпті бір сөйлем ішінде түрлендіріп, қабат-

тастыра, қатарластыра қолдану Сыматаев стиліне тән құбылыс. Мына бір мысалды алалық:

«Сөлекет ұрының пәлекет әрекетін ел қарекетіне саймайық». Осындағы «сөлекет», «пәлекет», «харекет» сөздері, әрине, сөйлемді аз да болса ырғақты сазға бөлеп тұр. Ылғи ұйқасып түсіп жатқан сөйлем мүшелері тыңдаушыға, оқырманға әсер етпей қоймайды. Ал мағыналық қатпарын қазбалап, қадағалап қарар болсақ, өзі «сөлекет» бола тұрып, ол ұры қалай «пәлекет» әрекетке барған деген сұрақ тұрады көкейде.

Халықтық туындыда жалпы халықтық лексиканың бар байлығын іске жаратуға кім де болса ерікті. Бір есептен, автор араб-парсы тілінің әсері әжептәуір бой көрсете бастаған тұстағы сөйлеу мақамын ескермей тұра алмаған. Сондықтан, *қарекет*, *паруана*, *пәндеме*, *пәруардигар* дегендердің сондай тарихи паспорты бар сөздер екенін есте тұтуымыз керек. Дегенмен жазушының «әрекет» пен «қарекетке» өзінше мағына теліп, айырым белгі салуға тырысқан мынадай «харекетін» түсінбедік:

«...Уа, алдияр! Аға деп *әрекетіне бақсақ*, бала деп *қарекетін көрсететіндер* көбейіп, көптігін жасайды, қайта айналып иттігін жасайды».

Мұны Есет батырдың аузына саларлық сөз деп айтуға көңіл бармайды. Қанша жерден әрекет, қарекет деп ұйқас қуып, сөзуарлыққа салынғанмен, беймағлұм бір күйге тап болып отырмыз. Сонда әрекет дегеніміз не, қарекет дегеніміз не деген сұрақ туады. Оның үстіне тарихтан біз білетін Есет бұлыңғыр сөзге зауқы жоқ, айтса, кесіп айтатын, шапса, кесіп түсетін қайсар тұлға сияқты еді. Тағы бір айта кететін жайт, осы қарекет сөзінің орфографиялық нұсқасы жайында. Біресе «қарекет», енді бір жерде (осының алдындағы мысалды қараңыз) «харекет» түрінде жазылған. Мұндай қателер жазушы тілін шұбарлайды. Мұны айтып отырған себебіміз, романда ала-құла жазылып, әр қилы қолданыста көрінетін неше алуан сөздер кездеседі. Оның бәрін ежіктеп тізіп жатуды артық деп санадық. Сонда да:

«Бимәлім жүрістің беймәлім соқпағы», «еріксіз бас сұнып кеткен тірлік», «Тынышбай... тұяқ дүрсілін өз жүрек дүрсілімен аулап тұрып қалды», «Үш ұйқымды төрт бөліп», «Бейуақ шақта бейуақыттай ой туды», «Мұң жүрегiнiң басына тырс-тырс тамады», «Жасар қайласы жоқ», «қарекеті болатын», «тамағына тұмсығын көміп

жіберу», «іргелес елден қорғалас күту», «Соқталы шайқас, ноқталы бастың сыбағасы», «Тұмсығын көміп-көміп ұзақ иіскеді», «Шығынып қашқан сиырлар», «Шашын егей тістеп, мұрнымен қинала ынырсиды» сияқты сөздер мен сөз тіркестерін барлап қарасаңыз, сауаттылықтың сапасын төмендетіп тұрғанын байқамау мүмкін емес. Сол тәрізді екінші кітаптан алынған мына мысалдар да:

Ытқытты, аузымен... қауып-қауып жіберді, ырс-ырс сөйледі, сыздықтата түкірді, күлкі бүрікті, ерін көбесін сөкті, кеуденің шыбынын дүресімен қуалады, іңгәсін күлкімен көмді, жасын саусағымен егеп-егеп жіберді, елсіздің жалғыздығы жалықтырды, созалаңдап келіп отырды, жанарлар сүрініп-сүрініп өтті, жанарды күркелей жасырып, уыт бүрку, реңге нұр тоғытты, сезімді қуып тастау, бетімен егеп-егеп жіберді, көз қиығын тұсады, таңдайдан сілекей аулап, түкірігін жұтынды, қамшысын көміп-көміп жіберді, құшағына көміп жіберді, тілекті таусау, кінәмшіл ойға құрық салды, бүлік кекесінді бүркіп жіберді, т. т. С. Сыматаевқа тән қолданыстар. Біз бұларды романнан өте жиі кездестіргендіктен, іріктеп алып отырмыз. Сөз жоқ, бұл тіркестер кейіпкердің қимыл-қозғалысын, әдет-дағдысын сипаттап беруге сеп. Алайда олар шамадан тыс қайталана берген соң, шығарма тілінен алатын әсерге көлеңке түсірмей қоймайды. Оның үстіне осындағы сөздердің көбі қалыпты қолданыстан тыс бір өгей ортаға түскендей үрпип ерсілеу қатар түзейді. Шынында, түкіру үшін таңдайдан сілекей аулау, ашу-ыза шақыра сөйледі деудің орнына қауып-қауып жіберу, немесе ерін көбесін сөкті деп қиындата түсудің көкейге қонып тұрғаны шамалы.

Бейнелеп сөйлеудің жөні осы екен деп, көптің сөз жарату, тіл қолдану дағдысын тәрбиелей түсуді, тағлымын кеңейтуді мұрат тұтқан адам қисынсыз нәрселерді қиыстырып әуре болмайды. Жалпы, әңгіменің орайында айта кетуді тілейтін бұл жайт, тек Сыматаевтың шығармасына ғана тән емес. Қазір қаламының қарымы бүкіл қазаққа танылып, одаққа озып шыққан орта буын мен жас буынның көбінен осы тектес мағынасы бұлдыр, құрылымы ойнақы, түрі жылтыр сөз орамдарын кездестіруге болады. Мұның шеберліктің емес, түсініксіздік пен көп сөзділіктің «мектебі» екенін кейде ескере бермейтін сияқтымыз. «Елім-ай» романының көркемдік сипатына

аз да болса нұқсан келтіріп тұрған, міне, осындай сөз үйірлері.

Ал тұтасынан алғанда, бұл роман — қазақ тілінің бай лексикасын, сырлы сазын, шексіз бейнелі сипатын, эстетикалық ажарын, т. т. толып жатқан айшықты қасиетін молынан қамтитын және тіл мәдениеті тұрғысынан зерттеуге мол материал бере алатын көркем туынды. Сайып келгенде, көркем әдебиет тілінің мәдениетін көтеретін көркем тіл демекпіз.

Қ. НЕТАЛИЕВА

«ЖАЛЫН» АЛЬМАНАХЫНЫҢ ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

Туған әдебиетіміздің қол жеткен табыстары мен міндеттері, сонымен қатар ана тілі мәдениетіне қатысты әр түрлі мәселелер, әсіресе соңғы жылдарда күн тәртібінен бір сәт түспей келеді. «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттері бетінде әр тұста жарияланған Социалистік Еңбек Ері Ғабит Мүсіреповтің, республика жұртшылығына танымал, араб-парсы тілдерінен қазақ тіліне енген сөздердің қыр-сырын баяндап жүрген Нұртас Ондасыновтың, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшелері, профессорлар М. Балақаев, Р. Сыздықовалардың мақалалары ана тілі мәдениетінің ең өзекті мәселелеріне арналған. Тілдің жаны — сөз байлығын орынды пайдалану, жеке сөздердің, тұрақты тіркестердің мағыналық ерекшелігін аша білу, әдеби норма және оған диалектизмдердің қатысы, сауатты жазудың озық үлгілерін сақтау — жоғарыдағы авторлар қозғаған мәселелердің негізгі арқауы.

Әрине, қазіргі тұс-тұстан тасқындаған информация дәуірінде өмір сүріп отырған бүгінгі замандастар үлесіне тиер рухани дүние ұшан-теңіз. Күнбе-күнгі мерзімді баспасөз, радио, телевизия хабарларын айтпағанда, дүние жүзі әдебиеті, совет халықтары мен туған тіл әдебиеті, бұлардың сыртында ғылым мен техникаға, өнер мен мәдениетке қатысты мол қазына тағы бар. Бір ғана Қазақстан жазушыларының VII—VIII съездері аралығында тек көркем әдебиет баспасынан ірілі-уақты мың жарымнан астам кітап жарық көрген болса, бұл — баспа ісінің зор қарқынмен дамып отырғанының дәлелі. Сон-

дықтан баспадан шыққан дүниенің барлығын бірдей оқып отыру да мүмкін емес.

Соңғы кезде кино, телевизия ісінің ерекше дамуымен байланысты әдебиет классиктері нұсқаларын оқудан гөрі экранға шығарудың жиілеуі де (әрине оқумен салыстырғанда экраннан көргендегі алар әсер әлдеқайда өзгеше болары күмәнсыз) — өмір және уақыт талабынан туып отырған жайлар.

Баспадан шыққан сан алуан әдеби шығарманың ішінде идеялық шешімін тауып, көркем сөз үлгісі дәрежесіне көтерілуі тұрғысынан қарағанда, халық тарихынан өзіндік орнын алып, әдеби мұра қорына енетіндері де, орта қолдылары да, өмірі қысқа, сапасыздары да болады. Бұл тұста дүниеге келген әрбір көркем шығармаға жанашырлықпен қарап, өткір де әділ сын бағасын беру, үлгі тұтар жақсылығы болса, нендей қасиетімен жақсы, қандай жаңалығы бар, белгілі образ сәтті шыққан болса, оның сәттілік сырын аса бір ұқыптылықпен аша, оларды дәл танып, сыбағалы орнын нұсқау — бүгінгі сыншылар алдындағы төл міндет. Өскелең өмір талабынан шығар мәдениетті, әділ сын әсіресе жас қаламгерлерге болашақ іске сенімін молайтар, көмегін тигізіп, қанат бітірер күш болмақ.

Біз бұл мақалада тіл мәдениетіне тікелей қатысты сөздер мен сөз тіркестерінің, фразалық, идиомдық тұрақты тіркестердің қолданылу заңдылығын сақтау, тілдегі штамп (қалып, клише), сауатты жазу мәселесі төңірегінде ғана тоқталмақпыз. Бұған тіл фактілері бірлі-жарым мерзімді баспасөзден, негізінен, «Жалын» альманах-журналының 1980 жылғы шыққан сандарынан алынды.

«Жалын» баспасының жанынан екі айда бір шығатын әдеби-көркем және қоғамдық-саяси «Жалын» альманахының шыға бастағанына он үшінші жыл. Осы мерзім ішінде ол өз оқырмандарының алдында белгілі дәрежеге көтерілді. Мұнда, көбінесе жас журналистер мен ақын-жазушылардың алғашқы туындылары, сын мақалалары жарияланады.

Ғылымы мен мәдениеті ілгеріректе дамыған, сөз байлығы әріден зерттелген, тәжірибесі бай тілдерде сөз жұмсау өнеріне өте жоғары талап қойылады. Бірде-бір сөздің бұзылып айтылуы мен жазылуына жол берілмейді. Сондай тілдің бірі — орыс тілінің мол сөз байлығы әр

түрлі сөздіктерде тіркеліп, әр сөз бен сөз тіркестерінің мағынасы, қолданылу аясы толық жіктелген. Бұл тілде сөздіктерден қалыс қалып, бет алды жүрген сөз кездеспейді-ақ.

Қазақ тілінде сөздіктер құрастыру Октябрь революциясынан кейінгі, әсіресе соңғы 30—40 жыл төңірегінде ерекше дамыды және ол жылдан-жылға кең қанат жайып жетілу үстінде. Түсіндірме, орфографиялық, фразеологиялық, этимологиялық, терминдік, диалектологиялық, т. б. әр түрлі жүзге тарта сөздіктер — осы саладан қол жетіп отырған үлкен табыс, халық мұрасы. Ана тілі сөз байлығының мол қорына енетін жеке сөздердің, сөз тіркестері мен фразалық, идиомдық тұрақты тіркестердің негізгі, қосымша мағыналары, мағыналық ерекшеліктері, басқа сөздермен, тіркестермен айтылудағы сан алуан құбылмалы (контекстегі) мағыналары да, негізінен осы сөздіктерде айқындалып отыр.

Күні бүгін қазақ тілінің сөз байлығы түгел есепке алынып болды ма деген сұрақ қоятын болсақ, оған мынадай сөз, тіркес, фразалық, идиомдық тіркес бар деп, үзілді-кесілді жауап айту да қиын. «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» мен он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» Тіл білімі институтының картотекалық қорындағы төрт миллионнан астам карточка-цитата негізінде құрастырылды. Тіл-тілдің лексикалық құрамы үздіксіз дамып, олардың мағыналары үнемі айқындалып отыратын болса, соған сәйкес сөздіктер де жетіле береді. Сол сияқты қазақ тілінде әлде де болса, сөздіктерге ілінбей жүрген, жаңадан кірген немесе тың мағынаға ие болған сөздерді айтпағанның өзінде, ғасырлар бойы ана тіліміздің тілдік қолданысында болып, қазірде оның шыңырауында жатқан небір асылдың көзі бар. Осылардың барлығын аса бір зерделілікпен іздеп тауып, игілікке жаратып, оларды сөздіктерге үнемі енгізіп отыру — қажетті де игілікті іс. Бұл — әдеби тілдің әр жанрына да бірдей, әсіресе көркем әдебиетке бір табан жақын.

Ана тілінің байлығы мен асылын, қанатты сөздерін тілдің алтын қорына жаратуда жазушылар, әсіресе аға буын жазушылар мен тәжірибелі журналистер қауымының атқарған еңбегі мен қосқан үлесі үлкен. Бұл дәстүрді бүгінгі қаламгерлер де мүмкіндігінше жалғастырып келеді.

Осы тұрғыдан қарағанда, орынды қолданыс қатарына мынадай мысалдарды келтіруге болады:

Бірақ қарт Мамай мұнымен тоқтамаған. *Саркөбең* қалыпқа жеткізбек. Бәйгеге *ақ жілік* етіп қоспақ. Жарауы да келіскен — *қу тезек*. Жүзіктің көзінен өтердей сұлу кейіпке түсіпті. Бірі — жарауы жетпеген *қара қарын*, бірі — күйі ауған *құм жілік*.

Осындағы аламан бәйгеге қосар жүйріктің баптау дәрежесін анықтар *саркөбең*, *ақ жілік*, *қу тезек*, *қара қарын*, *құм жілік* сияқты тіркестерді М. Мағауин «Нарқызыл» атты шағын әңгімесінде белгілі мақсатпен қолданған. Майты Юсуповтың «Өрімші», «Үйдің көркі ши екен» деп аталатын қысқа очерктерінде тері илеу, теріден таспа тілу, тілінген таспадан жасалатын әбзел мен өріліп істелетін қамшының неше бір түрлерін, сондай-ақ, ши тоқу өнерін баяндауда шебердің іс-әрекеті төңірегінде сирек айтылып жүрген ондаған сөздер мен тіркестер орынды келтірілген. Солардың ішінде *қынжыдан өткізу* (қайыстың тілінбеген бөлігін қынжыдан өткізу), *топшылап тастау* (қайыстың... тілінген бөлігін жұмырлап өріп, ұшын топшылап тастайтын, қызба жігіттер қамшының ұшына қорғасын салдырып топшылататын), *бауырлап жону* (сап, қамшының сабы) ағашты... бір бүйірін бауырлап жонатын), *қайыңның тошыны*, *тегене қыру* (қайыңның тошынынан аяқ-табақ, тегене қырдым) немесе шиге байланысты: *ши үйту* (енді шиді үйтеміз), *шидің қарақұсы* (шидің қарақұсын сындырамыз), *шиді кекілдеу* (шашағы кекілденген ши), *шыбын қанат* (үш жіптің тарқалған бөлігін шыбын қанат деп атады), *шым ши* (шым шиді тоқып болған соң, бас-аяғын тегістеп шауып, үйдің оң жағына тұтты) сияқты тіркестер де қазіргі қолда бар сөздіктерге енбей, ұмыт болып бара жатқан ұғым атаулары. Сол сияқты А. Сейдімбековтің «Ойсылқара» атты очеркінде түйе түлігіне қатысты атауларды топтап, жинақтап бергендігі құптарлық жай. Очерктегі Нұрбек — Қожекеңнің *кенжесінің алдындағы баласы* (кенжесімен тетелес немесе кенжесінен үлкені емес пе?) сияқты сөз қолданысты орынды деп таппасақта, *түйе тіздеу* (түйе тіздеп, тізесін бүктіріп көрмеген өңшең тік бақайлар), *күзер салыну* (мұз қатқан соң да күзер салынып, күл төгілуін күтісетін), *өркенін тастау* (жас ботаның ішінде өркен деп аталатын ұзын тоңғақ болады, оны тастату үшін ботаның аузына жылқы

майын... құю керек) сияқты тіркестерді орынды қолданғанын атамауға болмайды. Өйткені жоғарыда келтірген мысалдардағы біз көңіл аудартып отырған сөздердің мағыналары толық ашылмай, күні бүгінге дейін сөздіктерде тіркелмей, әзірге қолданылу аясы шектеліп келгендер. Халықтың саяси-әлеуметтік тарихына, тұрмыс-салтына, этнографиясына, мәдениетіне, жалпы тіршілігіне қатысты жұмсалатын, көпшілігі активтен пассивке қарай икемделіп, қазіргі қолда бар сөздіктерге ілінбей, мағыналары толық ашылмай, күңгірттеніп бара жатқан осы сияқты бірсыдырғы сөздердің қажеттілерін активтендіру, оны көпшіліктің қажетіне үнемі жаратып отыру, әсіресе жастарға тіл ұстартуға пайдалану — игілікті істе, оны жүзеге асыру — бүгінгі зиялылардың төл міндеті.

Сөздерді орынды қолдану, тұрақты тіркестердің табиғатын сақтау тіл мәдениетінің көкейтесті мәселелерінің бірі. Ғасырдан ғасырға ұласып, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан халқымыздың асылы мен қымбаттысы — ана тілі өзінің сөз маржанын бұзып, қалай болса солай айта беруге көнбейді. Жеке сөздер мен тұрақты тіркестер тілдің кірпіші болса, сол кірпішті кетігін тауып қалағанда ғана, ол сындарлы да көркем, мағыналы да біртұтас дүние болмақ.

Сөзіміз жалаң болмас үшін ана тіліміздің осы қасиеттеріне нұқсан келтіреді-ау деген «Жалынның» бетінен мынадай мысалдарға зер салайық.

Туарманға келіп отырған келіншегі қалды артында соры қайнап (6,79)¹; *Елегізілген ауыл*, егілген ата-ана; толықсыған арулар қалды артымызда (6,77); Мына азынаған суықта бір қолын екі ете алмай тыраштанып тыртысқан *тірмізік шопанды* қонақшылап қинамайын, шаруасынан бөлмейін деп ойлады (2,125); «Күн қайтты?.. Малға су бер! ...Есігін қымтап жап!..» — деп *татымал татаусыз сөзді піспектеп* сөйлеп тегі құлақ сарсылтты (2,135); Басалқының сөзі еттен өтіп сүйекке жетсе де Сыпақұл өз қуанышын өзі бұзбайын деп *сұрғая сазарып* ләм демеді (2,134; бір де тыныс белгісі қойылмаған); Сыпақұл тәулік өте беті бері қарап *аяғына мінген* (2,135; мұнда да тыныс белгісі қойылмаған); Ұзамай

¹ Жақша ішіндегі бірінші сан «Жалынның» 1980 жылғы номерін, екіншісі бетін көрсетеді.

ат арқасына мініп, ағайын арасының билігіне араласады (2,138); Елдің байлығына қорымал болғаным үшін жа-зықтымын ба? (1,103); Не қаһар шашып қатуланары жоқ, не жадырай жарқырап ашылары жоқ күздің көкезу сылбыр жауыны жолдағы екі күн бойы толассыз жылып, тіпті, діңкелетін жіберді (2,136); Өз аяғынан тиіп танысқан қыздың мысы басты ма, бағанадан бері оның жүзіне көз тоқтатып қарай алмаппын (3,8); немесе шалқар ақиқат (1,147); өмірі бақыт (2,145); кеңсірігін тарту (6,12); қасиетке иелену (...өткенді жаңғыртушылық қасиетке иеленді — 4,158); Қанша мәрте деудің орнына қаншама мәрте (3,76); бірнеше минут бұрын, біраз уақыт бұрын деудің орнына бірнеше минут уақыт бұрын сияқты қолданыстарды «Жалынның» бетінен ұшыратып отырмыз.

Осы келтірілген мысалдардың қай-қайсысында да бірінде азырақ, бірінде көбірек тіл заңдылықтарының бұзылу фактісі бар. Айталық, *туарманға келіп отырған келіншек, елегізілген ауыл, аяғына міну, ат арқасына міну, көкезу жауын, өз аяғынан тиіп танысқан қыз* сияқты тіркестердің сәтсіз қолданыстар екенін айтпауға болмайды. *Тірмізік шопан, татымал татаусыз сөзді піспектеп сөйлеу, сұрғая сазару* сияқты тіркестер қаламгердің сөздің сыртқы тұлғасы мен дыбыс ұйқасымын қуалап, жаңа сөз жасауға, өзіндік тіркес құруға тырысу, ұмтылу нышанын аңғартады. Бірақ көркемдік дәрежесіне көтеріле алмаған бұл сияқты келіссіз тіркестерді әдеби шығарма үлгісіне енгізгенде, автордың не ұтқаны, әрине түсініксіз. Тек қана сөз туғызуды, жаңа тіркес құруды мақсат етпей (ондай сәтті қолданыстар болып жатса, құба-құп), ана тілінің мол қорында бар небір асыл сөз, өрнекті тіркестерді құлпыртып, сәнді орнында көзін тауып сөйлете білген — әлдеқайда бағалы да құнды болары даусыз.

Әбден тұрақталған фразалық тіркестердің де кейбір өзгеріске ұшырап, теріс қолданылу фактісін «Жалынның» бетінен кездестіруге болады. Айталық, ақтылы қой, ақалалы жылқы (6,34) — бұл фразалық тіркестің, ең алдымен, бірде — *ақтылы қой, алалы жылқы*, енді бірде — *алалы жылқы, ақтылы қой* болып қолданылып жүрген фактісін кездестіріп жүрміз. Фраза компоненттерінің логикалық орын тәртібіне қарағанда, сөздіктерде

(түсіндірме, фразеологиялық) ² норма деп танылып көрсетілген түрін тұрақтандыруды ескерсек, *алалы жылқы, ақтылы қой* түрі дұрыстықа саяды. Мысалы,

*Алалы жылқы, ақтылы қой,
Аңдыған бөрі жемей ме?
Несі ұйықтап жатқан соң.
(Махамбет)*

Екіншіден, *ақтылы қой, ақалалы жылқы* фразалық тіркесіндегі *ақалалы* сөзі теріс қолданылған. Дұрысы — *алалы жылқы*. Бұл фразалық тіркесте малдың түсінен көрі, сапалық белгісі басым. Оның үстіне *ала*³ сөзінің тарихи қолданыста *ат, азбан* мағыналарын білдіретіні тағы бар. Мысалы,

*Ерлер мінер алаға,
Көңілім толды санаға
(«Алпамыс»)*

Терең батырады, көп қорқытады (1,131) деген фразалық тіркес компоненттерінің орын тәртібінің ауысуынан, ондағы логикалық ой түгел бұзылған. Дұрысы — *көп қорқытады, терең батырады*. Мергендік өнерін бұлжытпай суреттейтін *құралайды көзге атқан* деген тіркес тұрғанда, оны *құралайды көзінен тигізетін мерген* (6,75) деп жазғанда, қаламгер не ұтады?! Сол сияқты *қойшы көп болса, қой арам өледі* дегенді өзгертіп, *қойшы көп болса, қой аштан өледі* (2,131) деу, *жігіттің сұлтанының* үлгісімен *қыздың сұлтаны* (6,50) деп, *қолды-аяққа тұрмай* деудің орнына тіркесім заңдылығын бұзып, *қолды-аяқта тұрмай* деп қолдану — көп ізденбеушіліктен, жауапсыздықтан, ана тілі заңдылықтарына ат үсті қараудан шыққан кемістіктер мен олқылықтар. Осы сияқты теріс қолданыстардан тұрақты тіркестерге қатысты сөздердің орын ауысуы, арасына бөтен сөз қойып айтылуы, ассонанс, аллитерацияның, мағыналық тұтастықтың бұзылуын көреміз. Мұндай олқылықты тұрақты тіркес заңдылығы көтермейді де, соған орай олардың көркемдік құны түседі. Мақсатымыз — альманахта кездескен бірлі-жарым сәтсіз қолданған сөздер мен тіркестерді теріп

² Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1974, 1-т., 152, 190-б. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977, 27, 32-б.

³ Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. Алматы, 1980, 23—24-б.

алып, оны желеу қылу емес. Біздің көздейтін негізгі нысанамыз — ана тілінің заңдылықтарын мұқият сақтау мен тіл мәдениетін көтере түсуге шақыру, әсіресе, жас қаламгерлер мен жас журналистерге ой салу, болашақта бұл сияқты кемістіктер мен қателерді болдырмауға ат салысу.

«Жалында» жарық көрген әдеби нұсқаларда стильдік кемшіліктер де жоқ емес. Мына төмендегі мысалдарды байқап көрелік:

Сыпақұл көрпеше жиегіне құйрық баса беріп, терезеден көрген, *шындығында* бес-алты қара борбай газигінің есігін ашып, рульге таласып, алысып-жұлысып *ойнап жатыр* (Д. Досжанов, Төзім, 2,125). Біздің байқауымызша, екі түрлі себептен осы сөйлем нормадан ауытқып тұр. Ең алдымен, сөйлем мүшелері бір-бірімен толық қиыспай тұр; екіншіден, *шындығында* сөзінің орын тәртібі бұзылған. Осы сияқты заңдылықтардың ауытқуынан бұл сөйлем оқуға ауыр, бірден түсініксіз, шұбаланқы болып құрылған. *Кейіпкерді қоршаған табиғи және әлеуметтік орта* осылайша біртұтас сипат иеленіп, *табиғи ортадағы* характер құбылысы мен *әлеуметтік ортадағы* характер құбылысы егіз, параллель бағыт алады. *Табиғи орта кейіпкерді қоршаған әлеуметтік ортаның* шындығына қосымша мән үстейді. Ал кейіпкердің *табиғи ортадағы* әрекеті оның *әлеуметтік ортадағы* әрекетін тиянақтап, толықтырып отырады (4,156). Қазақ әдебиетінің жанды мәселесінің біріне арнап, өз ойын ортаға салған жас сыншы Ж. Дәдебаевтың зерттеу мақаласынан келтірген осы шумақты сәтті құрылған деп айтуға тіпті де болмайды. Онда *кейіпкерді қоршаған табиғи, әлеуметтік орта* тіркестерін автор шамадан тыс қайталай беріп, айтайын деген ойын күңгірттендіріп, шашыратып алған. Сондай-ақ, кешікпей-ақ бұлар әлгі *екі келіншектермен* өкшелесіп қалған-ды (К. Ахметбеков, Егіз қайың, 5,44) — деген сөйлемде дұрысы — *екі келіншекпен*. *Машинадан түспей жатып-ақ кеңседен шыққан жалтыр басын күнге шағылыстырған* жуан адам бұның қасына жетіп, шапшаң қимылына көзі ілеспей, көптен күтіп отырған қонағы келгендей-ақ құрмет көрсете қолтықтап, түсіріп алды (Н. Оразов, Айыпкер, 5,97). Бұл сөйлем де қалай болса солай құрылған.

Ана тілімізде жазу тәсілдерінің толық жетілмеген, көркем шығарма үлгілерінің бастау да балаң шағында —

жиырмасыншы ғасырдың басында шығып тұрған «Ай-қап» журналы мен «Дала уәлаятының газеті», «Түркістан уәлаятының газеті» беттерінде жиі ұшырайтын, негізі калька жолымен енген сөйлемдерді еске түсіретін төмендегі мысалдарды да бүгінгі күнгі стилі жетілген әдеби норманың қатарына қосу қиын. Олар: ...қыстан қалған қойшыларды аралап: *кімге жемшөп, кімге су, кімге қосымша* жөндеу қажет?... жөппелдеме жәрдем беріп жүрген беті болатын (2,24). Соның кері, *бұл айтар еді*, диқан қауымы ақиқат дана *көнбіс халық деп* (Сонда, 128); Жолшыбай ойлаған: аудандағы бірінші хатшыны қоспағанның өзінде, айтқан сөзі жерде қалмайтын, салмақты салықалы басшының саны *отыздан кем емес деп* (Сонда, 132).

Осы келтірілген мысалдардың қай-қайсысында да сөз қолдану нормасынан ауытқу, ана тілі заңдылықтарының бұзылу фактісі бар. Ұқыпсыздықтан кеткен осындай олқылықты альманахтың әдеби қызметкерлері көріне жібермей, қолжазбаны дайындау үстінде түзетуге болар еді ғой. Қолына қалам алып, халқына рухани қызмет атқаруды мақсат тұтқан әр азамат, ең алдымен, ана тілі заңдылықтарын мұқият сақтап, «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиер, айналасы теп-тегіс, жұмыр келген» дүниені ғана ұсынуы ұтымды. Олай болмай, қаламгер көрген-білгенінің барлығын өмір шындығымен ұштастырмай, ой елегінен толық өткізбей, бояуын жетістірмей, тездетіп жазып, ұсына салса, ол ең алдымен өз басының қадірін кетіріп, өзін сыйламағаны. Қала берсе, оқырман қауымды, ана тілін сыйламағаны.

Ана тілінің сөздік құрамындағы жарыса айтылып, жазылып жүрген сөздердің лексикалық мағыналарын ажырата қолдану — тіл мәдениеті мәселесіне соқпай өтпейді. Тілдегі жарыспалы қолданылып жүрген әр түрлі сөздер мен дублет немесе вариант аталатын сөздердің кіші-гірім тобы бар. Олар өз ішінен бірі фонетикалық, бірі лексикалық, бірі морфологиялық дублеттер болып жіктеліп жатады. Осындай жарыспалы қолданылып жүрген сөздерді ажыратып, әр сыңарына лексикалық мағына теліп қолдану, оны тілде тұрақтандыру, бұл да — қажетті істің бірі. Мысалы, *өкімет, үкімет; ғылым, ілім; уәкіл, өкіл* — осындай сөздер. Бұлардың әрқайсысы жеке бір терминдік атау ретінде тілде қалыптасып кетті. Олардың өткенде жарыспалы қолданылу фактісі де ұмыт бо-

лып барады. Бұрынғы сөздікте берілген, *лұғат, лұғатты; ен, қалың мал* сөздері «Қазақ тілі орфографиялық сөздігінің» соңғы басылымында жоғарыдағы ізбен әр сыңарының мағынасын дәлдеп, даралап тұрақтандыру мақсатын көздеп, *сөз, сөздік* мағынасында—*лұғат, лұғатты; үлгі, үлгілі, парасат, парасатты* мағынасында — *ұлағат, ұлағатты, ұлағатты ұстаз* («жақсыдан — шарапат» сияқты көне тіркеске қосып, «ұстаздан — ұлағат» деп айту да орнын тапқан, өміршең қолданыс болуы мүмкін); *ен — ен салу, ен тағу, матаның ені, екі ен; иен — иен байлық, иен дала, иен дәулет, иен жұрт, иен халық; қалың мал — колхоздың қалың малы, қалыңмал — қалыңмал беру* сияқты ажыратылып көрсетілген. Бірақ осы жайлар ескерілмей, әркім өзінше қолдану фактілері (мысалы, *лұғат, лұғатты ұстаз, ұлағатты сөз* деген сияқты) баспасөз бетінен ұшырап қала береді. Ана тілінің лексикалық байлығын жете меңгеріп, оны орын-орнына пайдалана білу, сауатты жазу үлгісін жетілдіруде ана тілінде шыққан сөздіктердің (некен-саяқ ұшырап қалатын, болар-болмас олқылығына қарамай) алатын орны ерекше. Тіл ұстартудың бір құралы — сөздіктерге үнемі жүгініп отыруды әдетке айналдырған жөн. Бірақ осындай құралдардың құнын жете түсінбей, соның салдарынан оларды мезгілді пайдалана алмау байқалып қала береді. Бұл, сөз жоқ, жеке адамдардың білімі мен мәдениеті өресіне, ана тіліне деген қадір-құрмет пен сүйіспеншілік деңгейіне де байланысты.

Ана тілі мәдениетін сөз еткенде, оған нұқсан келтіретін штамп, қалып жайына тоқтамасқа болмайды. Өйткені штамп бір мағынада жұмсалатын бірнеше сөздің қолданылу аясын шектейді. Бір сөзді «кезекші» (дежурный) сөзге айналдырып жібереді. Айталық, спорт хабарына байланысты *жеңді, жеңіп алды, жеңілді, жеңіліп қалды; ұтты, ұтылды, ұтылып қалды* сияқты сөздерді қазірде кездестіру қиын. Оларды *жеңіске жетті, жеңіліс тапты, жеңіліске ұшырады, жеңіліссіз* сияқты штампқа айналған сөздер мен тіркестер ұмыттырып барады. Көш басында он бір рет *жеңіске жеткен* РСФСР құрама командасы алға шықты; Алматының «Университет» командасы әзірге *жеңіліссіз* келеді сияқты сөйлемдерді радиодан күн сайын естіп отырамыз. *Көкжиек* сөзі *горизонт* сөзінің баламасы ретінде біраздан бері қолданылып келеді. Бұл сөз де *келешек көкжиегі, өлең көкжиегі, сүбе — сүбелі үлес, сүбелі табыс, сүбелі еңбек* сияқты қол-

даныстарда осы сөздер тіркесетін басқа компоненттерін ығыстырып, бір табан қалыпқа түсіріп барады. Ал *майталман* сөзінің тіркесімі тілдегі осы құбылыстың қазіргі көрінісін ерекше дәлелдейді. Бұл сөзді бірлі-жарым әдеби шығармалардан, әсіресе мерзімді баспасөз, радио, телевизия хабарларынан жиі кездестіретін болдық.

Талай *майталман әншілер* өнер көрсеткен бұл сахнада әнші аса қиын деген Чио-Чио-Сан партиясын шығарды (газеттен) сияқты қолданыс мерзімді баспасөзде әдетке айналды. *Майталман* сөзі ертеректе жылқы малына байланысты, оның ішінде *жорға* сөзімен қабаттаса айтылып, көтеріңкі эмоциялық көрікте жұмсалатын еді. Оны мынадай мысалдардан анығырақ көруге болады: Кейбіреулерінің мінгендері сауырына аяқпен (ыдыс — *Қ. Н.*) қойған су шайқалмайтын *майталман жорға* екен (*Қ. Шөпек*).

— Торы ат кетті! — деді Әбдігапар көзіне жас алып.

Майталман жануар-ай, — деп, Балтабайдың да көзіне жас іркілді (*С. Хайдаров*).

Осылайша өзімен өзі боп, сылаң торымен ғана сөйлесіп жүріп, Жақаш күймені жекті де, бишігін үйіріп қалып:

— Ай-й... Сылаңым! Айда, зырла, *майталманым!* — дегенде заматта-ақ сұлу торы көпірді дүңкілдете жөнелді (*Ғ. Сланов*).

Бұл сөз көбіне-көп белгілі бір мамандықты білдіретін сөздермен тіркесе айтылып, *үздік, шебер, жетік, маман, озат, алғыр, көрнекті, дарынды, әйгілі, аты шулы, іскер* сияқты эпитеттердің орнында *майталман аудармашы, майталман шебер, майталман жаңашыл, майталман музыкант, майталман шешен, майталман озат, майталман әнші, майталман спортшы, майталман механизатор, майталман дихан, майталман ұстаз, майталман маман, майталман жастар, майталман шопан, майталман малшы, майталман журналист, майталман футболшы, майталман боксшы, майталман артист* түрінде өте жиі айтылады. Бұлардан басқа да *майталман* сөзі *қарт, ақын, домбырашы, жүйрік, жыршы, педагог, жігіт, зергер, мұғалім, саңлақ, күйші, жазушы, металлург, жұмысшы, сауыншы* сияқты сөздермен айтылу фактісінің алпыстан аса түрін тіркедік. Ана тілінің әдеби тілдік үлгісімен тәуелдік тұлғада *жігіттің майталманы, (Жігіттің майталманы, марқасқасы, Аңсаған өмірдің шын махаббатын. Қ. Жұмали-*

ев) сияқты қолданысты да *театр мен музыка майталманы, еңбек майталманы, Баянның майталманы, сахна майталманы, өз ісінің майталманы, теңіз майталманы, қылқалам майталманы* түрінде жұмсап, осы тұлғаны да қалыпқа түсіру фактісі байқала береді.

Сайып келгенде, белгілі бір сөзді немесе дайын модельді талғамсыз жұмсай беріп, оларды тілдік штампқа айналдырудың сөз өнеріне, тіл мәдениетіне тигізер кері әсері болады. Ең алдымен, жуық ұғымды білдіретін бірнеше сөздің біреуінен басқасы қалтарыста қалып, қолданылу аясы тарылады. Контексте қажетті тіркестерді тереңнен ойлап, мол қазынадан іздеп тауып, еркін пайдаланбай, қалыпқа түскен дайын нәрсеге жүгіру салтқа айналады. Осының барлығы ана тілінің сындылығы мен көркемдігіне нұқсан келтіреді. Іздену мен ойлау жүйесі де шектеледі.

Бір-екі ауыз сөз сауатты жазу, жазу мәдениеті жайында. Қазақ тілінде шығып отырған көп салалы мерзімді баспасөзде, «Жазушы», «Мектеп», «Қайнар», «Жалын», «Өнер» басқа да баспалардан шыққан үлкенді-кішілі еңбектердің қай-қайсысында да (бірінде көбірек, бірінде азырақ) емле, пунктуациялық ережелердің сақталмай, сөздердің сауатсыз жазылу фактілерін кездестіре береміз.

Осы мәселеге байланысты орыс тілінің мол тәжірибесіне жүгінсек, орыс тілінде жарық көрген еңбектерден қандай да болмасын, орфографиялық, пунктуациялық қателерді кездестіру қиын. Өйткені бірде-бір қатені болдырмау үшін орыс тілінің насихатшылары жаппай күреседі, қоғамдық пікір туғызып, дабыл қағады.

Ал қазақ тілінде шығатын еңбектердің сауаттылығын көтеруге осы әдісті неге жаппай қолдануға болмайды? Ондай кемістіктерге неге көріне жол беріледі? Бұл әлде де болса, ана тілі мәдениетіне толық мән берілмей, ұқыпсыздықтан болып отырған кемшілік. Мұндай кемшіліктер баспа бетінде жиі-жиі сөз болып та келеді.

«Жалынның» 1980 жылғы сандарында бұл саладан да бірсыпыра кемшіліктің бары байқалды.

Ең алдымен, таза баспа қатесіне, корректуралық қателерге көңіл аудартқымыз келеді. Бір жолдың орнына екінші жолдың (6, 75), бір әріптің орнына басқа әріптің түсіп кетуі (6, 14, 56, 57, 60 т. б.), бір жолдың екі рет қайталануы немесе тексте артық жолдың жүруінен (4,

150) көп сөздер бұзылып жазылған. Мұндай кемістіктер сөздердің дұрыс жазу мәдениетіне ғана теріс әсерін тигізбейді, жалпы баспа ісінің мәдениеттілігіне де үлкен нұқсан келтіреді. Мұндай қателер үшін шығарма авторын кінәлау да орынсыз сияқты.

Орфографиялық қатенің үлкені емле ережелері бойынша біріктіріп жазатын сөздерді бөлек *көркем өнер, қол өнер* (6, 143), бөлек жазылуға тиісті *қарақошқыл, құбатөбел* (6, 3, 79), *алқызыл, торыала* (4, 15, 23) сияқты күрделі сын есімдерді бірге, тұлғалары өзгеріп барып қалыптасқан *қым-ғуыт, арагидік, жарғанат, ерғашты* сияқты қос сөздер мен біріккен сөздердің о бастағы формасын қуып, *қым-қуыт, арагидік, жарқанат, ерқашты* түрінде жазу; тілде тұрақты фразалық тіркестер болып танылып, бөлек жазылатын *етжақын, жекеменшік, беталды, құладүз, қойторы, қандыкөйлек, ақжарқын, неғылған, қоңырсалқын, қарасақал* (4, 86, 70, 48, 32, 34, 46, 15, 21), *жатбауыр, алабауыр* (2, 57, 70), *саналуан, тұлабойы, шибарқыт, құрқол, алауыз, ақтанкер, алабөтен* (6, 55, 73, 64, 79, 85, 86, 107, 108), т. б. тіркестердің барлығы бірге жазылған; *қанішер, баскесер* сияқты тіркестер бірде бірге (6, 76, 84, 86), бірде бөлек (6, 80) таңбалана береді, бөлек таңбалануға тиісті анықтауыш, сан есім *оншақты* (4, 38, 76, 21), *төртаяқтаған* (4, 43), *бірауыздан* (6, 7) сияқты тіркестер мен *таңқалдырды, таңқалды* (4, 38, 48), *оталмады* (6, 78) сияқты күрделі етістіктер де бірге жазылған.

Альманахта қос сөздердің ережесі де біршама бұзылған. *Жайма-шуақ, өзіңді-өзің, қолды-аяққа* (6, 86, 95, 44) сияқты қос сөздер не біріктіріліп, не бөлек жазылады да, *айнала-маң, ат-шана, қан-сорпа, өрен-өрім, үмітсізтірі* (2, 70), *құрақ-қоға* (4, 50), *алма-өрік* (4, 70), *көрпекөрпеше* (6, 72, 83, 100, 46) сияқты жай тіркестерді де, бірыңғай мүшелі сөздерді де жасанды түрде қос сөз етіп жаза салу фактісі бар.

Жазу мәдениетінің тағы бір кепілі — тыныс белгілерін сауатты пайдалана білу болса, біз сөз етіп отырған альманах материалдары бұл саладан да үлкен олқылықтың барын байқатты. Альманахтан тыныс белгілерінің небір бұзылып қойылу фактісін кездестіруге болады. Құрмалас сөйлемдер мен төл сөздерге, бірыңғай мүшелерге қойылатын тыныс белгілерін, қос нүкте мен үтірді, сызықша мен дефисті шатастыру, орынды-орынсыз сы-

зықша қоя беру, сөздердің бір жолдан екінші жолға қалай болса солай тасымалдануы сияқты кемістіктер альманахтың бағасын түсірері сөзсіз.

Осы сияқты жазу мәдениетіне тікелей қатысты кемістіктерді көріне жіберу себебі не дейтін болсақ, оның барлығын альманахты шығарушы әдеби қызметкер мен корректордың ғана қатесі деп қарау, әрине, жеткіліксіз. Альманахтың әр санының, әр очерк, әңгіме, мақалалардың сауаттылық дәрежесі әр түрлі екендігі аңғарылды. Соған қарағанда, қолжазба баспаға біркелкі сауатты дайындалып келмейтін сияқты. Әрине, мұндайда автордың дүниетанымы мен эрудициясы, білім дәрежесі мен сауаттылық деңгейі қолжазбаның сапасына тигізер әсері, сөз жоқ үлкен.

Жазу мәдениетіндегі біз байқаған олқылықтарға жол берілу — авторлар мен баспа қызметкерлерінің сауатты жазу мәселесіне немқұрайды, ұқыпсыз қарауынан, көпшілік жағдайда сауатты жазудың құралы — орфографиялық сөздіктер мен анықтағыштарды жүйелі пайдаланбайтындықтан кеткен кемістіктер. Сайып келгенде, осының барлығы ана тілі мәдениетіне деген жанашырлықтың кемдігін дәлелдей түседі.

Ана тілінің байлығы — сарқылмас мол қазына болса, оны кір шалдырып, өңін кетірмей, ақау түсірмей, боталы інген, құлынды бие сияқты ғасырлар бойы іріктеліп, тұрақты тіркескен жұбынан жазып, өгейсітпей, сәнді бояуымен ғана қастерлеп жұмсауды тілейді. Қаламгер қауым аз жазса да, мәз жазсын, білікті жазсын! Халқымыз, сауатты оқырман «қара дүрсіндікке» жол берілмеуін қалайды. Сонда ғана тілдің тазалығы мен өткірлігі, мазмұнының айқындылығы мен дәлдігі үшін күрес жүзеге асары аян.

Н. УӘЛИЕВ

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ТІЛІНДЕГІ СТИЛЬДІК КОНТРАСТ

Көркем әдебиет тілінде жұмсалатын метафора, эпитет, тенеу, сөз мағыналарын ауыс мәнде құбылта қолдану, т. б. ертеден келе жатқан көріктеуіш тәсілдер. Сөз кестелеудің бұл тәрізді дәстүрлі түрлерінің ауыз әдебиеті мен байырғы әдеби тіл¹ мұраларында және жаңа әдеби тілімізде жасалған небір айшықты, классикалық үлгілері бар. Көріктеу қуаты мол, қолданылу мүмкіндігі шексіз мұндай өміршең, дәстүрлі тәсілмен қатар, кейінгі кездердегі әдеби процестерде пайда болған, көркем қолданысқа айнала бастаған тәсілдер де жоқ емес. Олар әдеби тілдің стильдік салаларының қалыптаса түсуіне орай пайда болды.

Қоғамдық қызметінің өрістей түсуіне байланысты әдеби тіліміз көркем әдебиет стилі, публицистикалық стиль, ғылыми стиль, ресми стиль² делініп, стильдік арналары саралана түсті. Осы процесс жаңа бір көркем тәсілдің пайда болып, көркем үлгі ретінде сөз шеберлерінің қаламында өңделе түсуіне бірден-бір себепші болды. Көркем әдебиет тіліне тән тіл ресурстарын (экспрессиялы-эмоциялы сөздер, эстетикалық мәндегі образды қолданыстар, фразеологиялық тіркестер, мақал-мәтелдер, т. б.), көріктеуіш тәсілдің дәстүрлі үлгілерін асқан шеберлікпен қолдана отырып, әйгілі қаламгерлеріміз

¹ Жазба алдындағы әдеби тіл. *Сыздықова Р.* Әдеби тілдің статусы. — ҚазССР ҒА Хабаршысы, 1979, № 6, 57-б.

² *Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б.* Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы, 1974, 14—37-б.

өзге де функционалдық стильдерден тіл бояуының соны түрін, сөз өрнектерінің жаңа нақышын тапты.

Жазушы кейіпкер тілін даралау арқылы оның түсінік-түйсігін аша түсіп, бітім-болмысын айқын көрсетуді мақсат тұтады. Әр кейіпкердің іс-әрекетіне орай сөйлеген сөзі де оларды бір-бірінен өзгешелеп тұрады. Ұлы суреткер Мұхтар Әуезовтің «Дос — Бедел досында» (М. О. Әуезов, Шығармалар. 1969, 10-т., 429—484-бет) кейіпкердің тілдік мінездемесі әр түрлі. Жазушы әр кейіпкерді өз мінезіне, өз әрекетіне лайық нанымды сөйлетеді. Бедел — терең пайыммен, толғамды оймен сөз айтса, Жаппас — байбаламшыл, жала жауып, күйе жағып сөйлейтін, дөрекі тілді, домбытпа сөзді. Жазушы кейіпкерлер тілін бұлайша даралаумен шектелмей, шығарманың композициялық иініне орай, өзге стильдік арналардан да бояу тартып, шындықты өз өңімен, шын сырымен шебер өрнектейді.

Социалистік мәдениет, тарихи диалектизм, тарихтық документ, коммунистік тәрбие, маркстік-лениндік ілім т. б. кейіпкер тілінің ғылыми сипатына тән бояуды аша түссе, *...революцияның нұр күні тоңдарды жібітіп, мұздарды ерте отырып, адамзат көктемін әкелгені кәні...* тәрізді афоризм публицистикалық қолданысқа тән реңк үстейді. Ал *құттықтау телеграмдар, жолдас ғылыми кеңестің бастығы, күн тәртібіндегі мәселе*, т. б. ресми сипатты танытатын бояулар.

Дүनियाуи, жаһил, мағлум, мәжбуғат, мәсжид, мужтаһид, тауарих, уәзифа, шәһәр, һәмәнда, т. б. сөздерді жазушы кейіпкерлер аузына кездейсоқ салып отырған жоқ, мұндайлар кейіпкер сөзіне ескіше өң беретін тілдік маскалар. Орфографиялық қағидадан әдейі ауытқи отырып, жазушы көнелік реңкті графикалық тәсілмен де беріп отырады: *ғауым — қауым, хазір — қазір, хиянат — қиянат, фиғыл — пиғыл, шарафат — шарапат, әлбәттә — әлбетте*, т. б. Саналы түрде, көркемдік мақсатқа орай алынған мұндай бөгде стильдік элементтер оқиғаның қай дәуір, қандай ортада өтіп жатқандығын, соған тән бояуларды көрсетеді. Кейіпкер тіліне әлеуметтік-типологиялық мінездеме береді. Суреткер бөгде стильдік элементтерді таза коммуникациялық мақсатта жұмсамай, эстетикалық қызметке жеккен. Жазушының стиль тезіне түскен (стилизацияланған) мұндай қолданыстар өзге

сөздермен «тіл табысып» барып, шығарма тілінің көркемдік кестесін құрайды.

Ғабит Мүсіреповтің қалам өрнегіне тән көріктеуіш тәсілдердің небір құнарлы түрлері бар. Суреткердің әдеби тілдің әр стильдерінен бояу салып, өрнектеуі де, біздің байқауымызша, шебер жасалған сан тарау көркем үлгілердің бірі. Осындай үлгі жазушының «Болашаққа аманат» деп аталатын тарихи драмасынан да («Жұлдыз», 1981, № 1) айқын байқалады. Драмадағы негізгі тұлға — Сырым. Оқиғаның өрістер шеніндегі Сырымның ханменен сөз қақтығысы халық ұғымындағы тарихи Сырымның шешендігін еске түсіреді:

Хан — Тегі, бала жасынан би атанған Сырым қырыққа жете бере қартайайын деген-ау, сірә! Ханмен жауласпаймын, хандығымен жауласамын деген сөз бола ма екен? Ханы бар, хандығы жоқ ел болғанын қайдан естіп жүрсің?

Сырым — Тегінде, екінің бірі дұрыс болар: не мен қырыққа жетпей қартайған болармын, не кейбіреулер қырыққа жеткенше қырқынан шыға алмай қойған болар...

Сырым бейнесі бұдан әрі қарай да осылайша «шешендік тілмен» даралана түсуге тиіс тәрізді көрінеді. Бірақ оқушы күтпеген жерден тіл контрастына тап болады. Ұтқыр уәжбен ұтымды сөйлейтін шешен Сырымның сөз желісі өзге мәнерге ауысып отырады.

Жер-су мәселесі әділетпен шешілмеген болса, халық кеңесі өз міндетін атқара алмаған болар еді... Халық кеңесінің кезекті жиналысын ашық деп жариялаймын... Мал шаруашылығының ыңғайымен т. б. Сөз желісінің бұлайша өзгеріп отыруының өзіндік көркем шешімі бар. Бұдан түйсінеріміз — жазушы Сырымды бастан-аяқ ескі бидің мақамымен сөйлете бермейді. Сырым батыр, шешен ғана емес, ел билеудің ескі тәсілі — халыққа қарсы шыққан күрескер. Халық кеңесінің төр ағасы. Әсіресе ресми сипаттағы бөгде стильдік қолданыстар кейіпкер тіліне ел басқарудың демократиялық түріне лайық мазмұн үстеп тұр. Жазушының тіл акварелі осындай басты идеяға бағынған.

Сөйлеу тілі³ фонында шешендік тілге тән сөз орам-

³ Көркем әдебиеттегі сөйлеу тілі мен өмірде қолданылатын сөйлеу тілі дәлме-дәл болмайды. Персонаж тілі таза көшірме емес. Әр автордың алдына қойған мақсатына орай, сөйлеу тілі табиғатын се-

дары (...қара қанжар қайраулы...; ер жүректің шайылғаны, ер Сырымның тайынғаны...; еркелеттің уандым, жан серігім дедің, бұрын естімей жүргендей қуандым... т. б.); дипломатиялық мәнердегі сөз өрнектері (Губернатор — ...Ең алдымен халық кеңесі деген ел басқарудың жаңа түрін тапқан, Сырым би, сізді..., ...сіздің осындай пікірді аянбай жақтаған сіздің халқыңызды құттықтаймын... Бұдан былай Россия халықтарының арасында достық күшейте беруіне халық өкіметі тізе қосар деп үміт етеміз. Сырым — Рахмет, барон мырза, мен барлық халқымыздың атынан рахмет айтып, Сізді құттықтағым келеді... Сізге деген біздің алғысымызды да ауызбен айтып жеткізу маған да оңай болып тұрған жоқ); кейіпкер тіліне ескілік сипат үстейтін «гримдер» (улуғ мәртебелі; мархаматыңызға мауафих; Кіші жүз халықтарының бахытына аһаж хурмет уағиззатын бағышланмыш), т. б. әр стильдік бояулар контраст тудырып, шығарма тілінің көркемдік сипатын аша түсуге септігін тигізіп тұр. Жазушы тілінің бір сарынды болмай, сөз бояуының бір өңкей көрінбейтіні де сондықтан. Бояуы бөтен бөгде стильдік элементті жазушының сезімтал қаламы сөйлеу тіліне жанастырып «тірілтіп» отырады (*шала піскен мәселе, күйіп тұрған мәселе*, т. б.).

Жазушы өзге стильдік элементтерді дайын күйінде «көшіре» салмай, қауызынан айырып қолданады. Сондықтан бөгде стильдік элементтер негізгі қызметінде (коммуникациялық функцияда) жұмсалмай, эстетикалық мәнге ие болғанда, көркем тіл кестесіне лайық түрге енеді. Көркем әдебиет стилінің ерекшелігіне бағынып, жазушы идеясына тәуелді болады. Ал оларды «шикізат» күйінде жұмсау шығарма тілінің көркемдік өрімін бұзады.

Сөзді бірыңғай, бір сарынмен, бір өнмен құра бермей, әр түрлі стильдерден бояу ала біліп, өмір шындығын дәл бейнелеу — реалистік шығармаға тән тәсілдердің бірі.

Стильдік контраст — кейіпкер тілін даралаудың бір тәсілі. Оның айқын көрінетіні жері — көркем диалог. Көркем диалог — драманың негізгі компоненті болса, ал прозалық шығарманың құрамдас бөлігі. Сондықтан

зинуіне қарай, жазушы сөйлеу тілін шығармада әр қилы беруі ықтимал. Көркем әдебиеттегі сөйлеу тілі қаламгердің творчестволық әрекетінің жемісі. (Сироткина О. Б. Современная разговорная речь и ее особенности. М., 1974, с. 39).

стильдік контраст тек драмалық туындыларда ғана емес, көркем проза жанрларында кездесуі заңды. Көркем әңгімеде стильдік контраст жасай білудің әсері айырықша. Енді жазушының «Атақты әнші Майра» («Қазақ әдебиеті», 27.2.1981) әңгімесіндегі мынадай диалогты еске түсіріп көрейік:

— Шешей! — деп бастады Ержан (.....).

— Шешей, біз арнаулы мемлекеттік жұмыстармен Орынбордан Қерекуге келе жатқан студенттер едік. Ең алдымен...

Әйел оның сөзін бөліп жіберді.

— Бұл қонақ түсетін үй емес, — деді үзілді-кесілді. Ержан да бөгелген жоқ.

— Ең алдымен сіздің үйге кездескенімізге қуанып тұрмыз. Өйткені...

Оның қуанғанына әйелдің іші жібімеген екен.

— Қуанып тұрғандай бұл үйде не нағашың, не жиеніңді көріп тұрған жоқ шығарсындар! Көз барда сол нағашыларыңды тауып алғандарың дұрыс болар! — деп, өзі шыққан есікті қаттырақ жауып жіберді.

Ержанның батылдығы әлі мойырылған жоқ екен. Тағы сөйлеп кетті.

— Өйткені шешей, Қазақстан қызыл тулы ел болып, өзінің экономикалық байлығын, ұлттық рухани байлықтарын жаңа жинап жатқан дәуірінде, — дей берді де тілі байланғандай, оқыс тоқталып қалды.

Сырт қарағанда осы келтірілген микротексте мен мұндалап тұрған «әшекей» (автор қаламына тән метафора, теңеу, эпитет т. б.) жоқ, бірақ әсері айырықша. Ержан үй иесі әйелдің алдында митинг мінбесінде тұрғандай афоризммен сөз бастайды. Асқақ сөзбен әсер етем деуі — еріксіз езу тартқызады. Егер Ержан жиында, топ алдында дәл осылай сөйлесе, әсері өзгеше болып, басқаша эффект тудырар еді. Өйткені сөздің «дағдылы» ортада қолданылуы бар да, тосын ортаға тап болуы бар. *Мемлекеттік жұмыстар..., Қазақстан қызыл тулы ел болып, өзінің экономикалық рухани байлықтарын жаңа жинап жатқан дәуірде* тәрізділер публицистика стилінде қолданылса, ол — мұндай сөздердің дағдылы үйреншікті ортасы. Ал бұл тәрізді патетикалық тізбектердің сөйлеу тілі ыңғайында құрылған көркем диалогта қолданылуы сөздің тосын ортаға тап болуы. Сөздердің, сөз тізбектерінің стиль сферасын ауыстырып, стильдік бүтін ретінде

осылайша «бөтен» ортада «жерсіндіре» отырып, нәзік юмор жасауы — суреткер қаламына тән ерекшеліктің бірі. Осылайша «сөз жезін алтындай қылып келістіру» шебер жазушы болмаса, екінің бірінің қолынан келе бермейтін құпия.

Сонымен сөздің бөтен ортада тосын жұмсалуды айырықша эмоция тудырады. Сөздің экспрессиялық қуатын арттырады. Жазушы қаламы сөздің жайшылықта көрінбейтін отын тұтандырады. Көріктеудің мұндай тәсілі (стильдік контраст) ара-тұра кейіпкердің ішкі сезім күйі, жан тебіренісі, т. б. сәттерін дәл беретіндей метафора, теңеу, эпитет, қайталау, т. т. тәрізді бейнелі қолданысқа ұласып жатады: *Бұғанға дейін Майраның жүзінде қуаңдық бар еді. Қара көздері тұнық қара судай тым тұнық еді, енді сол тұнықтың бетін самал лебі сипап өткендей қара көздер жарқырап жүзіне ыстық қан жүгіріп сала берді: ...Қыза келе Майра апай өзінің атақты әнін де айтып берді. Даусын тот баспаған. Желді күн тотықұстың зеңгір көк-ала құйрығын қалай құлпыртар еді, бұл әнге салғанда Майраның дауысы да сондай құлпырып кетті.*

Осылайша сөз образдылығы бөгде стильдік бояумен (контрастпен) астасып, әңгіме тілі бүтіндей көркемдік сипатқа ие болады.

Әр стильдік арналардың бояуын дәл бере түсіп, тіл реңін ашатындай контраст жасау өзге де әйгілі қаламгерлеріміздің туындыларында, қазіргі әдебиетіміздің жаңа бір бұтағы саналатын кейінгі буын жазушыларымыздың тіл көріктеуінде де кездесіп отырады. Бөгде стильдік бояуларды эмоциялық әсер тудыру, кейіпкер тілін даралау, тілдік «паспорт» беру, т. б. мақсатта, көркем тіл талабына лайық қолданып отыру қаламгердің көркемдік арсеналын кеңейте түседі.

Енді өзге де жазушылардың тілінде кездесетін, осындай үлгіге саятын қолданыстың біріне назар аударып көрейік: *Қазіргі әйел — от басы, ошақ қасының адамы емес. Ол — адал жар, мейірімді ана, белсенді қоғам қайраткері. Сонымен бірге ол қала мен ауыл мәдениетінің арасындағы алшақтықты жоюшы бірден-бір қозғаушы күш. Пістекүл — менің ұғымымда сол деңгейден табылатын, бүгінгі заманға лайық әйел, — деді (Дулат Исабеков. Есеп шот, түйетауық және домино. Әңгіме. «Қазақ әдебиеті», 26.6.1981.).* Бұл үзіндіні ауыл клубындағы

концерттен қайтқан қатар құрбылардың өзара әңгімесі емес, газет-журналдағы мақалалардың сөзіне көбірек ұқсатар едік. Автор публицистика стиліне тән бояуды әдейі қолданған. Кейіпкер сөзін әдеттегі сөйлеу стилінен мүлдем бөлек құрған әңгімеде бір көрінер жанама кейіпкер үй арасы, қатар-құрбы ортасында «қағаздағыдай сөйлейтін» ерекшелігімен оқушы есінде қалады. Осылайша сөздің публицистикалық реңкі жұмсақ юморға айналады. Сонымен өзге стильге тән тізбекті көркем тіл өрнегіне ендіру айрықша эмоция тудырады. Мұндай тәсіл тек кейіпкер тілінде ғана емес, авторлық баяндауда да ұшырайды:

...Біраздан соң Ботбай ұтыла бастады.

— Вообще резіңкенің аты резіңке, — деді ол өзімен-өзі айтысқандай басын шайқап.

Енді бірнеше минуттан соң оған жеңіліс қаупі төне бастады...

...Күйеуінің тарапынан не материалдық, не рухани көмек болмаған соң, әйелі бөлме ортасында ұзақ тұрып, ешкімнің көмегіңсіз өзі есін жиды да, сыбысын білдірмей сыртқа шығып кетті (...).

Осы контекстегі *жеңіліс қаупі төнді; күйеуі тарапынан материалдық, рухани көмек* тәрізділер өзге стильдік стандарттар. Бөгде стильдік қолданыстардың «бөтен» ортада жұмсалып, айырықша эффект тудыратындығы рас. Бірақ осындай тәсіл негізгі кейіпкерлер болмысымен «біте қайнасып» жатыр ма? Егер Пістекүл, Ботбайлар «кітаптағыдай» сөйлейтін, немесе «қағаз жандылау» болса, бір сәрі, бұл тәсіл сатиралық астарды аңғартады. Онда, бәлкім, мұндай тәсілді ара-тұра қайталап қолдана беру кейіпкерлер бейнесін аша түсуге септігін тигізер де еді. Бірақ әңгімедегі Пістекүл, Ботбайлар сатиралық мақсаттағы кейіпкерлер емес. Сондықтан автор басы артық әсірелеуге барған. Осындай әсірелеу жиілей берсе, жеңіл юмор сатиралық әжуаға айналып кетер еді. Диалогта немесе авторлық баяндауда қолданылатын стильдік контрастар түптеп келгенде, кейіпкер болмысынан бөлектенбейтіндей біртұтас болуы шарт. Сонда ғана жазушының көріктеу тәсілінде шашырандылық болмай, көздеген нысанасына оқушысын адастырмай апарар еді.

Бөгде стильдік элементтерді жазушы белгілі бір мақсатқа орай әдейі жұмсап, стильдік бояуларды «дәл» бере білсе, көркем шығарма тілінің жарасымы арта түседі.

Жазушы сөздердің стильдік бояуында болатын небір нәзік айырымдарды сезе білуге тиіс. Сонда ғана бұл тәсіл көркемдік сипатқа ие болып, шығарма тіліне тартылған жаңа желідей көрінеді. Ал әр түрлі стильдердің парқын ажыратпай, әйтеуір осылай екен деген желеумен көркем әдебиет тілінде қолдана беру автордың тіл түйсігінің төмендігін көрсетеді. Әдеби тілдің жүйеге түскен стильдік нормасымен санаспай, әр басқа стильдік элементтерді көркем шығарма тілінде мақсатсыз араластырып жіберу—эклектизм. Тіл бояуы бұзылған ондай шығарма өмірдің, шындықтың көркем суретін дұрыс бере алмайды.

Әдетте сөз мағынасына жете мән бермей қолдану, тігісі теріс тіркес құру немесе жалған метафора, жасанды теңеуге бой ұру тәрізділердің көркем тіл өрнегіне мүлдем жат екендігі белгілі. Сондықтан да кейбір жазушылардың тілінде ұшырайтын мұндай олқылықтар ара-тұра орынды сыналып, кемшіліктер дәл көрсетіліп те жүр. Ал әр түрлі стильдік элементті көркемдік мақсатқа сай жұмсамай, араластырып жіберу де, сөздің стильдік өрісін білмей жұмсау да сайып келгенде, тіл көркемдігін мүлдем төмендететін «дерттер». Бірақ мұндай кемшіліктер шығарма тілін талдаған сын, мақала, рецензияда көбіне сын қаламына ілінбей, жабулы күйде қалып жүр. Ал баспа беттерінде жарық көріп жатқан әңгіме, повесть, романдардың қайсыбірін оқып отырсақ, кейбір авторлардың сөздің стильдік бояуына мән бермей жұмсайтындығы байқалады. Әр түрлі стильдік элементтер жөнсіз араласқан ондай шығарманың тілі ала-құла көрінеді.

Естідің бе, естімедің бе өзің көрген Шырын жеңген мен жалғыз ұлым он жетінші жылғы дүрбелеңде тап жауларының қолынан қаза тапқан (Сәбит Досанов. Өткен күнде белгі бар (роман). «Жұлдыз», 1981, № 3). Сөйлем құрылымы жалпы дұрыс сияқты көрінгенмен, стильдік талапқа сай емес. Олай дейтініміз *тап жауларының қолынан қаза тапқан* тәрізді стандарт сөйлеу тілі реңін бұзып тұр. Белгілі бір стильдік элементті ешбір көркемдік мақсатсыз, бояуын сезбестен екінші бір стильге тели беру — аққа қара баттастырғандай тым сұрықсыз көрінер еді. Әр стильдік бояуларды өң-түсіне қарамай осылайша араластырып қолдану, шұбыртпа сөзділік (*Ат арба, өгіз арбаға мініп келе жатқан кісілер арасында жаяу келіп жатқандар да, салт аттылар да түйеге*

мінген кісілер де бар. Сонда), т. б. ақаулардан сөз өрімі жиі бұзылып, роман тілі жатық, бір тегіс көрінбей, кедір-бұдырлы болып, оқушысын әр жерде бір «сүріндіріп» отырады.

«Жұлдыздың» жаңа авторларының бірі — Сапар Мамырайымовтың «Жан ашырың көп сенің» («Жұлдыз», 1981, № 1) деп аталатын әңгімесі оқушысын бұдан да зор «әсерге бөлейді».

«—Директордың қабылдауынан оралған соң, түс қайта соққамын. Бәрін де айттым. Ақылды ғой Күнсұлу. Жүрегімді түсінді. Қуаттады шешімімді». Автор сөйлеу тіліне тән реңкті дәл бере алмаған. Ресми қолданысқа лайық стандарттардың (директордың қабылдауында, қуаттады шешімімді т. б.) бұл контексте кірікпей тұрғандығын оқушы айқын сезеді. Бөгде стильдік элементтер ешбір көркемдік мақсатсыз қолданылғандықтан, сөйлеу стиліне тән бояуды бұзып тұр.

Сөздің реңкін сөзінбей қолдану диалогта ғана емес, авторлық баяндауда кездеседі. «Сағат тілі сегізді көрсеткен шамасында қызыл барқыттан тігілген клуб сахнасының шымылдық пердесі ысырылып, концерт номерін жариялаушы конференсье Қарлығаш апай қалың көпшілікті Ұлы Октябрь мерекесімен құттықтап, ұстаздар мен шәкірттер атынан ізгілік білдірді. Содан соң жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы кластың жастарынан шертіп жүріп іріктелген топ құрап төрт қатар етіп тізген сахна төріндегі оқушылардың орындауында «Бейбітшілік берік қолда» әні залды жарып жіберердей шырқалды» (Сонда).

Осы үзіндіде орашолақ құрылған тіркестер (*...қызыл барқыттан тігілген клуб сахнасы..., ...төрт қатар етіп тізілген сахна...*); басы артық сөз қолданыс — тавтология (*шымылдық перде, концерт номерін жариялаушы конференсье*); сөз мағынасының байыбына бармай қолдану (*сегізінші, тоғызыншы, оныншы кластың жастарынан...* Сонда, бұл кластың «қарттары» да болғаны ма?); ресми қолданысқа тән тізбектер мен сөйлеу тіліне тән элементтердің араласып кетуі (*Ұлы Октябрь мерекесімен құттықтап, ұстаздар мен шәкірттер атынан ізгілік білдірді ...шеттерінен шертіп жүріп; залды жарып жібере жаздады*) т. б. көркем тіл кестесіне мүлдем жанаспайтын «қырық құрау» шикі қолданыстар.

Жазушының әр түрлі стильдік бояуларды дұрыс қолданып, нәзік айырымдарын дәл бере білуі — төл әдебиетімізде дәстүрге айналған көркемдік тәсіл. Мұндай тәсіл жалпы әдеби тілдің функционалдық стильдерінің одан әрі саралана, айқындала беруіне көп әсерін тигізеді. Сөйтіп, көркем шығармада көрінген стильдік бояулар, реңктер стильді оқушы санасында да қалыптастыруға белгілі дәрежеде ықпал етіп отырады. Көркем әдебиет оқушының эстетикалық талғамын жетілдіріп қана қоймай, сөзді стильдік өрісіне сай, талғап жұмсауға үйретеді. Функционалды стильдердің реңкін, нақышын дәл сезінуге оқушы сезімін тәрбиелейді. Ал әр текті стильдердің небір нәзік айырымы дәл берілмей, бояуы бұзылып жатса, бұл — бір жағынан, жазушы тілінің көркемдігіне айтарлықтай нұқсан келтіреді, екінші жағынан, әдеби тілдің қалыптасқан, немесе қалыптасып келе жатқан стильдік структурасын зақымдайды.

А. АЛДАШЕВА

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ ТІЛІ ЖАЙЫНДА

Кезінде В. Г. Белинский: «Балалар кітаптары тәрбиелік мәнде жазылады, ал тәрбие — ұлы іс», — деген болатын. Балаларға арналған шығармаларға қойылатын талап осы «тәрбие» деген сөздің аясынан өрбиді. Балалар әдебиетіне жүктелетін үлкен жауапкершілік жас жеткіншектерге — бүгінгі ұрпақ — ертеңгі азаматқа дұрыс бағыт сілтеу, дүниетанымдық, тәрбиелік, рухани абзал көзқарастарды қалыптастыра білу тәрізді міндеттермен айқындалады.

Советтік балалар әдебиетінің қайнар бастауы М. Горькийдің есімімен байланысты екені мәлім. Әдебиеттің халықтығы, партиялылығы жақтарынан туындата отырып, М. Горький «балалар әдебиетіне араласатын автор» баланың талғамын, ой өрісін, әсіресе тілінің даму мәдениетін, әр жасқа, есею кезеңдеріне тән ерекшеліктерін жетік білетін болуы тиісті, тіл шеберлігін меңгеріп, оның бала тәрбиесіндегі мақсаты және міндетімен ұштастыра білуге тиісті; «...бұлай етпеген күнде оның кітабы балаға да, үлкенге де керексіз, иесі жоқ кітап болып шығады» деген еді¹.

М. Горькийдің осындай қатал талаптарына сай шығармаларды орыс әдебиетінде С. Михалков, А. Гайдар, А. Барто, Н. Носов сияқты белгілі есімдер әкелді; ал қазақ совет балалар әдебиетінің қалыптасуында, алғашқы нәр-бастау алып дамуында С. Сейфуллиннің, Б. Майлиннің, І. Жансүгіровтың шығармалары тұрды, олар «бала-

¹ Горький М. Әдебиет туралы. Алматы, 1954, 109-б.

лар әдебиетінің социалистік реализм жолымен қайта дамыған жаңа дәуірінің беташары болды»².

Алғашқы кірпіштері осылай қаланған қазақ совет балалар әдебиетінің проза саласында 50—60 жылдары Б. Соқпақбаевтың «Менің атым Қожасы» ерекшеленіп көзге түссе, 70-жылдардың бет-ажары қазақ әдебиетінің балаң тұсы — балалар әдебиетінің ауыр жүгін, салмақты жауапкершілігін өз мойындарына алып, соңғы төрт-бес жылда біршама прозалық шығармалар — роман, повесть, әңгімелер берген бір топ жас қаламгерлердің есімдерімен тығыз байланысты. Қазіргі балалар өмірін әр қырынан суреттеуге арналған бұл шығармалар — тақырып ауқымы жағынан да, мағына-мазмұны, көркемдік сапасы жағынан да уақыт пен қазіргі әдеби талаптардың сынына шыдаған, оқушы қауымның ыстық ілтипатына, назарына ие болған, белгілі конкурс-бәйгелерге лайықты бағаларын алған шығармалар.

Сөйтіп, соңғы төрт-бес жылда дәл осы бағытта жазылған көркем шығармалардың кейбірін атап өтсек, олар мыналар: М. Қабанбаевтың «Кермек дәм» романы (1979), С. Жұбатыровтың «Алыстағы аралдар» (1980), «Жасыл сағым» (1978), М. Қаназовтың «Ақ тайлағым-ай» (1980), Б. Қойшыбаевтың «Көгілдір және қызғылт» (1977) повестері. Аталып өткен жас қаламгерлердің қатарын Ж. Дәуренбеков, Н. Мұраталиев, М. Айымбетов, Қ. Жәркенов, т. б. сияқты бір топ жас жазушылардың шығармалары толықтырып келеді.

Балаларға арналған шығармалардың көпшілігінің тақырыбының дені мектеп өмірінен алынған бола тұрса да, бұл шығармалардың мақсат жүгі — балалардың, мектеп оқушыларының басынан өткен әр түрлі оқиғаларды тізе баяндау емес, бүгінгі жас ұланның қоғамда өзін-өзі тәрбиелеуін, адамгершілік өсуін, айнала қоршаған әлемнен рухани нәр алуға ұмтылуын, жан дүниесінің түлеуін, қазіргі жас өспірімнің ой өрісін, жүрек лүпілін, жан тынысын көрсету, қысқаша айтқанда, бұл салада жарық көрген шығармалардың тақырып өрісінің бір тар аяда қалып қоймай, жан-жақтылық, ауқымды сипатта екендігі танылады.

Әдеби деңгей тұрғысынан қарағанда, осы бір жас қауым авторлар көңілден шығып, келешектеріне сенім

² Ахметов Ш. Қазақ совет балалар әдебиеті. Алматы, 1976, 25-б.

арттырады. Оған — аға буын жазушыларымыздың съездерде, кеңестерде, мәжілістерде Б. Қойшыбаев, М. Қабанбаев, С. Жұбатыров, т. б. жас қаламгерлер есімдерін аса бір жылылықпен атауы дәлел бола алады.

Аталып өткен шығармалардың мазмұнымен, сапасымен бір деңгейден, бір биіктен көрінетін, негізгі көркемдігінің көзін танытатын құрал — тілді пайдалануына, өзіндік стильдік, сөз өрнегін қиюластыру ерекшеліктеріне көңіл бөле қарағанда, жас жазушылардың әдеби тілдің биік үддесінен көрінетінін анық танимыз. Бүгінгі күннің тілді жұмсауға, пайдалануға қойып отырған талабы, тіл мәдениетінің биік деңгейі, соған сай өте талғампаз, сарабдал оқырманына өздерінің үлкенді-кішілі жемісін ұсынуда аталған авторлардың тілді — оның барша байлығын болсын, ауызекі тіл, кәсіби сөз, диалект, т. б. болсын, — барынша құнттылықпен қолдануға тырысатыны, мүмкіндігі болса, сөздің жаны мен тәніне үңіліп, тілдің астарынан асыл іздеп, таразылап барып ой толғауға ұмтылатыны көрінеді. Оғаш сөз, орашолақ сөйлемнен, күңгірт мағынадан қашып, керісінше, қозғаусыз жатқан сөздерді барынша стильдік мәнде жұмсап, жарыққа шығаруға тырысатындары қуантады. Дәл осындай тіл жұмсап, қолданудағы нәзік шеберліктің іздерін аталған жас жазушылардың қай-қайсысының да қалам ұшынан кездестіруге болар еді. М. Қабанбаевтың тіліндегі *дәндүріс, шеруен, жындысүрей, миземеді*, Н. Мұраталиевтың шығармасындағы *нән, порым*, Ж. Дәуренбеков повестеріндегі *тықымайлат, тыран, тастабақ, тырақы, қасқа, үпелек, рәсуә, репеті, үрдіс, үрлік, зәңгі, құмбыл, маладес, әртіс, маласөл* — т. б. жергілікті сипаты бар, кәсіпке байланысты немесе ауызекі тілге тән, — осындай әдеби тілден тысқары жатқан сөздердің кездесуінде белгілі бір сараланған стильдік өң бар екені айқын көрінеді. Тілдің осындай үлгілерін қолдану, олардың көркем әдебиет тіліне қатыстылығы жөнінде талғампаздық, сөз сырына, сипатына деген сезімталдық қажет екені жиі айтылып жүр.

Балалар әдебиетінің тіліне қойылар талап өзгеше жауапты, өйткені балалардың жас ерекшелігі мен қабылдау деңгейін ескере отырып, оқушы сезіміне, психологиясына жету үшін тіл шеберлігі мен шынайылығы, тілдің эстетикалық әсерлілігі қажетті дүние екендігі, оның үстіне оқушының тіл ұстартуында халық тілінің барша

мұрасын, інжу-маржандарын насихаттап, тіл құдіретін оқушы бойына сіңіруде тілдің ролі ерекше екендігі дәлелдеуді қажет етпейді. Бұл ретте, әрине, тақырып — тіл, сюжет — тіл араларындағы тұтастық пен жүйелілік жымдасып жатуға тиісті.

Көркем әдебиеттің тілдің басқа функционалдық стильдеріне қарағанда, коммуникативтік функция мен эстетикалық функцияны қатар алып жүретіні, эстетикалық функцияның аясы — сөздің құдіретін таныту, тілдің образды құралдарын пайдалану арқылы танылатынын мәлім.

М. Горький: «Біздің кітап (балаларға арналған — А. А.) бейнелі тілмен жазылған көркем кітап болуы қажет», — деген болатын³.

Әрбір жас автордың стильдік даралығын, өзіндік бояуын іздегенде, жас өспірім оқырманына оқиғаны құрғақ баяндаудан гөрі, көркемдіктің тілдегі сан алуан үлгісін тәлім тұтып, соны шебер, талғап, қажетке жұмсауда балалар әдебиетіне қалам тартқан жас жазушыларымыздың өздеріне тән шеберліктерінің байқалатынын көруге болады.

Сөзді бейнелі түрде құлпырта қолдану, образды түрде беру, оларды (тілдің бейнелеуіш құралдарын көркем шығарманың авторлық ремарка, кейіпкер тілі, диалог, ортақ төл сөз, т. б. астарларында қиюластыра қолдана, жұмсай білу — жазушы шеберлігінің бір қыры болуға тиісті.

Осы орайда алдымен айтарымыз — жетпісінші жылдар жас қаламгерлерінің шығармаларының тілдік өрнектерінде аға буын жазушылардың үлгісі бар екендігі.

«Менің атым Қожада» Б. Соқпақбаев әр тараудың атын қысқаша түсініктеме-сөйлемдер сипатында беріп отырса (мысалы, *Бірінші тарауда оқушы шығарманың бас кейіпкерімен, яғни менімен танысады*), Ж. Дәуренбеков өзінің «Саяқ» повесінде осы тәсілді қолданады («*Бірінші тарауда Елтай деген балаға ілесіп оның кім екенін біліп аламыз*»). Осы дәстүрдің М. Қабанбаевтың «Арыстан, мен, виолончель және қасапхана», М. Қаназовтың «Ақ тайлағым-ай» повестерінде творчестволықпен дамытылғанын көруге болады. Әсіресе «Ақ тайла-

³ Горький М. Әдебиет туралы. Алматы, 1954, 93-б.

ғым-ай» повесіндегі әрбір шағын-шағын эпизодтық тараулар атының осындай сөйлем-атаулармен берілуі өте сәтті шыққан. Мысалы, «Біз көрші тұрамыз», «Апам төбелеспе дейді», «Ертеңгісін есіктің алдына шығып керіліп жатсам...», «Үш терек отырғыздық» деген тарау аттары повестің бір оқиғасын екіншісімен жалғастырып, қызықтыратын, ілестіріп әкететін тәсіл ретінде өте шебер қолданылған. Авторлар бұл стильдік приемді шығармаларының балалардың қабылдауына жеңіл, айқын болуы үшін қолданып жүр.

Өз оқырманының ерекшелігіне орай қолданылып жүрген тағы бір ортақ стильдік тәсіл — ол шығармалардың көпшілігінің оқиға желісінің бірінші жақтан жүргізілуі — сюжеттің негізгі кейіпкердің өз атынан баяндалуы. М. Қабанбаевтың, М. Айымбетовтың, М. Қаназовтың, С. Жұбатыровтың, Қ. Жәркеновтің, т. б. шығармалары негізінен осы тәсілмен жазылған. Бұл ретте де дәстүр мен творчествоның жалғастығы бар. Орыс әдебиетінде Н. Носовтың кейіпкердің өз атынан баяндауды сүйікті тәсіл ретінде қолданғаны, «Менің атым Қожада» Қожаның да өз атынан сөйлейтіні еске түседі. Дегенмен осы тәсілге — бірінші жақтан «мен» арқылы баяндауға — балалар әдебиетіне жол тартқан жазушылардың көбірек бой ұратыны байқалады. Оқушысының қолына тиген шығармалардың басым дені осы тәсілді арқау еткен. Оқырманының көкірегіне бұдырсыз, кедергісіз жол іздеуде дәл осындай бірін-бірі қайталау амалынан, жаттанды тәсілмен жаза беруден ұтымдылық, ұту аз. Және де бірінші жақтан баяндаудың өз ауыртпалығы, өз қиындығы бар. Ең алдымен, автор мен баяндаушы, әңгімелеуші кейіпкер арасындағы жас мөлшері көрінбей, дүниетанымдық көзқарасы кірігіп, логикасы, тілі, стилі арасында бөлінбес тұтастық орнауға тиісті. Кейіпкердің бүкіл сөйлеу мәнері, сөз саптасы мен ой толғамы, тыныс-демі, тіпті интонациясы мен дикциясына дейін автордың өз үнінен басым жатса ғана кейіпкердің характерін ашуда бұл тәсіл өзін-өзі ақтай алады. Оқиганың әрбір бөлімі Максим Максимычтың, Печориннің атынан жүргізілетін М. Лермонтовтың «Біздің заманның геройларының» тілі жөнінде П. Г. Пустовойт былай дейді: «Оның (Печориннің — А. А.) стильдік мәнері (әр түрлі психологиялық экскурстар, адам жаны туралы тұжырымдары, т. б.) автордың өз үнімен астасып кеткендігі сон-

шалықты, тіпті оқушы авторды кейіпкерден кейде ажырата алмай қалады»⁴.

Көркем шығарманың бірінші жақтан жүргізілетіндігінен, онда ауызекі сөйлеу тілінің элементтері мен құрылымы әдеби тілдің нормасына сай айрықша «бейнелі» бояуға ие болып, шығарманың тілінде көбіне-көп басты роль атқарып отырады. Сондықтан да М. Қабанбаевтың тіліндегі телевизорды «*телик*», «*теле*» деп, Н. Мұраталиевтің велосипедті «*велик*» деп қолдануы, немесе Ж. Дәуренбековтің ауыл балаларының өмірінен алынып жазылған «Саяқ» повесіндегі негізгі кейіпкердің өскен ортасы мен ой танымына орай жоғарыда келтіріліп өткен *рәсуә*, *репеті*, *тыран*, т. б. сөздердің белгілі бір стильдік өнмен, ажармен жұмсалып, сол арқылы шығарма тіліне көркем бояу беруге ұмтылғаны танылады. Б. Қойшыбаевтың «Көгілдір және қызғылт» повесінде қысқа синтаксистік конструкциялар («Негізгі ермегім — қиял», «Папам — жолбасшым», «Оқу үздігімін», «Қиялдағанды сұмдық жақсы көрем»), баяндауыш тұлғаларының қысқарып қолданылуы *барам*, *тұрғам*, *айтқам*, *көрем*, т. б. сияқты редукциялық құбылыстар кейіпкерінің сөйлеу үнімен ұштасып барып, екінші жағынан шығарма тілінің белгілі бір дәрежедегі бейнелілігі үшін қолданылған.

Санамаланып өткен шығармалардың ішінде М. Қабанбаевтың «Кермек дәм» романы (Алматы, 1979) көлемі жағынан қомақты орын алады. Роман 1977 жылы жас өспірімдер мен балаларға арналған шығармалардың республикалық конкурсында бәйге алған «Арыстан, мен, виолончель және қасапхана» повесінің жалғасы. Шығарманың басты кейіпкері Асан — «бір оқиғасыз, жарылыссыз, тамағынан ас өтпейтін, қу жанына тыным жоқ», немесе «көңілі тағы да бір жалынды, жарылысты, тағы да орға итеріп, суға салатын өзгерісті іздеп жүретін» жан; оның рухани түлеуі, жан сарайы мен ой дүниесінің өсуі, адамгершілік абзал қасиеттерінің қалыптаса бастауы — яғни кейіпкердің әлеуметтік-психологиялық өсуі — шығарма сюжетінің негізгі арқауы. Әдебиетшілердің бағасына жүгінсек, бұл — әлеуметтік-психологиялық шығарма.

Кітаптың алғашқы бетінен «әр нәрсені жаңаша айтуға ұмтылу, терең психология, бояуы қанық образдар —

⁴ Пустовойт П. Г. Слово, стиль, образ. М., 1965, с. 105.

жас жазушының қолтаңбасы» деген сөйлемді оқимыз. Шындығында, шығарманың негізгі көркем тіні — образды бояулардың көл-көсір молдығында. Автор қаламынан туған образды, бейнелі сөздердің соншалықты мол екенін бір ғана «машина» сөзінің қызыл түсін суреттеуге арналған образды оралымдар да дәлелдей алады. Мысалы, «қызыл машина — қызыл итке мінгесті», «түйір шиеге ұқсас «Жигули», «қызыл машина суға батып бара жатқан қызыл шылапшын сияқты теңселе найқалып», «кең табаға түскен қасық басы қызыл майды — «ЛТА-81—10-ды» шыжғырып жатты», т. б.

Автор бейнелі образдар жасауда көркем ойлаудың барша тәсілін батыл қолданған, соның ішінде автордың көбірек баратын тәсілі — теңеу. Теңеу — көркем шығармада мәнерлеудің басты, пәрменді құралдарының бірі. Бейнелеуді, образдылықтың басқа да қат-қабаттары (метафора, метонимия, эпитет, т. б.) өздерінің бастауын осы теңеуден алады. Ауызекі тілде, фольклорда, кейінгі үлкен ақын-жазушыларымыздың тілінде тілдің айшықты құралдарының үлгісі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа үлгі боларлық орамдар жасалынғаны белгілі. Қалыптасқан тұрақты теңеулердің синонимикасы, теңеудің семантика-стилистикалық сипаты әдебиетке қалам тартқан жазушылардың көркем туындыларының тілдік қорына тікелей «азық» болып отырады. Мысалы, М. Қабанбаев өзінің шығармасында «ауыз» сөзіне қатысты жасалып, қалыптасқан «апан ауыз» (багажниктің аузы, қараңғы түн), «арандай ауыз» (үңгірдің, жартастың), «аузын бақадай ашыру» (портфельдің..., аузын бақадай ашқан акулаларға ұқсас), т. б. тұрақты теңеулердің синонимдік қатарларын өзінің шығармасында әрқайсысының стильдік өңін, көркемдік шешімін дәл пайымдап, ұтымды қолдана білген.

Айнала қоршаған ортадан сұлулық, әсемдікті ғана көңіліне түйіп, содан рухани азық алуға тырысатын Асанның ой өмірінен тігісі жатық, кестелі сөздер дүниеге келген: «Жер ошақтан шашын жайып жіберіп қашып шыққан көк түтін», «ыстық леп өзен аңғарын жайлап үтіктеп жатыр», «қыр арқасы қара тісті жартастар қара сүрмесін қалындата жағып», «көкжиек — қылпылдай дірілдеген көк қанжар», «көкқұрақ жаға әдіптеген бұлақ өз-өзімен уілдеп ойнап, былдыр-былдыр...», «дария үстіндегі көгілдір жібек орамал», «жер ошақта жалындаған

жалын, қарны кампиған, құлақтары ербиген тайқазанның күс-күс қарнын қызыл тілімен оңды-солды жалап, қанталаған қос көзін оңды-солды қысады» деген әдемі өрнектер осының дәлелі. Осы типтес образды орамдар кейіпкердің рухани деңгейіне сәйкес келіп, иландырады.

«Әр нәрсені жаңаша айтуға ұмтылған» автордың көркемдік тәсілдерді батыл қолдану тұсында ұтқаны да, ұтылғаны да бар.

Тілімізде, жоғарыда айтылғандай, қалыптық сипат алған образдылықтың үлгілерінен таусылмас тәжірибе, үлгі, нәр ала отырып, әр жазушы осы бейнелі орамдардың қатарына өз жемістерін қосады, шын ізденістің арқасында жекелеген жазушылардың қаламынан туған бейнелі сөздер тілде бұрыннан бардың қатарын толықтырып, байыта түседі.

Мысалы, бір ғана көзді суреттеуде «бота көз», «құрайлай көз», т. б. орамдар көркем шығарма тілінде әрбір қолданыс сайын жаңа бояумен жаңғыра беретін, ескірмейтін, сыры кетпес бояулы суреттер ыңғайында қалыптасқан. Осы дағдылы орамдардың қатарына М. Қабанбаев «көзі екі жүз вольттық электр шамындай жарқырап тұр», немесе «әйтеуір, екі көзі — екі жүз вольттық шам», тағы бірде «қайқы кірпікті прожекторын маздатып жағып апты» деген суреттеулерді қосады. «Жалпақ, қақпақтай жауырын» дегеннің ыңғайында автор «аэродромдай жауырын», «екі жүз жетпіс бес сомдық «Орск» мұздатқышы секілді жалпақ жауырын» деген теңеулерді жасайды. Бұндай окказионалық сипаттағы теңеулер, қолданыстар шығармада көптеп кездеседі. Сондай бір соны теңеулер «динозавр», «кентавр», «бегемот», «крокодил», «камбала», «орангутанг», т. б. сөздердің айналасында да өрбиді. Айталық, бір ғана «крокодил» сөзінің образдылыққа бейімділігі мына сөйлемдерден байқалады: «Ұзын да салалы ақ саусақтар тістей қатып қалған крокодилдің аузына ұқсас багажникке жармаса кетті», «көзімді жұмып ала қойдым — крокодилдің көмейін қыпқызыл жалын қақтап жатыр екен» (әңгіме — машинаның багажнигі туралы — А. А.), немесе «ақ балтырына еденде ұзыннан жатқан қара крокодил апан аузын арандай ашып ұмтылыпты» (киім), «бегемот секілді бір беткей жан», «бүткіл саптың алдында бананға тойып алған орангутангше ойнақтап орғу», «...адымдағыш экскаватор канал қазылғанда ашылып қалған динозаврдың қаңқасы

құсап...» деген теңеулер кездеседі. Қазіргі таңның оқушысына бұл сөздер түсініксіз емес. Бірақ осы қолданыстарда өзін-өзі айқындап тұрған, оқушысының көкірегінде қалып қоятын шын суреттен гөрі, автордың фантазиясы басым тұрған тәрізді. Дәл осы қолданыстарда автордың тағы бір кемшін жағы — бір сөздің айналасында туған теңеулердің қайталанып жұмсала беретіндігі. Мысалы, «крокодил» бірде багажник, «бірде шалбар» ұғымында, сол сияқты «сәкі үстіндегі Азия сияқты тарбиып жатқан жастық» және «Гаррибальди (кейіпкердің есімі — А. А.) «Тынық мұхитты жағалай құлаған Азия құсап» деген сөйлемдердегі «Азия материгіне» ұқсату арқылы туған образдар қайталанып келіп отырады.

Әрине, «бота көз», «құралай көз» сынды сипаттаулар барлық авторға міндетті түр емес. Әр жазушының жаңа үні, жаңа даусы осындай өзіндік қолданыстардан танылады. Алайда «екі жүз вольттық шамдай көздің» шынайылығы, шын суретті беруі сол дағдылы қалыптасқан «бота көзбен» қатар тұра алмайды.

Сөзді образды қолдануда теңеудің образы мен предметі арасындағы байланыс, тұтастық неғұрлым берік болып кірігіп кетсе, сонда ғана қаламмен әдіптелген әдемі өрнектің туғаны. Мына бір портреттік сипаттаулар да өз қисынымен қиылыспай тұрғаны анық: «Үш-төрт қыздың қасында біреу желкесінен қапсыра ұстап, жүзін қабырғаға ғаламат күшпен екі-үш мәрте соғып-соғып алғандай, *телевизор бет қоқи тұр...*», «өзі әдебиеттен оқыған көрнекті қазақ совет ақындарының біріне ұқсайды екен... *беті бес гектар*», «інің емес екенін көріп отырмын, *бет машиналарың басқа-басқа*», «басы *хоккей шайбасынан* аумайтын *тұлып бет* дәу, ақ құба жігітпен Иса партияны эзірде аяқтапты», «*шайбы бастың* жүзі лып-лып қызарып...», «шифоньер секілді жалпақ бет қара қыз балконнан қарап тұр», т. б. Жалпы, шығарманың өн бойынан жеңіл юмор лебі есіп отырады. Бірақ осы сипаттаулар сол жеңіл юмордың лебін сездіруден гөрі, он төрт пен он жеті жас арасындағы Асанның сөйлеу мәдениетімен, дүниетанымымен сәйкес келмей, автордың өз үнінің салмағына қарай ауытқып кетуі аңғарылады. Сөздің ішкі көркінен емес, сыртқы алдамшы бояуының айналасында жасалған мына бір көңіл күй теңеулері де бар: «Бас қауашағым асы аударылып алынған *тайқазан* сияқты», «басым асын қотарып алған *кастрюль* сияқты», «еш әң-

гімеге араласпаған өзіңді сорпа құйылмай қалған *кесе-дей* сезінеді екенсің», «саудаға кірісіп кеткен екі алып-сатардың қасындағы *макароң, нан (?)* толтырылып қойған бос (?) қапшықтай», т. б.

Тілдегі әрбір сөздің әр тарапты мағыналық ажары бар, стильдік қолданылу аясы да кең, тіркесімдік қабілеті де икемді. Әсіресе көркем әдебиетте орын тауып қолданған сөздің жанданып кететіні анық. М. Қабанбаев тілінде кездескен жоғарыда айтылған *«шайбы бас»*, *«телевизор бет қоқи»*, *«бес гектар бет»*, *«машина бет»*, т. б. көркем әдебиеттің юморлық, сатиралық жанрларында қолданысы дәлелдемесіз түсінікті болған болар еді. Салмақты жүк арқалаған роман тілінде осы қолданыстардың болуы және олардың әлденеше рет қайталана қолданысы жалпы шығарманың үнімен үйлесіп тұрмай, керісінше реңінен, сөздердің контекстік ансамблінен бөлектеніп тұр. Сонымен бірге эстетикалық норма, тіл мәдениеті бұндай орамдардың қолданысында талғампаздық тілейді. «Кейіпкер характері мен оның сөз толғауының арасындағы қайшылық (дисгармония) — жас жазушылардың көпшілігіне тән кемшіліктің бірі. Көркем шығармада адам характерін барынша дәл суреттеу және оның логикалылығы үшін күресу — бұл сөз сапасы үшін, сөз бен орамдарды барынша таңдай білу үшін күресу»⁵.

Жас жазушылардың тіліне тән ақаулықтың тағы бірі — ішінара болса да басқа стиль элементтерінің кездесіп қалатындығында.

Айталық, «яғни» деген қыстырма сөз арқылы жасалған синтаксистік құрылымдар Н. Мұраталиевтың «Жасыл көлдің құпия тұрғыны» деген повесінде жиі кездеседі.

«Яғни ол тамағын ішіп болып әкесінің кабинетінде кітап қарап отыр екен», «Яғни жағаға да шығады деген сөз», т. б. Дәл осылай құрылған синтаксистік құрылымдар контексте оқылғанында ресми тілге тән бейімділігін жасыра алмайды. Осы повестің тілінде қолданылған *«теледидар»* сөзінде де ресмилік бояу бар. «Біздің *теледидар* бұзылып қалған» (кейіпкер сөзі), «Баяндікіне барып *теледидар* көріп отыратын уақыты жоқ екені белгілі» (автор сөзі), «Көрермендердің сұрауы бойынша *теледидарға* қайта шыққан сол бір тамаша фильмді көргісі

⁵ Пустовойт П. Г. Слово, стиль, образ. М., 1965, с. 73.

келеді» (автор сөзі), «...Мамасы радиодан, әлде теледидардан бала тәрбиесі жайлы әлдебір хабарды естіп қалса, қаһарына мінеді дей бер» (автор сөзі) деп автор осы сөзді әлденеше рет қолданады. Әдеби тіл аясында қалыптасқан, тіліміз қабылдаған сөз бола тұрса да, бұл сөз әлі де болса, публицистикалық стильге тән сипатынан кеңейіп, көркем шығарма тілінде белгілі бір стильдік өңмен жұмсалардай дәрежеге жетпеген тәрізді. «Теледидарға» қарағанда М. Қабанбаевтың тіліндегі «теле», «телик» (Үшкіл қанат шағаланы *теледен*, «жануарлар дүниесінен» тамашаламасам) дегені әлдеқайда нанымды, немесе оның «телевизор» деген синонимінің жалпы барлық стильдерге тән ортақ сипаты, көркем әдебиетте жұмсалуға қабілеттілігі басымдау.

Балалар әдебиетіне жол тартып, сол жолдың ауыр азабын мойнына ілген жас жазушылар үшін ең шынайы баға — сол бейнеттің зейнетін көріп, риясыз ықыласты иелену, оқырманның сүйікті авторына айналу. Қазіргі ғарыш заманындағы жас өспірімнің қабылдау деңгейі мен білім дәрежесі өте жоғары екенін, мектеп қабырғасында жүріп-ақ, прогресшіл бағыттағы дүние жүзі классиктерінің шығармаларымен сусындайтынын, олардың кітап сөресінде М. Әуезовтің «Көксерегі» мен Ш. Айтматовтың «Ақ кемесі» лайықты да беделді орын алып тұратынын ескерген, ізденіс, сезімталдық сияқты қасиеттерді еңбек және талантпен ұштастыра білген қалам иесі ғана шынайы бағаны иелене алады.

3. БЕЙСЕМБАЕВА

ТІЛ БАЙЛЫҒЫ — ОЙ БАЙЛЫҒЫ

Әдебиет жанрының қай саласында болмасын замандас бейнесін, заман тақырыбын жырлауда өзіндік үнімен, жазушылық шеберлігімен дараланып жүрген жас жазушылар аз емес. Айталық, жазушылардың екі съезінің аралығында тек «Жалын» баспасынан 100-ге тарта тұңғыш туынды жарық көрген екен. Бұл — әдебиет деген күрделі де қиын, азабы мен рақаты бірдей үлкен өнер иелерінің көбейгені деген сөз. Тұңғыш туындыларымен әдебиет майданының алғашқы басқышын қорғана, жүрексіне аттаған жас қаламгерлерден талабы мен талғамы зор бүгінгі күннің оқырмандары үлкен шеберлікті, терең ойлылықты талап етеді. Өйткені қазіргі оқырман қолына түскенін емес, таңдап-талғап оқиды. Жақсысына сүйіне, жаманына күйіне біледі. Әрбір жас қаламгер көтерген тақырыбын, жекелеген образдарын жан-жақты, тартымды, шынайы бейнелей алды ма, яғни ой, образ, тіл, стиль бірлігі бар ма деген көзбен оқиды.

Шеберліктің негізгі сыры — тілдік амал-тәсілдерді орынды қолдана білуде, жазушының талғампаздығында, сөз қолдану мәдениетінде. Тек тілдің көркемдеу тәсілдерін орынды қолдану арқылы автор көздеген нысанасына жетеді. Осыған орай «Жалын» баспасынан соңғы жылы жарық көрген екі тұңғыш туындының шеберлік сырына үңілейік.

Кұнсая Оспанованың «Жүрек лүпілі» атты әңгімелер жинағының негізгі арқауы — семья, достық, махаббат. Әңгіменің тілі жатық, оқуға жеңіл. Оқиғасы өте тартымды, шынайы. Ал шеберлік, көркемдік жағынан ойлана-

тын мәселелер аз емес. Себебі, жинақтың қай бетін ашып оқысаңыз да сөйлемдерінің біркелкі, етістіктің -ды, -ді, -ты, -ті формаларымен аяқталғанын байқайсыз. Мысалы: Көтере алмады. Біразын сол жерге қалдырып кетуге және қимады. Ал біреуге қоса салудың да жөні келмеді. Айналасына қарап еді, елдің бәрі кетіп қалыпты. Бір қолына күрегін ұстаған бойда тездете басып жүріп кетті. Ауыр жүк барған сайын еңсесін басып, белін бүгіп кетті, т. б.

Сырттай қарағанда еш оғаштығы жоқ, тіл заңдылығына, тілдік нормаға сай. Бірақ, көркемдік, стильдік бояу, образдылық, сөзді таңдап қолдану жағы жетіспей жатыр. Етістіктің бір тұлғасын тақпақтап қайталай беру шеберліктің нышаны да емес. Қазіргі заман талабы басқаша. Көрікті де салиқалы ой, көркем образ, бейнелі де астарлы, салауатты сөз керек. Онсыз оқырманның ойынан шығу мүмкін емес. Ал оқырманның көңілінен шықпаған, рухани байлығын кеңейтпеген туындылар «мидың мың градустық домнасына түспеген, балқымаған — шикі, шеберлік диірменіне ілікпеген — бітеу» (С. Мұқанов) шығармалардың бірі боп ұмытылып қала берері сөзсіз. Академик Қажым Жұмалиев айтқанындай, тілімізде жаман сөз жоқ, кінә — сөзді орнына қолдана білмейтіндердің өзінде, әр сөзге сөйлемдегі өзінің таңдаулы, талғаулы орындарын дұрыс тауып бере білсе, жай сөздің өзі де поэтик тілдің ролін атқарады.

Екінші туынды Е. Тоқтасыновтың «Екі жүз отыз жетінші шақырым» атты әңгімелер жинағы. Жинаққа бір повесі мен қысқа әңгімелері енген. Шығармаларының тақырыбы әр алуан. Біздің тоқталатынымыз «Мыңжылқының үстіндегі түн» атты әңгімесі. Жас қаламгер бір түннің алуан түрлі оқиғасын суреттей отырып, біресе мұңды ақын, біресе он саусағынан өнер тамған қылқалам шебері, бірде әйгілі күйші болып толғанады. Бірақ шығарманың бояуы қанық болмай, күнгірт шыққан. Өйткені, көркем туындының негізгі қоймасы — көріктеу, көркемдеу тәсілдерін орынды жұмсай алмаған Е. Тоқтасыновтың туындысында жеке сөздер мен грамматикалық тұлғалардың ғана бұрмалануы емес, тілімізде ғасырлар бойы келе жатқан тарихи категория, байланысы жағынан бір бүтін единица ретінде бір-бірінен ажырамастай семантикалық бірлікте қаралатын тұрақты сөз тіркестерінің де өңі айналып кеткен. Мысалы: Жиырмаға жуық

сәлделі шапанды ашып жұмғанша буынып-түйініп, есікке кептелді. Жан пида, сүйек пида. Шалдар діңкелеп, трюм іші уілге толды, үрей құлақ ербитті. Оны белгісіз сырқат талады. Қазақ тілінде «лезде», «тез» деген мағынада «көзді ашып жұмғанша», «қас пен көздің арасында» деген тұрақты тіркестер бар. Жас автордың көзді шапанмен ауыстырып қолдануында ешқандай образдылық жоқ. Тілімізде бұрыннан қалыптасқан, ойға оралымды, көңілге қонымды тұрақты тіркестер тұрғанда, стильдік те, мағыналық та мақсатсыз тілді бұрмалау дұрыс бола қоймас. Сонымен қатар, құлақ тұндырды, құлаққа түрлідей тиді, құлақты жарды, құлаққа жағымсыз естілді сияқты дайын варианттар тұрғанда, адамға қатысты айтылмайтын құлақ ербитіні қалай түсінуге болады? Сол сияқты, сырқат меңдедіні — сырқат талады, көңілі сергіді, көтерілді дегенді — басы шайбай ашылды деуі, немесе сүйек пида, десте-десте бәле, бір етек бала, ындың құру, елең жеңу сияқты жасанды тіркестер де орнын тауып тұрған жоқ. Еріксіз мұрындықтап тіркестіріп қойған бұл сөздердің әрқайсысының қолданылатын аясы, тіркесетін компоненттері бар. Мәселен, десте сөзінің мағынасы «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»¹ «орылған егіннің бөкесі» делінген. Ал десте-десте сын есімі топ-топ, бума-бума, құшақ-құшақ деген мағынада қолданылған. Бұған қарағанда, десте сөзінің бәлеге қатысы жоқ сияқты.

Әр сөздің стильдік бояуын, мағыналық ерекшелігін, жұмсалыну аясын таразыға салып сараптамай, қыр-сырына жете түсінбей, кез келген сөзбен тіркестіре беруді тіл көтермейді. Әрине, сөз өнері, оның ішінде жазушылық өнер — өнер атаулының ең қиыны мен күрделісі. Ол көсіліп жазуды, көтеріңкі сөйлеуді, еркіндікті қажет етеді. Әр жазушының өзіндік үні, ойы, образ жасау ерекшелігі, тілдік амал-тәсілдерді қолдану шеберлігі бар. Оған дауымыз жоқ. Тек ғасырлар бойы тілде қалыптасып келе жатқан көркемдеу тәсілдерінің ең шоқтығы биік шұрайлысы — тұрақты сөз тіркестері сол еркіндіктің құрбаны болмаса екен дейміз.

Қандай мәселені сөз етпесін, жазушының айтайын деген ойы ашық, айқын, сөздері бір-бірімен қабысып, бірін-бірі анықтап, толықтырып тұруы керек. Бұл тілдің

¹ Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1978, 3-т., 121-б.

заңдылығы. Ал орынсыз бұрмаланған тіркестер мен олақ қолданылған сөздер жазушының айтайын деген ойының сәнін келтірмейді, әрін кетіреді. Сөзіміз дәлелді болуы үшін талдау объектімізге сөз берейік:

Бір майдан Әзез, Қаратаудың теріскейінен деп қазір «ойлантпады» деп қалған күйде Теңгеш бейнесі талай заман абыржытады, сөйтіп байырғы сөзбен айтқанда жүректің арманда кеткен бір әні болып қалары сөзсіз. *Бір майдан Әзездің іші лоқылдаудан* ауырса, түйедей биіктен құлап, майып болу қаупі жадыдан мықтап ұстатты, әсеріне бола шыдады. Пушкин, Лермонтов, Абай, Блок, Сәкен, Төлеген, Мұқағали көздері... Кітаптан-кітапқа ауысқан суретінен пәлендей сыр байқатпайды. *Әзез сол қаскөй минут. Шынтақтай жері* суретшінің көзі тауға тірелді. Добалдай, икемсіздеу саусақтардың пәрмені *өзегіндей* екен. Арқаның желі ықылым замандар *ұрынып* қойын-қонышын кеулеп, мүжіп, үшкірлеп кеткен. Бұл жұрт ылғи *іш құбылтады, тілек телміртеді*. Суретшінің қолы дирижердің қолынша сенімді, *ым меңзөйді*. Бірде *зарлы құйынның* ортасына түсіп бас айналса, алабөтен дыбыстар *қалампыр бүрікті*. Бірінші сөйлемдегі автордың айтайын дегені Теңгеш бейнесінің жүректің арманда кеткен бір әні болып қалатыны болса керек, ал *бір майдан Әзез, Қаратаудың теріскейінен деп қазір «ойлантпады» деп қалған күйденің* Теңгеш бейнесін не анықтап, не толықтырып тұрмағаны контекстен көрініп тұр. Сондықтан қажеті жоқ сияқты. Ал *бір майдан Әзезді* (екінші сөйлем де осылай басталған) қалай түсінуге болады? Жалпы бірінші, екінші сөйлемнің құрылысы дұрыс емес, сол себепті де автордың айтайын деген ойы шашыраңқы, күнгірт шыққан. Ал үшінші, төртінші мысалдардағы *Әзез тап сол қаскөй минут, шынтақтай жері* сияқты қолданыстар артық. *Жел ұрынып* тіркесі — *жел ұрып* болып қолданылуы керек еді, сол сияқты *өзегіндей* де өз орнын тауып тұрған жоқ. Ал соңғы мысалдардағы *іш құбылтады, тілек телміртеді, ым меңзөйді, дықатты келбет, әсіреті көп дүние, жұтынар жұмыр тізе, тәмпіш еткізу, кеуде демалу, қадірден жазушы* сияқты тіркестердің контекстсіз мағынасын дөп басып айту қиын. Құрмалас сөйлемдердің арасында мағыналық байланыс, бірізділік жоқ. Мысалы, *зарлы құйынға* (егер ондай құйын бар болса) *қалампыр бүріккіш дыбыстардың* қандай қатысы бар?

Алғашқы туынды! Лепірген көңілі, лүпілдеген алғашқы жүрек дүрсілі, жастық жалыны, оқырманның ойын тербеп, қиялын шарықтататын ойлы образдары, соны суреттеулері, өткір теңеулерімен ерекшеленбей ме? Әрине, «...ерекшелікке жету екінің бірінің еншісіне тимейді. Кез келген сірі соқпақ, сүрлеуден қалағаның табыла да бермейді. Қалыңның арасынан ине іздегендей табантоз күй кешу керек»². «Табантоз күй кешу» тілімізде қалыптасқан тұрақты сөз тіркестерінің өңін айналдырып, сүреңсіз сөйлемдер мен жасанды тіркестерді судай сапырылыстыру емес. Тек сыртқы формасын текшелеп қойған, мазмұны түсініксіз ұзақ-ұзақ сөйлемдер де емес. Мәселе ішкі мазмұнда, мағынада. Халықтың алтын қазынасы — сөзін, тілін ойлы да өткір, ұтымды да шебер қиюластыра білуде.

Жас қаламгердің тұнғыш туындысындағы тұрақты сөз тіркестерінің басына түскен «ауыртпалық» жеке сөздердің қолданысынан да кездесіп қалады. Мысалы: Төленді *қапалақтап* тұр. Бірақ көпшілік жабылып *өш-пүш* дегенше бауыздамақ малша, *шындап* құлатып тынды. Негізінен *қапалақтап қар* сөзімен тіркесіп *қапалақтап қар жауар* деген мағынада қолданылатын еді, ал бұл жердегі әңгіме ыңғайсыздану мағынасында болғандықтан, *қипалақтапты* қолданған дұрыс. Тіліміздегі нормалы *әне-міне*, *шаңду* сөздерін *әш-пүш*, *шыңдап* деп қолданудағы ұтқанымыз қайсы? Сөз мағынасынан ауытқудың жөнді-жөнсіз жақтары болатыны белгілі. Ал мына сияқты ауытқулардың персонаж тілінде емес, автордың өз аузынан шыққаны өкінішті-ақ.

Қазақ тілінде сөзге қосымша қосудың қалыптасқан заңдылығы бар. Кей жағдайда (мәселен, стильдік мақсатта) жазушы жұрнақтардың орнын ауыстырып қолдануы мүмкін, ал жалғаулардың орны негізінен тұрақты. Ал біз талдап отырған туынды тілінде жалғаулар да «жүрдек», бірінің орнына бірі емін-еркін, қалауынша қолданыла береді. Мысалы: Эзездің *пайымына* киімнің ең қонымдысы, ең үлгілісі, ең қымбаты қазіргі адамды тек көпшілікпен теңгереді. Жұрт тарқап трюм *есігін* жабыларда шыққан Құлыншақ аспанға таңырқай қарап, кеуде демалып, сәл кідірген мезгіл шәпкелі солдат келіп,

² Сапарбаев И. Ойлы өлең ождан оятар. — Қазақ әдебиеті, 1981, 23 октябрь.

бетіне тесірейе... Ауыл шетінде бір түйелі жанасты. Мақан мақташының үйінде ол өстіп келген. Бұл мысалдардағы асты сызылған сөздердің пайымында, есігі, шетіне, үйіне делініп қолданылатыны тіпті дәлелдеуді қажет етпейді.

Өз тілінде дұрыс жазып, дұрыс айту үшін тек тілдік материалдарды (сөздің негізгі мағынасы мен реңктерін) біліп қана қою жеткіліксіз, сонымен қатар тілдік механизмді, айталық, сөздердің тіркесу заңдылықтарын да жете меңгеру керек. Бұл ретте әрбір жас қаламгер ең негізгі мәселе етіп нені айтамын дегенді емес, қалай айтамын, қандай тілдік тәсілдерді қолдану арқылы оқырманның ойына жол табамын дегенді мақсат етіп қойғанылазым.

Көркем әдебиет тілін ажарландыратын, көркемділігі арттыратын тілдік тәсілдердің бірі — бейнелеу, сөзді образды қолдану. Өмір құбылысын сурет арқылы көзге елестетіп, көкейіңе құйып, көңіліңе қондыратын небір тамаша тілдік тәсілдер, ғажайып үлгілер бар. Әрине, жас қаламгердің туындысында ондай тілдік үлгілер кездеспейді деуге болмайды. Мысалы, *ойы тал түсте көкпарсыз қалған адырдағы аттыдай бытыраңқы, жан жүйесіне өткір сына қағыла бастағандай, күйшінің даусы... ақ шарбы бұлттай үзік-үзік, қызылшақа жаңа өнген қанатсыз сезім, еңкілдеп аға жөнелген өзен-бұлақтар, арқасынан көз аймалатқан Әзездің жүрегі бүгелек қақты тәрізді сәтті қолданыстар* да аз емес. Сонымен қатар, *сабаны мұрт тікірейткен шиферлі там, суға түскен тұмақтай көріксіз қора-қопсы, кемеш жез самаурындай дөңгелек апай, күйшіні өзге дарындар суда қалқыған ағашша әуенге батпай, бір ана басы, бір мына басы қайқып әбігер жеңді, шертпе күй сиқыр дыбыстың толғағы қаттысы, келесі үнді таптырмас жорамалдың болдырар ғажайыбы, шертпе күй... бақайшағы маймаңдап, зар бүріккіш сөздер сияқты оқырманның сезімін селт еткізбес, жасанды жансыз теңеулер жазушы қаламының төселмегенінің айғағы. Мәселен, ішкі сезім серпілісі мен ой арпалысын, тағдыр тәлкегін қос ішекке табындырып, сай сүйегінді сырқыратып, санаңа құйып беретін күйдің күдіретін ақындар: *Жорға күй жолда шаңы бұрқыраған, Жалын күй көкке шапшып лыпылдаған, Көріні бала қылып ойнатқан күй. Бұлақ күй сусағанға сынқылдаған, Бозда-бозда бота күй...* (І. Жансүгіров), деп жырласа,*

күй күдіретін, одан алған ләззатын жас авторымыз: «көзімді барынша ашпай, қонақ үйіне қарай тұра жүгірдім» деп суреттейді. Сол сияқты шөл даланы — аэропортқа лайық қу жапан деуі де көркем туындының авторының ой жұтандығын көрсетеді. Өйткені тіл байлығы — ой байлығы. Ойы бұлдырдың сөзі де бұлдыр.

Сөзі тәтті, мағынасы түзу келсе,
Оған кімнің ұнасар таласуы, —

деп ұлы Абай айтқанындай, шығарманың тілі, стилі, ойы, образы бір-бірімен жымдасып, қабысып, айналасы теп-тегіс жұмыр келсе, нұр үстіне нұр. Тек сүйектен өтетін сөздің кейде жүрекке де жетпей жататынын жас қаламгерлер ескерулері керек. «Екі жүз отыз жетінші шақырым» — Есқара Тоқтасыновтың тұңғыш туындысы. Бірақ тұңғыш қой деп жауырды жаба тоқуды жөн көрмедік. Себебі, тіл жағынан сүрініп жығылатын мұндай кітаптардың бізді талай қынжылтқаны бар. Оған тек жас авторларды ғана кінәлауға болмайды, кітапты шығарып отырған баспа бар, баспадағы кітап редакторы бар. Демек, жоғарыдағыдай кітаптардың жыртық-тесігі үшін біз тек жас авторға емес, «баспа қызметкерлері мен рецензияшыларға да ренжуіміз керек»³. Иә, әрбір жинақтың аннотациясындағы: «Әңгімелерінің тақырыбы сан алуан. Тілі жеңіл» деген сипаттама шығарманың «ертеңіне» де жауап берерліктей дәрежеде айтылғаны жөн.

³ Нұрмағанбетов Ә. Сүреңсіз сөз, сөлекет сөйлемдер. — Қазақ әдебиеті, 1981, 4 декабрь.

Ш. САРЫБАЕВ

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ТІЛІНДЕГІ ЖЕРГІЛІКТІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Көркем әдебиет немесе мерзімді баспасөз тілінде жергілікті ерекшеліктерді (диалектизмдерді) қолдану шеңбері, принциптері, әдістері әлі де болса шешілмей келе жатқан талас мәселелердің бірі. Қазақ тілі говорларында әдеби тілдің кәдесіне жарайтын, оны байытатын элементтер де, керісінше, әдеби тілді шұбарлайтын, оның дамуына, нормалануына, бір қалыпқа түсуіне кедергі жасайтын элементтер де бар. Бұрын говор, белгілі бір аймақ шеңберінде ғана қолданылып, кейін жазушы, әсіресе, журналистердің жиі-жиі қолдануы арқасында, олардың сөз уағыздаудағы игі еңбектерінің нәтижесінде тар шеңберден шығып, әдеби деңгейіне дейін көтерілген, жалпы халықтық қолданыс дәрежесіне жеткен *дақыл*, *бағбан*, *мұрап*, *дуал*, *шабандоз*, *атыз*, *арасан суы*, *дәліз*, *асар* сияқты сөздеріміз аз емес.

«Кен асылы — жерде, сөз асылы — елде» дегендей қазақ говорларында жоғарыда көрсетілген сөздерден басқа әдеби тілдің лексикасын байыта түсетін сөздер көп. Мысалы: *жозы* (аласа дөңгелек стол), *ләтта* (макулатура), *айлақ* (бухта), *үәкіс* (аяқкиім кремі), *қаудан* (кочан), *зембіл* (носылки), *бармақнан* (галушки), *жеңсе* (нарукавник), т. б. Жазушылар, журналистер әр өлкеде, белгілі бір аймақта ғана айтылатын, әдеби тіл лексикасын байытуға аса қажетті кәсіби сөздерді жалпы халықтық қолданыс дәрежесіне дейін көтеру мақсатымен барынша мол қолданып, оларды сілтемеде түсіндіріп отырса, құба-құп болар еді. Қазақ говорларында әдеби тіл кәдесіне жарайтын, сөздік қорымыздың баюына қа-

жетті бау-бақша, мақта, зергерлік аңшылық, құсбегілік, т. б. толып жатқан шаруашылық түрлеріне байланысты сөздер аз емес. Мысалы, бау-бақшамен көбірек айналысатын оңтүстік аймақтағы тұрғындардың тілінде жемістің, көкөністің және суғару системасымен байланысты алуан түрлі атаулары бар. Немесе балық шаруашылығымен көбірек шұғылданатын Каспий, Арал тұрғындарының, әсіресе балықшылардың тілінде балық, құрал-сайман аттары көп кездеседі. Ондай сөздерді жазушылар шеберлікпен пайдаланып та жүр. Мысалы, С. Мұқановтың «Сырдария» романында күріш егісімен байланысты көптеген сөздер қолданылса, Ә. Сәрсенбаев «Толқында туғандар» шығармасында *үкі, шаланда, шалқа, батаға, жақты, түйір* сияқты балықпен байланысты сөздерді молынан пайдаланып, оларды ұғыныңқы болу үшін сілтемеде түсіндіріп отырған.

Көркем әдебиет тілінде, оның ішінде әйгілі, танымал қалам қайраткерлерінің шығармаларында кездесетін тіл ерекшеліктерінің бәрін бірдей әдеби нормаға жатқызуға болмайды.

Әрине, көркем әдебиет шығармалары әдеби тіл үлгісі болып есептеледі. Әдеби тіл нормасы, бір жағынан, әдеби шығармалардың тілімен өлшенетіні де белгілі. Бірақ «әдеби тіл» деген ұғым «көркем әдебиет тілі» деген ұғыммен барабар емес. Көркем әдебиет тілінде кездесетін тіл элементтерінің бәрі бірдей әдеби тіл үлгісі бола бермейді. Мысалы, жазушының белгілі бір стильдік мақсатпен кейіпкер тіліне кітаби, қарапайым сөздер, диалектизмдер мен тосын сөздерді (окказионализмдер) енгізуі ықтимал. Олардың бәрі бірдей әдеби тіл нормасына сай келе бермейді. Сондықтан, көркем әдебиет тіліндегі тіл элементтерінің бәрін бірдей әдеби тіл нұсқасы деп қарамау керек. Әдеби тілді диалектизм сөздерімен байыту үш амал арқылы жүзеге асырылады: 1) әдеби тілде баламасы жоқ сөздерді қолдану арқылы; 2) диалектілік вариант, дублет сыңарларын семантикалық дифференциация әдісімен саралау арқылы; 3) әдеби тілдегі синонимдік қатарларды жергілікті сөздермен молайту арқылы. Асылы, әдеби тілде баламасы бар, тар аймақта ғана қолданылатын сөздерді, формаларды авторлық ремаркаларда, баяндауларда, автордың өз сөзінде, суреттемелерінде көп қолдана бермей, жалпы халықтық әдеби тілдің нормасын сақтау керек.

Кейбір жазушы, журналистер халық тілінің сөз байлығын сарқа пайдалану дегенді өздерінше түсінетін сияқты. Олар әдеби тілдің нормасымен санаспай, өзінің жастайынан үйреніп, құлағына сіңіп қалған аймақтық сөздерді әдеби тілге енгізгісі келеді. Мысалы: *Сәл нәстеге күйіп-пісіп...* (Жұлдыз, 1978, № 7, 23-бет). — *Сәл нәрсеге күйіп-пісіп...* *Әнша-мұнша* екілене соққан бұрқасын... (Лен. жас, 1981, 13 май. Т. Бердияров). — *Аздықөпті. Түн жарасында* (Жұлдыз, 1978, № 7, 31-бет. М. Сүндетов). — *Түн жартысында, түн жарымында.* Он шақты ұсақ *жандық* қалды (Ө. Қанахин, Күдірет, 15-бет). — *Ұсақ мал. Үйдің егесі* (Ө. Қанахин, Күдірет, 13, 38, 105-беттер). — *Үйдің иесі.* Кажетіңе жарататындай шаруа шығып *жатырса* сатармыз (Жұлдыз, 1978, № 10, 158-бет). — *Жатса. Дізе* (Мәдениет және тұрмыс, 1980, № 3, 24 бет). — *Тізе. Дізгін* (Жалын, 1979, № 6, 39-бет). — *Тізгін. Бір нәсте* (Жалын, 1979, № 5, 33-бет). *Бір кезде. Қайыра* (Жалын, 1980, № 4, 90-бет). — *Қайта. Құмған* (Жалын, 1980, № 2, 72-бет). — *Құман.* «Ауруда шәншу жаман, сөзде қаңқу жаман» (Мәдениет және тұрмыс, 1981). — *Шаншу.*

Оңтүстік аймақтарда жіңішке айтылатын біраз сөздер солтүстік аймақтарда жуан айтылатыны белгілі. Соның әуенімен көркем әдебиет шығармаларында *әлдеқашан, әжім, әжуа, шілдеханә* сөздері *алдақашан, ажым, ажуа, шылдахана* болып жуан түрінде қолданылады. Керісінше, біраз сөздер жуан түрінде жұмсалуы орнына жіңішке түрінде (*мәзмүн — мазмұн, уәйімдеу — уайымдау, әсілі — асылы, жаудіреу — жаудырау*) қолданылған. Оңтүстік говорларда әдеби тілдегі *барғысы келеді, барғысы келмейді, отырғысы келеді, отырғысы келмейді* сияқты грамматикалық тұлғалардың орнына *барғысы бар, барғысы жоқ, отырғысы бар, отырғысы жоқ* сияқты формалар қолданылатыны белгілі. Кейбір шығармаларда бұл конструкция жиі кездеседі. Мысалы, *Сені көргісі жоқ* (Жұлдыз, 1978, № 7, 68-бет). *Үйден кеткім жоқ* (Мәдениет және тұрмыс, 1978, № 11, 14-бет). *Мүлдем сенгісі жоқ* (Жалын, 1979, № 6, 31-бет). *Көз алдында ұстап тұрғысы бар* (Жалын, 1980, № 4, 74-бет). *Терең үңілгім бар* (Жалын, 1980, № 4, 84-бет), т. б. Егер осы ізбен кете берсек, онда *ұйықтағым бар, ұйықтағым жоқ, жасағым бар, жасағым жоқ, атқым бар, атқым жоқ, шомылғым бар, шомылғым жоқ, шымшығым жоқ* дегендерді норма-

ға айналдыру керек болады. Егер диалектизмдерді «Біздің әдеби тіліміз жас, әлі қалыптасу үстінде» дегенді желеу қылып, говорлардағы бар сөзді талғамай, жатсынбай қолдана берсек, онда *маңдай, таңдай* тұлғаларының орнына оңтүстік аймақтарында жиі айтылатын *маңлай, таңлай, тамақ пісті* деудің орнына Семей, Шығыс Қазақстан облыстарының кейбір аудандарында айталатын *тамақ пысты*, немесе батыс облыстары тұрғындарының тілінде кездесетін *қалай-солай* (қалай болса солай), *барасыңыз, келесіңіз* (барасыз, келесіз), *жар сағаты* (қабырға сағаты) сияқты сөздердің қолданылуын заңды деп табуға тура келеді. Бұдан біздің әдеби тілімізге келер пайда жоқ. Одан әдеби тіліміз ұтылмаса, ұтпайды. Мұндай ерекшеліктер әдеби тілімізді шұбарлайды, шығарманың түсініктілігін қиындатады, әдеби тіліміздің нормасына нұқсан келтіреді. «Рас, бұдан 20—30 жыл бұрын әдеби тіліміз қалыптасуға бет бұрғанда, қазақ тілінің тіл байлығын сарқа пайдаланып, оның керегін әдебиет елегінен өткізіп, сұрыптап алу үшін, әркім есіткен-білгенін әдебиетке еркін ендіре берсін деп қарайтын едік. Әдеби тілдің қалыптаса бастаған кезеңдеріне, тіл жұмсаушыларға берілген ондай «еркіндіктің», расында, көп пайдасы тиді... Ал қазіргі қазақ тілін «әлі жас» деу — бишаралық. Қосмосты меңгерген заманда, құлазыған даланы телегей-теңіз егінге бөлеген дәуірде, мәдениеттің, өнер-білімнің шыңына шыққан қазақ халқының осы күнгі тілін баяғысындай жас деуге болмайды. Әдеби тілдің тарихы дәл орыс әдеби тілінің даму, қалыптасу тарихындай болмағанмен, ол әлдеқашан «жастықтан» шықты, әдеби тіліміз кемеліне келіп, шыңдалды. Оны енді қызғыштай қорғай, ыбырсық сөзден, тым-тырағайлықтан сақтау керек»¹.

Тілі көркем, сөз, сөйлем саптамы жағынан ұқыптылық байқатып жүрген, әбден төселген жазушыларымыздың бірі Ә. Нұрпейісовтің шығармаларында да жергілікті тіл ерекшеліктері кездеседі. Жазушы әдеби тілімізде баламасы жоқ, балық кәсібімен байланысты қолданылған кәсіби сөздерді кең пайдалануы: құптауымыз керек. Бірақ автордың өз сөзінде, баяндауларында әдеби тілді шұбарлайтын *жұмалау* (домалау), *жары алтын* (жартысы алтын), *кележақ* (келетін), *жардағы сағат* (қабырға-

¹ Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті. Алматы, 1971, 89-б.

дағы сағат), *шәмбе* (шама), *баратты* (бара жатты), *келатты* (келе жатты) сөздерінің орын алуын құптай алмаймыз. Ж. Тілековтің шығармаларынан бірер мысал: Бір дөңесте опыр-топыр жиын болып жатыр. Ластай асуынан жиылған *аламандарға* ұқсамайды (Жоңғ. дал., 214). Оның аман қалғаны *қиын жақсы* болды (Жоңғ. дал., 107). Оның үстіне пішеншілер нөсер *тұрғай* жай жаңбырды жақтырмайтыны ежелгі дәстүр (Қайн., 9). Тегі, мал шаруашылығын жаңаша басқаруға байланысты *мұшауараласатын* төтенше жайт бар-ау... (Қайн., 13), Қызыл отауда... түліктер нәсілінің түрлі фотографиялары, мал өсіру істеріне тән плакаттар, әр алуан өсімдіктер, *азын-шоғын* аспаптар — бәрін жиғанда бір үлкен чемодандық материалдар болатын (Қайн., 24). Мен керенау әйелдерге жұмысқа шық деп *тәртіп беріп* отырсам, ол келеді де: «Жұмысқа шықпа, үйлерінде отыр!» дейді (Қайн., 48). Мұндағы *аламан, қиын жақсы, тұрғай, мұшауараласатын, азын-шоғын, тәртіп беру* деген сөздердің әдеби тілде баламасы бар.

Қазақстанның шығыс, батыс, оңтүстік облыс тұрғындар тілінің өздеріне ғана тән, облыс, аудан көлемінде ғана қолданылатын жергілікті сөздер көп. Бірақ, жазушы оңтүстік не батыс говорлар тобына тән аймақтық сөздерге әдеттенбей, жалпы халықтың әдеби тілінің негізінде жазуы керек. Егер көркем әдебиет шығармаларын оның көріктік сипатын сұйылтып, құлаққа тосын естілетін жергілікті сөздермен шұбарласақ, онда шығарманың түсініктілігіне, оның айқындылығына нұқсан келтіреміз. М. Горький айтқандай: «Орыс сөйлеміне шет ел сөздерін тықпалай беру біздің оқушыны қалай қинаса, провинциализмдерге, жергілікті сөздерге құмарту да суреттеменің айқындылығына сондай нұқсан келтіреді»².

Көркем шығармаға қойылатын талаптардың бірі — шығарма тілінің қарапайым оқушыға түсінікті болуы. Осы тұрғыдан алып қарағанда диалектизмдерді көркем әдебиет тіліне орынсыз, шамадан тыс тықпалай беру шығарманың көркемдік сипатын сұйылтып, жалпы халыққа түсінікті болу жағына нұқсан келтіреді. Шығарманы сыдыртып оқып келе жатқан оқушы құлаққа тосын естілетін диалектизмдер шамадан тыс көп кездесе, ондай түсініксіз сөздердің мағынасын ойластырып, еріксіз

² Горький А. М. Собр. соч. М., 1953, т. 26, с. 403—404.

кібіртіктеп, бөгеліп, сюжет желісінен айырылып қалып отырады. Кейбір жазушылар мұндай сөздер мен сөйлем орамдары қазақтың жалпақ тілінде бар, қазақ содай дейді, мен талай естігем, оларды жатсынбай сарқа пайдалану керек дегенді айтады. Бұл әдеби тіл мен ауызекі тілдің өзара қатынасын, ерекшеліктерін түсінбеушіліктен туған пікір. Олай деушілерге М. Горькийдің мынадай сөзімен жауап беруге болады: «Автор может возразить: «Такие слова — говорят, я их слышал». Мало ли что и мало ли как говорят в нашей огромной стране, — литератор должен уметь отобрать для работы изображения словом наиболее живучие, четкие, простые и ясные слова»³. Бұл жерде М. Горькийдің: «Тілді халық жасайды. Әдеби тіл және халық тілі деп бөліп жүргеніміз, бізде шикі тіл мен жазушылар өндеген тіл бар деген сөз ғана» немесе «Ауызекі тіл мен әдеби тілді жақсы білу керектігі бесенеден белгілі, бірақ ол екі тілді қазіргі жас жазушылар сияқты шатастырмау қажет» деген сөздерін ескерген жөн. Кейбір авторлар орыс жазушыларының шығармаларында диалектілік ерекшеліктердің қолданылуын бетке ұстап, өз шығармаларындағы диалектілік ерекшеліктерді орыс қаламгерлерінің тәжірибесімен ақтағысы келеді. Рас, диалектілік ерекшеліктер И. С. Тургеневтің, М. Шолоховтың, т. б. ірі классик жазушылардың шығармаларында кездеседі. Мысалы, И. С. Тургеневтің «Аңшының жазбалары» шығармасында біраз диалектілік ерекшеліктер бар. Бірақ И. С. Тургенев оларды асыра, шамадан тыс көп қолданбай, мөлшермен, қажетті жерде ғана қолданып отырған. И. С. Тургенев диалектизмдерді көп жағдайларда кейіпкерлердің тіліне кірістіріп, оларды оқушыға ұғынықты болу үшін түсіндіріп отырған. «Бирюк» әңгімесінде мынадай бір сөйлем бар: «Меня зовут Фомой, — отвечал он, — а по прозвищу «Бирюк». Осындағы Бирюк деген сөзге «Бирюком» називается в Орловской губернии человек одинокий, угрюмый» деп түсініктеме берген. И. С. Тургеневтің творчествосымен көп жылдар бойы арнайы шұғылданып жүрген ғалымдардың (М. А. Шелякин) мәліметіне қарағанда, И. С. Тургенев бір шыққан шығармасын қайта бастырар алдында ондағы бірқатар диалектизмдерді алып тастап,

³ Прохорова В. Н. Диалектизмы в языке художественной литературы. М., 1957.

оларды әдеби тілде норма болып қалыптасқан сөздермен ауыстырып отырған⁴. И. С. Тургенев өзінің сөйлеу тілінде диалектілік ерекшеліктерді көп қолданатындығына қынжылып, өкініш білдіріп отырған. Ол С. Т. Аксаковқа жазған бір хатында былай деген: «Что касается до провинциальных выражений, то, к несчастью, я сам их незаметно употребляю в разговоре и покойный критик В. Г. Белинский всегда называл меня «орловцем, не умеющим говорить по-русски». Прошу Вас указать мне такие выражения»⁵. М. Горький жазушыларды жергілікті сөздерді ретсіз қолданудан талай рет сақтандырған болатын. Ол жазушы Ф. Панферовты *пыжжай, базынить, трютильный* сияқты түсініксіз сөздерді қолданғаны үшін қатты сынаған-ды. М. Горький жаңа жаза бастаған жазушыларға арнап жазған бір хатында: «Бізде әрбір губернияда, одан қала берді көптеген уездерде өздеріне тән «говорлар» және сөздер бар. Бірақ әдебиетші вятша немесе балахонша жазбай, орысша жазуы керек»⁶ — деген еді. М. Горький бір губерния тұрғындарына ғана түсінікті сөздермен жазу үлкен қате екенін айта келіп, Ф. Гладков өзінің «Цемент» романын осылай жазғанын, бұл оның жақсы кітабына нұқсан келтіргенін айтады (В. Д. Ряховскийге жазған хатынан). Егер тума көркем әдебиет шығармаларында белгілі бір аймақ тұрғындарының тілдік колоритін, бояуын, реңкін көрсету мақсатымен кейіпкердің тілінде әдеби тілде баламасы бар диалектілік ерекшеліктердің орын алуын дұрыс деп тапсақ, аударма әдебиеттерде ондай колорит, бояу беру мақсаты қойылмайтындықтан, кейіпкер тілінде жоғарыдағыдай диалектизмдердің орын алуын құптамаймыз. Мысалы, Грибоедовтің «Ақыл азабы» шығармасының қазақша аудармасында *дейсіз, тассыз, мүзсыз* сияқты әдеби тілде норма болып қалыптасқан тұлғалардың орнына *дейсіңіз, тассыңыз, мүзсыңыз* сияқты диалектілік ерекшеліктер қолданылған. Көпшілікке ұғынықсыз, тек бір-екі аудан не бір-екі облыс көлемінде ғана айтылатын осындай сөздерді көркем әдебиетке әкеліп тықпалау — шығарманың түсініктілігіне, тіл жатықтығына зиян келтіреді. Мұндай жалпыға түсініксіз сөздер әсіресе «Жас гвардия» рома-

⁴ Иванов В. В. Русские народные говоры. М., 1957, с. 76.

⁵ Тургенев И. С. Собр. соч., 1953, т. 11, с. 116.

⁶ Горький М. Әдебиет туралы. М., 1953, 388-б.

нының аудармасында көп кездеседі. Орыс тіліндегі түп нұсқада кездесетін жергілікті ерекшеліктерді қазақ говорларындағы ерекшеліктер арқылы беруге болмайды. Айталық, егерде біз «Тынық Дон» шығармасында кездесетін диалектизмдерді қазақ тілінің жергілікті сөздерімен аударатын болсақ, онда біз түпнұсқадағы сөз болып отырған Дон казактарының тілдік ерекшеліктерін емес, Қазақстанның кейбір аудан, облыстарында тұратын тұрғын халықтың тіл ерекшеліктерін көрсеткен боламыз. Түпнұсқада кездесетін диалектизмдерді аударудың үш жолы бар. 1. Түпнұсқадағы сөздер қазақ тіліндегі сөздермен мағына, дыбыс жағынан әуендес болса, оларды қазақ тіліндегі балама сөздер арқылы беру керек. Мысалы, Шолоховтың «Тынық Дон» шығармасында кездесетін *чекмень*, *чирики*, *бурсак* сөздерінің тіліміздегі *шекпен*, *шәрке*, *бауырсақ* сөздерімен берілгенін құптау керек; 2. Түпнұсқадағы сөздердің қазақ тілінің әдеби тілінде баламалары болса, оларды сол сөздер арқылы аудару керек; 3. Әдеби тілімізде баламалары жоқ орыс диалектизмдерді аудармай, сол түпнұсқадағы қалпынша сақтап, сілтемеде қысқаша түсінік беріп отыру керек. Қазақ әдеби тілінің стильдік, синтаксистік, орфографиялық нормалары белгілі бір дәрежеде қалыптасқан әдеби тіліміз бар да, жергілікті ерекшеліктерді, қарапайым сөздерді (просторечие), кейбір ауызекі тіл аясында ғана қолданылатын сөйлем орамдарын қамтитын ауызекі тілдің элементтері бар. Ауызекі сөйлеу тіліміздегі кез келген сөзді, сөйлем орамдарын әдеби тілге жапа-тармағай қолдана беруге болмайды. Әрине, жоғарыда көрсетілген кемшіліктер осы күнгі көркем шығарма тілінде көп орын алмайды. Дегенмен олардың келешекте көрінбегені жөн. Әдеби тілдің нормасы дегенде біз көркем әдебиет тіліне жүгінеміз. Тіл білімпаздары тіл зерттеуде, сөздіктер құрастырғанда, ең алдымен көркем әдебиет тілін негізге алады. Түрлі мектеп оқулықтары мен хрестоматияларға үзінділер беріп, біз мектеп оқушыларын мәдениетті, сауатты сөйлеуге көркем шығармалардың тілі арқылы баулимыз. Оқушылар көркем әдебиет шығармаларын қадірлейді, көп оқиды, оның тілін үлгі тұтады. Ал егер көркем шығарма тілінде әдеби тілдің нормасына жатпайтын олпы-солпы сөздер мен оқушылардың құлағына тосын қолданыс болып естілетін, кедір-бұдыр жонылмаған, сұйқылт сөйлемдер кездесіп отырса,

олар оқушылардың тіліне теріс әсер етуі мүмкін. Бізде көркем шығарманың тіліне үлкен талап қоярлықтай талғампаз, сауатты оқырмандар өсіп келеді. Сондықтан, біз мұндай кемшіліктерге көзжұмбайлық жасамауымыз керек. «Тіл — әдебиеттің бірінші элементі» (М. Горький), «Көркем шығарма дегеніміз — сөз өнері» (К. Федин), «Тіл өнері дертпен тең» (Абай) сияқты тамаша пікірлерді есте тұтайық.

Б. ҚАЛИЕВ

Д. ДОСЖАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДИАЛЕКТИЗМДЕР МЕН СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЭЛЕМЕНТТЕРІ ЖАЙЫНДА

Көркем әдебиет тілі мен әдеби тіл дегендердің бір-бірімен жақындасар, қабысар жері де, ажырасар, алшақтар жері де бар екендігі белгілі. Жақындасар жері — көркем әдебиет әдетте қалың жұртшылыққа, бүкіл халыққа арналып жазылатындықтан, ол сол халықтың бәріне бірдей түсінікті, күллісіне ортақ әдеби тілмен жазылады. Көркем әдебиет тілі жағынан бейнелі, әсерлі, түсінікті болумен бірге, әдеби тілімізді жетілдіре, дамыта түсуге, өз оқырмандарын тіл мәдениетіне тәрбиелей білуге тиіс. Ал олардың бір-бірінен ажырасар, алшақтар жағы — көркем әдебиет авторы творчестволық туындыны жазу үстінде тек әдеби тілмен ғана шектеліп қоймайды, кейде оның шеңберінен шығып, өзі суреттеп отырған ортасының табиғатын, кәсібін, шаруашылығын, халық тілінің ерекшелігін шынайы бейнелеу тұрғысынан әдеби тіл аясынан тыс жатқан сөздер мен тіркестерді, грамматикалық формаларды пайдаланады; яғни жазушы көркемдік мақсат көздеп, сөздерді қолданбайтын мағынада қолданады, тіркеспейтін сөздерді тіркестіреді, өз шығармаларына жергілікті, кәсіби сөздерді ендіреді. Бұлары, әрине, мағынасы жағынан түсінікті, құрылысы жағынан көкейге қонымды болып, әсерлілік, эстетикалық жағынан жарасып, жымдасып тұрса, сөйтіп, тіл құрамынан өз орнын тауып отырса — құба-құп. Ал олары айтуға қиын, түсінуге ауыр тиіп, миға қонбай, ақылға сыймай жатса, одан тілге келер ешқандай пайда жоқ. Қайта, керісінше, ондай сөздер көркем әдебиетті оқуға, түсінуге қиындық келтіреді, тілімізді бұзады, шұбарлайды. Мұндай жағдай

қазақ жазушыларының ішінен әсіресе Д. Досжанов шығармаларынан көбірек байқалып қалатын сияқты. Өз білгенімізше «жазушы тілінің кемшілігі» деп түйгендерімізді көпшіліктің төрелігіне салу үшін, біз автордың «Жусан мен гүлдер» (1966), «Құм жұтқан қалалар» (1967), «Тұлпардың ізімен» (1967), «Зауал» (1970), «Жібек жолы» (1973), «Дария» (1976), «Кісі ақысы» (1978), «Келіншектаудағы тас түйелер» (1979), «Табалдырығыңа табын» (1980) атты кітаптарын түгел оқып шықтық та, олардағы әдеби тілден тыс жатқан сөздер мен тіркестерді белгілеп, карточкаға түсірдік. Олардың жалпы саны бір мыңдай болды. Аталған тоғыз кітапта бұл сияқты сөздердің кейбіреулері әлденеше рет қайталанады да, енді біразы бір не екі рет ғана кездеседі. Бұлардың ішінен жиі кездесетіндерін біз ретке келтіріп, алфавитке түсірдік, сөзтізбесін жасап, санын санадық. Олардың ұзын саны — 400 болды. Бұл мақаладағы әңгіме, міне, осы 400 сөздің төңірегінде болмақшы. Әрине, бір ғана мақаланың көлемінде 400 сөздің бәріне талдау жасау оңай емес. Дегенмен оларды топтап, жүйелеп айту мақсатында, кейбіреулерінің өзін ғана атап өтіп, қайсыбір сөздердің тек мағыналарын ғана ашамыз. Енді біреулеріне жазушының өзінен мысалдар келтіреміз. Сондағы мақсатымыз — жазушы тіліндегі нормадан тыс жатқан элементтерді көрсету, сол арқылы көркем әдебиет тілінің әдеби тілге қатынасын айқындау.

Д. Досжанов шығармаларында кездесетін тіл кемшіліктері дегенге тоқталмас бұрын ескертеріміз — «жазушы тек диалектизм сөздер мен ауызекі сөйлеу тілінің элементтерін ғана қолданады» деген пікірден аулақпыз. Оның тілі лексикалық жағынан кейінгі буын өкілдерін былай қойғанда, өз қатарластарының ішіндегі озығы, көріктісі десек қателеспейміз. Өйткені автор әдеби тілмен бірге халық тілін де жақсы біледі. Олардың қыр-сырын, мән-мағынасын жете меңгерген. Білген үстіне біле түсуге құмар, ізденімпаз. Халық аузындағы сөздерге үнемі құлақ түріп, олардың бәрін блокнотына жазып алып жүретін сияқты. Жазып алған сөздерінің біразын орнын тауып пайдалана да алады. Сондықтан да болар, шығармаларын оқи отырып, жазушының әдеби тілде сирек ұшырасатын көптеген сөздерді жандандырып, активтендіріп, өз шығармаларына кеңінен пайдаланғандығына, көнерген сөздерді тірілтіп, жаңғыртып немесе жаңаша

мән беріп қолданғандығына, күнделікті тұрмысымызға әлі де етене бола қоймаған кейбір заттар мен ұғымдарға ат қойып, айдар тағып, олар үшін жаңа сөз жасағандығына қарап, автордың еткен еңбек, төккен теріне риза болмасқа болмайды. Бұлар жайлы біз алдыңғы мақалаларымызда¹ сөз еткендіктен, бұл жерде оларға қайта оралып жатпай-ақ, бірден жазушы шығармаларында кездесетін кейбір кемшіліктерге тоқталалық.

Д. Досжанов шығармаларына тән кемшіліктердің ең бастысы деп — біз оның жергілікті сөздерді, яғни диалектизмдерді тым көп қолданатындығын айтқан болар едік. Бұл, әрине, диалектизмдерді көркем әдебиетке мүлде ендірмеу керек деген сөз емес. Лексиканың басқа топтары тәрізді диалектизмдерді де көркем әдебиетке енгізуге болады. Мәселе оларды қалай және қаншалықты дәрежеде ендіруде². Қалыптасқан қағида бойынша, диалектизмдерді кейіпкердің жасына, біліміне, тәрбиесіне байланысты екі адамның сөйлесуі — диалог кезінде айтқызуға болады. Ал авторлық баяндауда ол кездеспеуге тиіс. Сөз етіп отырған жазушы шығармаларында диалектизмдер кейіпкер тілінде де, автор сөзінің ішінде де кездесе береді және тым жиі ұшырасады. Сондықтан болар, жазушының шығармаларын оқып отырғанда, ондағы көп сөздер мен тіркестерді тосырқап, кібірткітеп әрең оқисың, мағыналарын түсінбей қаласың. Ал түсіне қалған күннің өзінде сөйлем өз мәнінде ұғынылмайды. Көркем әдебиетте кездесетін диалектизмдерге біз тек осы тұрғыдан ғана қарсы екендігімізді ескерткіміз келеді.

Жалпы Д. Досжанов шығармаларында кездесетін диалектизмдерді біз, ең алдымен, қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде³ бар және онда жоқ сөздер деп

¹ Жазушының тілдің лексикалық байлығын пайдаланудағы кейбір ерекшеліктері. — ҚазССР ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, 1981, № 1, 41—43-б. Барды бағалап, байырғыны жаңғыртсақ. — Қазақстан әйелдері, 1982, № 9, 14—15-б.

² Сарыбаев Ш. Көркем әдебиет тіліндегі диалектизмдер. — Қазақ әдебиеті, 1958, 14 ноябрь. Жанпейісов Е. Диалектизмдерді көркем әдебиетте қолдану мәселесі жайында. — ҚазССР ҒА Хабарлары. Филология мен өнер тану сериясы, 1961, № 3, 56—59-б; Болатов Ж. Кейбір жазушылардың шығармаларындағы диалектизмдер туралы. — Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 2-шығуы. Алматы, 1960, 20—33-б.

³ Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Толықтырылып, түзетіліп екінші басылуы. Алматы, 1978.

екі топқа бөліп қарастырамыз. Орфографиялық сөздікте кездесетін диалектизмдердің өзін іштей екіге жіктеуге болады. Оның біріншісі — орфографиялық сөздікке сол диалектілік мағынасымен енген сөздер: *алмағайып* «қиын-қыстау, екі талай», *дарақ* «жеке өскен жуан ағаш», *зау* «зәулім, биік; құз, шың», *кәзекей* «қамзол», *кеспір* «кейіп, кескін», *күстана* «айыпты, жазықты, күнәлі», *кілет* «қойма», *лөкет* «үлкен пышақ», *маранат* «мақтау», *мүбәрәк* «жайсыз, қолайсыз», *сақи* «қолы ашық, дарқан, жомарт», *салқар* «шетсіз, шексіз, кен», *татыран* «жінішке, арық; қара», *тәйтiк* «аласа, қортық», *шандоз* «сәнді, әдемі, әсем, сұлу, кербез; аты шыққан, керемет», т. б. Екіншісі — орфографиялық сөздіктегі (әдеби тілдегі сөздермен тек сырт тұлғасы жағынан ғана бірдей келетін, ал мағынасы жағынан олардан мүлде басқа сөздер: *баһар* «түр, тұрпат, кескін, келбет» (Бетінің түгі шығып, баһары бұзылып кетті. — Жібек., 19), *далбай* «жөн, қалып, икем; ілдалда, лекер» (— Иә-ә, ашық қора мәз емес, айналасын шеңгелмен қоршаса да, далбайға келтірген жөн. — Зауал, 171), *жады* «теп-тегіс, тақыр» (Айнала мидай жазық, асық ойнаса болатындай айтақыр, жып-жылмағай жады жер еді. — Жібек., 68), *жалбағай* «батыр, жаугер» (Шайқатылып кеп, желкенін көтерген жалбағай ұлдарының күресінен туған жаңа таңға қыбыласындай бас қойып кідірген, дамылдаған беті бұл. — Зауал, 229), *жылымшы* «көмескі, бәсең» (Дихан шәукиіп жүдеп кетіпті. Сүлесок, салқын. Үні дірілдеп жылымшы шығады. — Табалд., 122), *кепиет* «түр, келбет, кескін» (Кепиеті келіспей ренжи сөйлейді. — Табалд., 49), *кешу* «ақылсыздық, кешелік» (Жігіттік қызбалықпен жасаған қателігін, қарттың көңіліне тиген кешулерін есіне алды. — Зауал, 204), *көбе* «көздің кірпік өсіп тұрған жиегі» (Көзінің көбесінен бүршіктенген жас асып төгіледі. — Табалд., 34), *мәйек* «жердің өсімдік өсетін сыртқы қабаты, қыртысы» (Көктем шыға кетпендеп жер мәйегіне дән сіңірді. — Табалд., 177), *мөлдір* «сұлу, келбетті, көрікті» (Былайғы тұрған — аупарткомның есеп-санақ секторының менгерушісі мөлдір келіншек Ақбота. — Табалд., 8), *нанхана* «жақсы, ырғын жер» (Диханбаба әулетінің ілкіден қазық қағып, кетпен қалдырған нанханасы. — Дария, 185), *сарқынды* «тұжырымды, қортынды» (Егіннің шығымын көрді, шамасын білді, енді кесіп-пішіп сарқынды цифрды атағаны мақұл. — Табалд., 23),

сомалы «салмақты» (Олардың тарту-таралғысы, сөз сықпыты да өзгеше өтімді, қомақты, сомалы соғар еді.— Табалд., 308), *сора* «тік, тура» (Әулие ағаштан әрі қия қысаң басталады. Келіншектау соның сора басында.— Келіншек., 16), *тал* «ағаш» (Ауылдағы өрік талдар сыбдырсыз, қарауыл қарап тың тындағандай.— Кісі., 249), *ұраңқай* «кең, мидай» (Сасқанымнан айдалаға, ұраңқай ашық далаға безілдеппін.— Келіншек., 138), *үнем* «ас, тамақ, азық» (Атасы мен әкесі аш екенін енді білді. Үйде үнем жоқ қой.— Жусан., 21), *үр* «жуан, ірі» (Үр бұтағы сояу-сояу болып қаңқасы ғана қалыпты.— Кісі., 20), *ыраң* «өр» (Ылди мен ыраңды атпен кезіп, шабатын шөп іздеп далақтап жүрген Ділдабай аурудың үстінен түсіпті.— Кісі., 264).

Автор шығармаларында ұшырасатын, бірақ орфографиялық сөздікте жоқ диалектизмдердің өзін қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінде⁴ бар және онда жоқ сөздер деп екіге бөліп қарастырамыз. Диалектологиялық сөздікте бар сөздерге: *ақа, ақабә, беймарал, ернек, жалпыуыш, жар, жөгі, жүдә, зәк, зілмауыр, көгеріс, көпшік, қорым, қошық, мажыра, мақаунес, мәңгүрт, мәулет, мыштай, нәранжу, нәумез, өлпең, пәкене, пісенті, сағыр, сарамжал, ұжым, ұйық, ұтықты, үрдіс, үрім, шайла, шарай топ, шәмбе, ығыт* деген сияқты сөздер жатады. Бұлардың мағыналары сөздікте көрсетілгендіктен, біз оларға жекелей тоқталмаймыз.

Ал диалектологиялық сөздікте жоқ диалектілік сөздерге бұл жерде кеңірек тоқталған жөн сияқты. Өйткені олардың қолдану ерекшелігін көрсету, мағыналарын ашу — жазушы тіліндегі диалектизмдердің алатын орнын айқындауда үлкен роль атқарары сөзсіз. Мәселен: *айбарақ* «байбалам, айғай, шу» (Елден бұрын айбарақ жасамай алдымыздан өтіп ақылдасып алғаның құп еді.— Табалд., 254), *әдімұлық* «жақсылық, ұшпақ» (— Әдімұлыққа, мәдениетке жеткізем деп жүрген менде де ми жоқ.— Кісі., 341), *әйпел* «оңтайлы, әзір» (Тас атқыштың жанында әйпел тұрған жігіттер бөренені екеулеп айналдыра бастады.— Жібек., 253), *әңкүс* «жынды, әумесер» (Той іздеп, салт қуған әумесер, әңкүс серілер.— Жібек., 53), *бәнаи* «адал, таза, күнәсіз; пәк» (Сөйтті де бәнаи бейкүна қонақтарын амалсыз ренжітіп отыр.— Жібек.,

⁴ Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы, 1969.

29), *бәйшең* «бейпіл жеңіл» (Су алуға барғанда көршінің бәйшең ауыз келіншегімен ұшырасып қалды. — Кісі., 296), *борпос* «бәсең, солғын, көмескі» (Пиғыл-пікірі айтарға келгенде аузынан бостекі шығып, не борпос естіліп, есіл ойын тәрік қып кетіп жүр. — Жібек., 203), *дәндәку* «жынды, есерсоқ» (Ақыл сатылатын болса, ана дәндәку Алтынбала елден бұрын жүгірер еді. — Келіншек., 164), *дәңгәсар* «алаңғасар, аңғал» (Әйтпесе ащы қуырдақ жеймін деп, браконьер ұстаймын деп желігіп, дәңгәсар инспекторға ілесіп туу ит өлген жерге тентірер ме. — Табалд., 64), *долаң* «дөкір, епсіз, икемсіз, олақ» (— Сөзің долаң шықты ғой. — Табалд., 125), *дүмей* «қалын, көп» (Осы оймен Далабай, сосынғы дүмей жұрт Қосүйеңкіге жеткен. — Дария, 61), *енепат* «алапат, жойқын» (Төрт жарым жылғы енепат соғыс аяқталды. — Кісі., 342), *жаптас* «ымы-жымы бір, ауыз жаласқан» (Нақа қыздың құдалығын келісіп жүрген жаптас, әмпай жекжаттар секілді. — Табалд., 12), *жарпа* «жарылған, қырлы» (Опырылған жарпа тастан өзге ештеңе шалынбады. — Келіншек., 45), *зәуметте* «лезде, тез, жылдам» (Дүйсенбі сұраған затын зәуметте тауып әкелді. — Келіншек., 144), *итырақ* «бүкжең, мықшың, кібіртік, күйбең» (Жұртпен тең иық боп тілдесе алмайды, ылғи төменшік, ылғи итырақы. — Кісі., 45), *көлпар* «күпілдек, көлгір (Қит етсе «әй, осы жақсылығымды екі дүниеде де ұмыта алмас» деп көлпар сөйлейсіз. — Табалд., 67), *көрмәдік* «көр соқыр, надан» (Алда ғана пәдеріңе нәлет көрмәдіктер-ай. — Табалд., 348), *қира* «қисық, қыңыр» (Шалының қира мінезіне Жаңыл кейуана қатты танданған. — Дария, 55), *қияпас* «белгісіз, беймәлім; ми жетпейтін» (Содан әмірші қияпас қиялға шоматын. — Жібек., 40), *құлапәрен* «қатты екпінмен, бар пәрменімен» (Арқасындағы жолқапшықты сыпырып тастап, алақайлап секіріп, құлапәрен құйғытты-ай. — Келіншек., 50), *құмбыл* «жақсы пейілмен, шын ниетпен, құлшынып» (Ағайынның ортақ шаруасын тындыруға құмбыл кірісетін. — Кісі, 52), *құмжебіл* «қайратты, қуатты; ерен» (Әр трактор, әр скрепердің соңында сүркіл қағып, бас-көз болып боздақтап кеткен бас мамандарымның құмжебіл қауқары энекей. — Табалд., 234), *қыла* «жіңішке, тар, терең» (Әйтеуір сайдың қыла табанымен құлдай берсем күнгедей ел қарасына ілінем ғой деп іштей тоғайған. — Кісі., 299), *мажал* «мәртебе, мерей» (Әйтсе де ағайынның

мажалы биік. — Дария, 61), *марайма* «өр көкірек, өзімшіл, мақтан» (Иланшы Қадырхан ақын жігіттің марайма мінезін танып қалды. — Жібек., 20), *марапаз* «қошемет, құрмет» (Салдың жанары жасаурап, осы қошемет, осы марапазға мас болып мәңгіп отырған. — Жібек., 149), *мәзін* «күпия, жасырын» (Оның өзіндік мәзін сыры бартын. — Жібек., 40), *мәнапас* «келеке, келемеж, мазақ» (Дуалы сөзін мәнапасқа айналдырмақшы. — Жібек., 82), *мәндір* «мәйек, іріткі» (Мәндірін аз салыпты, ірімшік әппақ қардай болып түріліп жатыр. — Дария, 256), *мәп* «бас пайда, олжа» (Жұрттың адал ақысын шетінен жонып жеп мәпті біліп алғансыңдар. — Табалд., 199), *моғал* «барбиған, жуан; доғал» (Башпайы моғал, дөн. — Жусан., 113), *мөлтек* «тез арада жасалған, жеңіл-желпі, шағын» (Жаңыл суып қалған самаурынға қайта от салып, мөлтек шай жасауға кірісті. — Зауал, 85), *найқан* «биік болып өскен, жайқалып тұрған» (Көз жеткен көкжнекке дейін созылып толқып жатқан көк найқан күріш сабақ судыратып тынши қалыпты. — Табалд., 18), *нәкәс* «есуас, жынды, жарымес; ант ұрған» (Әлдебір нәкәс жігіт әйелінің босанғанын естігенде қуану жоқ, дүрлігу жоқ: «бір жұмыс бітті» деген екен. — Дария, 321), *нәяті* «бейкүнә, жазықсыз» (Дүниенің апаты көңілдің көзін ашқан нәяті қобызда тұрған жоқ шығар. — Кісі., 239), *недәрә* «пәк, таза» (Асқа қалыңыз деп соншама өтінген Сая пейіліне иліккен жоқ, өзінше тыраш жан недәрә сезімді саудаға салды. — Табалд., 259), *ным* «ылғал, дым» (Сосын барып буға ұстап қайта еседі, ным сіңіреді. — Жібек., 251), *оял* «жөн, жосық, рет» (Әр нәрсенің оябын таппай қалтқыдай қылтқыған көңіл шіркін-ай деп іштей торықты. — Табалд., 161), *пәркі* «опасыз, жалған; парықсыз» (Түпкі ойында дәнеме жоқ, пәркі дүниенің ащы-тұщы, арзан-қымбат нарқын бағамдап жатқан жігіт аз да болса сергісін деген. — Табалд., 182), *пәткәрда* «кіріптар, тәуелді; қор» (— Кісіні пәткәрда қылайын десе оп-оңай екен. — Кісі., 220), *перезі* «тәртіп, режим» (Әйтсе де бас дәрігер емнің перезісін сақтап уақтылы төсегіне жатып демалуға қосқан. — Кісі., 84), *райкерлік* «қулық, айлакерлік» (Я, расы, я, райкерлігі — Далабай әні көңіл түбіндегі сарқынды кірбінді әлме-әл жуып тазартып жатқандай. — Табалд., 287), *сағардам* «жақсы, жайлы, кіршіксіз, таза» (Әйтсе де бұл маңайда аруақ жататын таза, сағардам

жер табу қалың тоғайдан жоқ іздегенмен бара-бар. — Кісі., 197), *сағыр* «зерек, зейінді, сезімтал; аңғарғыш» (Көкірегі ояу сағыр кісі ғой, содан кейін Далабайды бауырына икемдей ыстық тарта сөйлесетінді шығарды. — Табалд., 269), *сайқын* «сала-сала, түп-түзу» (Көлікпен жүрсеніз, қолдың саласындай сайқын канал жол кесер. — Дария, 208), *сараман* «үлкен, дәу, ірі» (Таудың сараман тасындай боз қоспақтар баппен ырғала шерулейді. — Жібек., 166), *сәулім* «әдемі, сұлу, көрікті» (Көзінің астына көгіс түскен, көпсіңкі ерін, үшкіл иек сәулім перизат жәудір еткен. — Дария, 43), *солайымен* «бүтіндей, түгел, тұтасымен» (Газ пешінен от қашып оң қолымның саусағын солайымен шарпып кеткені. — Кісі., 79), *сірәғасы* «қорытындысы, түйіні, шешімі» (Сөзінің сірәғасы — сол сері мінез сыпайы халқының ұлы шеру жорығына ілесе бермекші, туған табалдырығына табынып өтпекші. — Табалд., 379), *тараптас* «құрбы-құрдас, теңдес, қатарлас; сыйлас, сырлас» (Әр ауылдың өспірім жастары өз тараптасын тауып алып, әзілдесіп сауық құра бастады. — Табалд., 264), *тәумүжік* «шабыла-шабыла майырылып, мұжылып біткен, әбден тозған» (Кетпенші баланың басы шыққан тәумүжік кетпені анадайда жатыр. — Тұлпар., 76), *түніке* «үйдің төбесі, шатыр» (Жастар үйінің төбесі сапасыз шиферленіпті, сынық, тесік түнікеден су тұратын емес. — Табалд., 214), *тықат* «қаяу, дық» (Боз биенің күйігі тықат боп бітті. — Кісі., 221), *тірмізік* «тыпырлап қалған, мазасыз, тынымсыз» (Жалғыз көзін жұмып қана ұйықтайтын тірмізік пысықтар екен, құлағымнан қиқу кетпеді. — Табалд., 280), *шамкөс* «бөтен, жат, оқыс» (Үй іші әуелде шамкөс қылықтан үрпиісіп қалған. — Кісі., 144), *ызығуыт* «қым-ғуыт, у-шу, азан-қазан» (Мұнда ызығуыт, біреуді біреу біліп болмайды. — Зауал, 91), *ықсуат* «ыңғай, икем» (Төрт класстық білімі жібермеді ме, әлде жазуға ықсуаты жоқ па, түк шықпады. — Зауал, 13), *ықырар* «ырық, ықтияр, ерік» (Тізеге, кеудемсоққа салып ықтырып, ықырарына көндіруге жанын салады. — Кісі., 333), *ыпын* «түр, пішін, ұсқын» (Біrer күн бұрын басылған дүлей желден кейінгі көше-көшенің ыпыны жаман. — Табалд., 120).

Д. Досжанов шығармаларында кездесетін етістік диалектизмдерге өзінше бөлек тоқталған мақұл. Өйткені олар әжептәуір көп және бірқатар өзіндік ерекшеліктері бар.

Олардың ішінен біз *аблық, байырқалас, дүме, жалпышта, жанық, кермалдас, күңсі, қидула, мила, пәйітте, уәждас, тұт, ыңы* етістіктерін тек қана атап өтсек те болады. Себебі бұлар «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінде» бар сөздер. Сол сияқты, *айбарақта, алағатан, әңкүстен, дәңгесарлан, еркекқостан, итырақта, көлпарсы, көнтақылан, марапатта, мәңгірбастан, сарқындыла, сорала, сүркілде, тілшеле, ұжымдас* тәрізді етістік диалектизмдерге де тоқталмауымызға болады. Өйткені бұлардың түбір формалары — есім сөздер туралы біз жоғарыда арнайы сөз еттік. Бұлар — сол есімдерден туындаған етістік сөздер.

Ал мына төмендегі етістіктерді, олардың мағыналарын жазушы шығармаларынан алынған мысал-үзінділер болмаса, түсіну де, ұғу да қиынға түседі. М.: *Аңылжып тұрып-тұрып қара жерге былш түкірді* (Дария, 291). Ендігі бір мәуіртте келінінің сыртқа шығуын *бәйіттеп* отырып, әңірейген бөлмеде екеуі-ақ қалған кезде шұлғауын жазып, арасынан бір буда ақшаны суырып алды (Кісі., 224). Ышқынған вездеходты ұстағысы келгендей біразға дейін аттап-бұттап *боздақтай* қуған (Табалд., 63). Қас қарайып жұрт аяғы *бірсіндей* бастапты (Дария, 280). Әлгідей жол жуамыз, шығарып саламыз, күтіп аламыз деп *дәнекүстеніп* жүріп совхоздың біраз қаражатын заңсыз жұмсап құртыппыз (Табалд., 204). Бойынан қан қызуы *дертіп*, тақасаң-ақ лапылдаған сезіміне мас ететін (Табалд., 85). Жауын астында *жалқақтаған* он шақты төлді газикке салып қыстауға әкелдік (Дария, 302). Алтынтананың жүзіне ду етіп жалын тепті де, *қабара* түйілді (Табалд., 208). Тауып малданатын да, таппай *қаржалатын* да бар (Келіншек., 49). Жауын әні-міне басталады деп *қаунайлаған* кез (Кісі., 53). Өзіңіз білесіз, үйі сыз тартып, іргесі *құзданып* кетіпті (Кісі., 179). Ұстабайдың кеспірі *құмығып* жасып қалды (Келіншек., 46). Бұған не болған дейді ішінен *қыжыртып* (Табалд., 16). Әр нәрсеің оябын таппай қалтқыдай *қылтқыған* көңіл шіркін-ай деп іштей торықты (Табалд., 161). Екі күн толассыз төпеген боз жаңбыр *қынаулап* қалды (Келіншек., 113). Іле бойының сол жағасын *қырағаттап* барып шағыл құмды кешіп өтетін (Жібек., 170). Әлгі жаршылардан соң жаушылар *леглиді* (Дария, 96). Мұкамал *мажарып* қалды (Дария, 51). — Ойбай, сытылып барып колыңызды алғаным ба

жазығым, — деп Қойшекең *мажығады* (Дария, 106). Не болса соған *можыды* (Жібек., 66). Қойын қапталып жіберіп, аттан түсіп, *молдасоқынып* тапжылмастан отырғаны (Кісі., 110). Отырған жерін ойып түсердей үңірейген комиссия бастығы *салмақсоқтанып* сықырлай қозғалып түрегеліп кетті (Табалд., 290). Ол тізгінін сүзіп, соңындағы тізбектелген, *сәумендеген* малаяқ пақырлардан озып-ақ кеткісі бар (Жібек., 167). Ол өзімсініп, өктеп, малын жайғап, ауласын сыпырып, *таптындырмайды* (Кісі., 295). Беласар беті быжынаған ашытпаны татып көрді де, *теткіп* қалды (Табалд., 134). *Төмілжіп* Жүзжасарға қалыңдық болып түсті (Кісі., 290). Иланшы Қадырхан осы суыт жүрісін *уажымдады* (Жібек, 132). Шілбиген, *іленген* көрмәдік жәндіктер тұла денесін жауып кетті (Кісі., 203).

Жазушы шығармаларындағы бір топ етістіктер тұлғасы жағынан әдеби тілдегі сөздермен бірдей, бірақ мағынасы жағынан олардан өзгеше болып келеді. М.: *аяқта* «еңіске қарай бойлай жүру, жағалау» (Доскей атын бұрып алып өзенді аяқтап кетті. — Зауал, 60), *дестеле* «келте қайыру, кілт үзу» (Қолбала домбыраның ернегін басып, астыңғы ішекті келте қайырып, дестелеп, бипандата жөнелді. — Кісі., 269), *дызақтат* «дірдектету, тондыру» (Плащы құрғыр қаудырап суықты ұстай алмай дызақтатып әкетіп барады. — Кісі., 122), *еңіре* «ұзарып өсу, қаулау» (Егін еңіреп шықпайды, көгереді де, күн ыси қау болып ұшып кетеді. — Зауал, 106), *жиді* «қамығу, ренжу, қапалану; ішінен тыну» («Нақа мен жібергендей болған екен» дейді ішінен жидіп. — Кісі., 11), *қалқы* «қабыну, ісіну» (Көзі аздап ісінген секілді. Беті қалқып тұр. Тұлпар., 77), *қауза* «үсті-үстіне түсу, қаптау» (Алдына ұлпа жаңқа қаузап жаусын. — Дария, 173), *қопарыл* «демін тереңнен алу, кең тыныстау» («Кемпірді жаңа қайтып әкеліп тастады» — дейді ол қопарыла күрсініп. — Кісі., 90), *опырыл* «кіржию, қабағы түсу» (Әсіресе Ғайнекеңнің қабағы опырылып, жүзі күреңітіп кетіпті. — Табалд., 26), *ортала* «ортадан шығару, жиылу, бірігу» (— Шырағым, ауырып жүрсең дәу доқтырға қарал, орталап қаражат жинап берейік. — Табалд., 78), *саңғы* «будақтау, шығу» (Мұржасы түтін саңғымаған соң жеңгей ауырып қалды ма деп ойлағам. — Кісі., 58), *сарында* «кезу, адақтау» (Сәурік сол жаққа сарындап кеткен болар. — Зауал, 65), *сәулелен* «ойына келу, сезі-

ну» (Піс қазаным піс болайын деп тұр екен деп бұл іштей сәулеленген. — Табалд., 81), *соқала* «тәптіштеу, талдау» (Далабай домбырасын жарға сүйеп, соқалап түсіндіріп кетті. — Табалд., 369), *сонарла* «төтелей жүру, тұрасынан салу» (Жігіттер жеті күн бойы ел қарасынан жырақтап сонарлай сүркектеді. — Жібек., 103), *сорғы* «зымырау, заулау, ызғыту, ағу» (Иінін алға салып жіберіп сорғыды. Жібек., 69), *сызбалап* «жайлап, ақырындап, ептеп-септеп» (Көне қора тағы бір қысты күркілдек науқастай сызбалап артқа салды. Зауал, 56), *тігіл* «қадалу, түйілу» (— «Қызылқұмның бергі етегіне еккен сексеуілді отап жатыр» деп естідім, — деп Сұлтанғалиға тігілді. — Табалд., 16), *шімірік* «түсі қашу, сұрлану; қатулану» (Мезет сайын бірінші хатшының көзі бұрыштанып шіміріге берді. — Табалд., 75), *ызғы* «әбігерге түсу, жүгіру, ушу болу» (Жұрт түнімен ызғып шықты. — Жібек., 178), *ырылда* «уілдеу, ысқыру» (Үстіндегі жеңіл шидем шекпен ырылдаған желге жарытып лыпа болар емес. — Кісі., 316).

Автордың етістіктерге байланысты ендігі бір ерекшелігі — ол әдеби тілде етістік жасалмайтын сөздерден етістік жасайды. М.: *аңыста, арызда, асылда, әуейіле, қазалан, қанжылымда, қаңғымала, қонақшыла, қоңырайт, құбажондат, қылда, марғаула, мәзден, назарлас; омақала, сазда, саяқта, тұста, ұлыла, ұялыста, ыңыршақта, т. б.*

Д. Досжанов шығармаларында әдеби тілімізде әдетте ұшыраса бермейтін бір топ біріккен, дәлірек айтқанда, біріктіріліп жазылған сөздер кездеседі. Біздің ойымызша, бұлар да құрылымы мен мағыналары жағынан онша құптарлық дүниелер емес сияқты. М.: *алағаржақ көңіл, алажаңқау болды, алатаң жаздай, ақөз дала, ашмаса ой, әбеқоңыр күйбең, әлімкет болды, бозқылшық көктем, бозымбай бала, бірқос бел шешпеді, еркекқос болды, жындыбас жігіт, қандымсұр реңі, майдақадам аяндады, малаяқ пақыр (ат), малқорда кісі, сарторап тағдыр, столкесті болды, суытаяқ жүріс, тамшешек болып қатқан, түзкемік қуырдақ, ішқорда мал, т. б.*

Жазушы шығармаларында *алқа-далқа, ауым-сауым, әжік-күжік, әлме-әл, әңгел-шәңгел, әре-тәре, әш-пұш, бәлду-бәлду, дүм-дүние, ебет-себет, ежіл-қожыл, ел-сел, жарпа-жарпа, жош-жош, олқылы-толқылы, пода-пода, тәш-пұш, төри-төри, үкі-түкі, шал-шалағай, ызық-ызық,*

ірдім-ірдім, іри-тіри, т. б. деген тәрізді қос сөздер жиі ұшырасады. Бұлардың әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері, мағыналары болса бір сәрі ғой, бірақ біз аталған қос сөздерден ондай айырмашылықтарды көре алмадық. Олардың көбін әдеби тілде бар қос сөздермен ауыстыруға әбден болады. Аздаған мысал келтірелік: *Күн әш-пұш* дегенше екіндіге байыды (Дария, 327). *Жош-жош* қып сабап, масқара қылды (Жусан., 47). *Шал-шалағай* әлдеқалай естеріне түсіре қалса, таңдайларын қағып, терең күрсініп, әжімдерін санайтын (Тұлпар., 75). Ақырында коллектив екі ауызға қарап дай-дай даңғаза, *іри-тіри* босқынға түсті (Табалд., 314) т. б.

Автор шығармалары диалектілік тұрақты тіркестерді жиі қолдануы жағынан да ерекшеленеді. М.: *азар берді*, «тыныштық көрсетпеді, мазалады; азаптады, қорлық көрсетті», *бабар қылмады* «елемеді, ескермеді; көңіл бөлмеді», *бабар таптырмады* «тыным бермеді», *без терді* «тентіреп кетті, қаңғырды», *безері шықты* «без-без етті, маңайлатпады, жолатпады», *бір дем ары, бір дем бері* «есінен танған, ес-түссіз д. м.», *зари қапты* «уілдеді, ұлыды» (жел), *зор берді* «зорлады, күштеді», *зіргек қақты* «зіркілдеді, дікіндеді», *кәйпі қашты* «берекесі кетті», *кәштін алды* «берекесін кетірді, ұсқынын қашырды», *кел қайт, кел қайт* «әрі-сәрі, дәл-сал», *күмірә болғыр* «аузына құм құйылғыр», *қарап қылды* «құртты, бүлдірді», *лоққы көрді* «қорлық көрді, азап шекті», *мәнзүр қылмады* «елемеді, ескермеді, құлақ аспады», *мәржік бас* «басы қалақтай; шақша бас», *можа болды* «мыжырайды», *не жесін* «менің не теңім д. м.», *саңы сынды* «күннің аптап ыстығы қайтты, салқын тартты», *сұрын салды* «көз сұғын қадады, сұқтанды; көзін сатты», *тәшпіш көрді* «азап тартты, қиындық шекті», *ығы түсті* «жүні жығылды, мойнына су, кетті», *ығыр бермеді* «мазасын алды, тыныштық бермеді; ығыр етті», *ыза баспас* «қу, айлакер, зәлім», *ыпыны қашты* «берекесі кетті, ұсқыны қашты» т. б.

Өздерінің әбден қалыптасып кеткен әдеби сынарлары бола тұра, жоғарыда көрсетілген *кәштін алды*, *лоққы көрді*, *кәйпі қашты*, *тәшпіш көрді*, *ығыр бермеді*, *ыпыны қашты*, т. б. тіркестердің авторға қаншалықты қажеті бола қойды екен? Тілімізде бұрыннан бар тіркестерді өзгертіп, бұзып, немесе керек етпей тастап, олардың

орнына дәл сол мағынадағы, құрылысы жағынан соған ұқсас жаңа тіркес жасағаннан не ұтамыз?

Біз бұл жерде жазушыларға тән жаңа тіркес атаулыға қарсы болып отырғанымыз жоқ. Жазушы — сөз зергері, қалам қайраткері. Қай сөзді қалай құбылтам десе деркі. Бірақ сол «еркіндік» халық ұғымына, көпшілік талғамына қайшы келмесе екен дейміз. Жаңа атаулы әр уақыт ескіні бұзу, құрту, жоққа шығару арқылы келе бермейді. Кейде ол сол ескінің қатарына келіп ауыл үй қону, қосарлану, қабаттасу арқылы біраз уақыт өткізіп барып, тілдік паспорт алады, қалыптасады, орнығады. Содан кейін ғана бұрынғы тіркес немесе сөз ескіріп, басы артық, қажетсіз дүние болып, тілдік құрамнан өз-өзінен шығып қалады. Біздің қайсымыз болсақ та, осы ерекшелікті ескеруге тиістіміз.

Д. Досжанов шығармаларының тіліндегі кемшіліктердің бірі — сөздердің орфографиялық жазылуын сақтамай, ауызекі тілде қалай айтылса, солай жазыла беретіндігінде. Мәселен, орфографиялық сөздіктегі *бұлым* сөзі автор шығармаларында *бұлым*, *зұлмат* сөзі *зұлмыт*, *патиха* сөзі *патиқа*, *сақаба* сөзі *саһаба*, *заты* сөзі *зәті*, сөзі автор шығармаларында *бұлым*, *зұлмат* сөзі *зұлмыт*, *хауыз* сөзі *әуіз*, *атырап* сөзі *әтіреп*, *аула* (қора) сөзі *әулі*, *жаудырау* сөзі *жәудіреу*, *ара* сөзі *әре*, *арала* сөзі *әреле*, *ыштан* сөзі *іштен*, *ұнжырға* сөзі *үнжырға*, *артист* сөзі *әртис* болып жазылған (Бұл жердегі көзге түсетін нәрсе — автор сөздердің көбінесе жіңішке вариантын қолданатын сияқты). Мұндай айтылуы бойынша жазу — автордың «б» дыбысының орнына «п» дыбысын қойып қолдануынан да байқалады. Жазушы *бадашы* сөзін *падашы*, *байыз* сөзін *пайыз*, *бейнет* сөзін *пейнет*, *барт* сөзін *парт*, *бәйітте* сөзін *пәйтте*, *бәтір* сөзін *пәтір* түрінде жазған.

Д. Досжанов тіліне тән тағы бір олқылық — ол әдеби тілдегі сөздерді бұзып, түр-тұлғасын өзгертіп қолданады. Мәселен, оның шығармаларында *айбар* сөзі *айбарақ*, *айқара* сөзі *айпара*, *алабажақ* сөзі *алапыш*, *әшмүшке* сөзі *ашымқа*, *арандай* сөзі *әректей*, *бажылда* сөзі *бажына*, *құр бекер*, *бостан-бос* сөзі *бейнос*, *бұрыс* сөзі *бұрамыс*, *бір уақ* сөзі *бір ауқым*, *дүр* (көтерілді) сөзі *дүрік*, *елпектеп* сөзі *епектеп*, *жапырайған* сөзі *жапырайылған*, *жеңілтек* сөзі *жеңілтап*, *зират* сөзі *зиярат*, *зорлық* сөзі *зорекерлік*, *рәсім* (әдет) сөзі *кәсім*, *кезі келгенде* сөзі *кезендіде*,

кейіннен сөзі кейінше, кертпеш сөзі кертiш, кiрпияз сөзі кiпая, қолайы сөзі қолайты, қызу сөзі қызғын, мұттайым сөзі мұттақым, мүләйiм сөзі мiнәйiм, мүлдем сөзі мүттем, насихат сөзі насият, не, нендей сөзі немике, сандалу сөзі сандалақтау, сенiмдi сөзі сенiктi, селти сөзі сепси, сонaдaйдaн сөзі сонаудан, сүт сияқты, сүттей сөзі сүткiл, сiлiмтiк сөзі сiлiмтiр, тапырақта сөзі таптырақта, түр сөзі түрпет, ұқыпты сөзі уақап, ұғынықты сөзі ұғынақ, шаңыт сөзі шаңқыт, iскер сөзі iспен түрiнде жұмсалған.

Неге екенi белгiсiз, автор кей кезде әдеби тiлдегi сөздердiң басқы не ортаңғы дыбысын өзгертiп, өзiнше қолдана бередi. Мәселен, онда сабаз сөзі шабаз, тыштай (киiнген) сөзі жыштай, жапырла сөзі шапырла, тайла (шөптi) сөзі пайла, құмдауыт сөзі құмшауыт, науат сөзі набат, сырқаттан сөзі сырқастан, басмашы сөзі басманшы немесе баспаншы, бiрегей сөзі бiрөгей, талғажау сөзі талғажу, қалы (кiлем) сөзі қарлы (кiлем), қаракөлше сөзі қарақұлша, шығасы сөзі шығашық, тыныш сөзі тыншу, ыбырсы сөзі ыңырсы түрiнде қолданылған.

Жазушы кейде әдеби тiлiмiзде айтылып жүрген бiрлiжарым сөздердiң бiр не бiрнеше дыбысын қысқартып, мәселен, әсiресе сөзiн әсiре деп, рақат сөзiн рәт деп қолданса, кейде, керiсiнше, әдеттегi сөздерге қосымша буын үстеп, күрделендiрiп, мәселен, сап сөзiн саппа, шарт сөзiн шартта (Басын орамалмен шартта таңған. — Зауал, 149), нақ сөзiн нақа, қоз сөзiн қоза (Қара құманның бөксесiн қозаға көмдi. — Кiсi., 216), саз сөзiн саздауық, ұял сөзiн ұялыста, қапа сөзiн қападар, салт сөзiн салтта (Туысының үйiнде жатып салттап iстедi. — Кiсi., 282), жаңқа сөзiн жаңқауық, тығылмаш сөзiн тығылмашақ, бос сөзiн бостекi, сырт сөзiн сыртеки түрiнде де қолданады.

Д. Досжанов шығармалары тiлiне тән кемшiлiктердiң бiрi ретiнде жазушының араб-иран тiлдерiнен ауысқан сөздер мен олардың тұлғалық формаларына тым әуестiгiн айтуға болады. М.: айбан «ауызғы үй», барақат «берекет», бейқарар «ың-дыңсыз, тыныш», бифәни «өткiншi, тұрақсыз», зайыр «босқа, жай», зiлзалал «ауыртпалық, қиыншылық; зиян, қорлық, азап», зiнаһар «ешқашан, алайда, қалай болғанда да», кәс «қадiр, қасиет», кiсәпiр «қалтаға түсетiн ұры, зұлым», ләшкар «әскер, қол», мәуiрт «сәт, мезгiл», най «мүштек», нам «ылғал,

дым, сыз», *нау* «жана, ірі, зор» *пәдер* «ата, әке», рәпат «түр, түс; ұсқын», *шабаз* «ер-азамат, сабаз», т. б.

Д. Досжановтың, сондай-ақ, араб-иран тілдерінен келген *-ғар/-гер, -қар/-кер, -кеш, -паз, -қор, -хана, -стан* жұрнақтары (*сөзгер, қуанышкер, көкнәрпаз, ілгерімпаз, ісхана, көрстан*, т. б.) мен *бей/би, на/не* тұлғалары (*бей-әдеп, бейпос, бифәни, бипайда, нарза, нәмәрт* т. б.) арқылы жаңа сөздер тудыруға да жаны құмар. Әдеби тіл тазалығының негізгі күрескері — жазушылар атаулының жалпы қалам қайраткерлерінің бұл тәрізді сөздерге формаларға тым үйір бола бермегені абзал болар еді.

Ә. ҚҰРЫШЖАНОВ

ХАЛЫҚ ТІЛІНІҢ ҚАЙМАҒЫ БҰЗЫЛМАСЫН

Халық аузында ғасырлар бойы айтыла жүріп, сөйлеу үстінде қалыптасып кеткен сөз тіркестері толып жатыр. Оларды тудырушы да, тұтынушы да — халық. Қазақтың халықтық тілі былай тұрсын, қазіргі әдеби тіліміздің жасалып-жандана түсу тарихында, оның марқая беру барысында тұрақты сөз тіркестерінің маңызы ұшан-теңіз. Халық тілі тудырған тұрақты сөз тіркестері негізгі сөздік қордан орын алады да, әдеби тіл байлығын әрдайым шындап, барынша байытып отырады, оның өсіп-өрбу өрісіндегі сарқылмас қайнар көздердің бірі болып саналады. Тұрақты сөз тіркестерінің басқа түрлі сөздерден гөрі басты бір ерекшелігі — олар кісінің айтайын деген ойын ықшамды да тұжырымды формада ылғи тап басып, дәл жеткізеді, «көңілден шыққан көрікті ойдың» өң-шырайын қашырмай, мақамына келтіре толғай айтуға мүмкіндік береді. Ол сөйлемнің әрін келтіреді. Тіл өнерінің шеберлері өз шығармаларында халық даналығынан туған тұрақты сөз тіркестерін өз орнымен пайдалануға үлкен мән береді, оларға аяулы қазынадай қарап, қатты қадір тұтады. Ол жөнінде профессор І. Қ. Кеңесбаевтың мынадай пікірін тілге тиек еткеніміз жөн: «Тілімізде көкейге қонымды, көркем, орамды алуан түрлі тұрақты сөз тіркестері кездеседі. Тіл қазынасына жататын қат-қабат тіркес, тізбектерді халық орынды пайдаланады. Мақал-мәтелдермен барабар жоғары бағалап, оларды қастерлей сақтап келеді. Сол сан салалы тізбек, қалыптасқан

сөз топтарын жинау, бір ізге түсірудің мәні өзінен-өзі түсінікті»¹.

Абайдың әдеби тілімізді байыта дамытудағы данышпандық еңбектерінің бірі оның халық тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінің шырқын бұзбай, оларды өз қалпында пайдалану болса, сонымен бірге ол тұрақты сөз тіркестерін «тіл ұстарту» өнеріне салып, түрлендіріп, тезге түсіріп отырған. Абай сарабынан өткен әрбір тұрақты сөз тіркесі жаңа нәр алып, өзгеше нақыш тапқан, әрлене түскен. Абайдың қаламынан туған жаңа сөз тіркестерінің арқасы жерге тимей-ақ бірден шырқап кететіндігі де осыдан болу керек. Қанаты бүтін сөздерді туғызуда Абай ең алдымен халық тілінің сөлін сығып, нәрін алған, дарын құдіретін соларға артқан. Мысалы, оның: *Екі кеме құйрығын. Ұста — жетсін бұйрығың!*— деген толғамы «Екі кемеңнің құйрығын ұстаған суға кетеді» деген халық нақылымен астасып жатады. Халық тіліндегі тұрақты тіркестің кейбір сөздерін (*суға кетеді*) басқа сөздермен (*бұйрығың жетсін*) әдейі ауыстыру арқылы Абай халық афоризмінің жаңа түрін (Абай тілінің өзіндік түрін) жасап отыр. Халық тілін жақсы білетін қазақтың құлағына бұл сияқты жаңа сөз орамдарының түрпідей тимейтіні былай тұрсын, қайта оның құрышын қандырады. Оның басты себебі мынада сияқты: осы тіркесті қолданарда Абай туған халқының психологиялық кескін-кейпін терең түсінген де, сөз қолдану тәсілін соған негіздеген. Дәлірек айтқанда: халық *суға кетеді* деген тіркес арқылы «екі кемеңнің құйрығын ұстаған» адамның өз түбіне өзі жететінін айтып отыр. Халық ұғымы бойынша, кісінің өмірі таусылу әдетте алланың әмірімен (құдай тағаланың бұйрығымен) болады. Демек, бұйрық деген сөз де бұл жерде «кісінің өз өміріне өзі жету (өлу) деген сеніммен байланысты. *Суға кетеді* мен *бұйрығың жетсін* деген тіркестер өзара мағыналас, олар халық ұғымына қолайлы. Халық тіліндегі тұрақты сөз тіркестерін жеке авторлардың осындай жолмен пайдалануы — теориялық әдебиеттерден белгілі жайт².

¹ Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977, 589-б.

² Абрамович И. М. Об индивидуально авторских преобразованиях фразеологизмов и отношении к ним фразеологического словаря. — В кн.: Проблемы фразеологии: Исследования и материалы / Под ред. А. М. Бабкина. М., 1964, с. 214.

«Тіл ұстартып, өнер шашқан» көптеген қаламгерлеріміз халық тілінің қалыптасқан сөз тіркестерін иінімен өзгертіп, ізімен пайдаланып жүр. Мысалы, *Алғыспен ер көгереді, жауынмен жер көгереді* деген мәтелдің бірінші сыңары осы күні айтылып жүрген *еңбекпен ер көгереді* деген тіркестің негізгі тоба қазығы болып табылады. Айта берсек, осындай мысалдар аз емес, бірақ қазіргі әңгіме басқа бір мәселелер жайында.

Оқушы қауымның өкінішіне қарай, осындай оңтайлы мысал-үлгілер ылғи кездесе бермейді. Кейбір уақыттарда халық қалыптастырған бағзы бір тұрақты сөз тіркестерінің шырқын бұзып, шырайын кетірушілік те жиі ұшырайды. Байқап отырсақ, бұл іспеттес «шабуыл», біздің ойымызша, екі түрлі себептерге байланысты көрінеді. Бірінші себеп — халық тіліндегі фразеологиялық тіркестерге салқын қандылықпен «немқұрайды» қараушылық; екінші себеп — «жаңа тіркес жасаймын» деп, жаңсақ басушылық. Іздену өрісінің тарлығы мен халық тілін білмеушілік те, біле түсуге талаптанудың жоқтығы мен білмейтін нәрсе туралы жобалап жазу да, басқа толып жатқан жағдайлар да осы себептердің қатарына жатады. Кейбір авторларда жақсы талаппен бірге жарамсыз әдет те бар. Ондай авторлар халық тіліндегі тұрақты сөз тіркестеріне өздерінше өң беріп, түрлендіре түсуді көксейді, жаңа сөз тіркесін жасағысы келеді. Әрине, бұл — орынды талап, белгілі нәрсе. Бірақ соның бәрі де ойдағыдай бола бере ме? Бұл тақілеттес авторлардың бірсыпырасы-ақ тұрақты сөз тіркестерінің сыңайын бұзып, бұтарлап алады да, оның орнына «қиыннан қиыстырып» ештеңе келтіре алмай ойына түскен сөздерді орайластыра салады. Осындай әдістің салдарынан, әлдебір «өңдеуден» өткен тіркестердің «бірі жамау, бірі құрау» болып, көзге жүдеу, көңілге оғаш көрінеді. Дегенмен туған әдеби тіліміздің дәл қазіргі даму барысында орын алып отырған осындай орашолақ мысалдардың біразын атап өту жөн де сияқты.

Халық аузында қолданылып жүрген *жауырды жаба тоқу* деген идиомды бір әдебиет зерттеушісі *жабуды жаба тоқу* деп жазыпты («Жұлдыз», 1959, № 3, 110-бет). Бұл тіркес халық тілінің шынайы сырымен үйлеспейді де, оның өзіндік колоритін бере алмайды. Ертеректегі түркі тілдері мен қалмақ, монғол тілдерінде, қазіргі қазақ тілінің кейбір говорлары мен осы күнгі түрік тұқым-

дас кейбір халықтардың тілдерінде тоқу сөзі «ер салу, ерттеу» деген көпшілікке белгілі мағынада жұмсалады. Бұл сөздердің тура түсінігі жауыр аттың жауыр екендігін білдірмей жауып жіберіп, жаба тоқымдап, ер салу. Ал оның ауыспалы мағынасы — кемшілік біткеннің қайқайсысын болса да жасыра білу. Демек, әңгіменің түйіні *жауыр* деген сөзде: ол айтылмаған жерде, жабуды жаба тоқу болған жерде халық әдетіндегі сөз тіркесінің айтайын деген ойын жеткізіп беру мүмкін емес. Байырғы тіркесті байыптай білмеген соң, оның шырқын бұзудың қажеті жоқ еді.

Халық тілінде *әліпті таяқ деп білмейді* деген фраза бар. Мұнда айтылатын ойдың логикалық түйіні оқушы жұртшылыққа түсінікті де — араб алфавитіндегі бірінші әріп — әліп, ол жазуда тұп-тура бір таяқша болып шығады. Осы сөз орамын *әріпті таяқ деп білмейді* деп келтіру орынсыз-ақ: Тілің кәлимаға келмейтін, *әріпті таяқ деп білмейтін* сауатсыз екенің есінде ме? («Ара», 1959, № 1, 6-бет). Әріптің бәрі бірдей таяққа ұқсай бермейді ғой! Сондықтан әріпті таяқ деп білмеген дұрыс. Осы августь). Бұл мақал әдетте «халық айтса, қалпы айтпайды» деп жазыпты («Қазақ әдебиеті», 1959, № 37, 11 сентябрь). Бұл мақал әдетте «халық айтса, қалпы айтпайды» деген сыңайда келеді. Қалпы сөзі араб тілінен ауысқан, мағынасы — «өтірік, жалған, теріс, алдамшы». Қазақ тілінде сирек кездескенмен, қазіргі түркі тілдерінде ол жеке-дара тұрып та, бөтен түрлі сөздермен тіркесіп те және әр қилы форманттармен түрленіп келіп те айтыла беретін актив сөз. Демек, бұл «халық айтса, жалған айтпайды» деген сөз, ал қалыс сөзінің (мысалы, қалыс қалу) өзіндік мағынасы мүлдем басқа болса керек.

Халық тіліндегі мақал-мәтелдерге байланысты тағы бір мысал келтірелік: «*Жаны ашымастың басы ауырмас*» деген халық мақалын жалғыз Силаевқа ғана емес, әншейінде... кабинетшіл басшыларына да арнайы айтқан абзал сияқты («Қазақ әдебиеті», 1959, № 13, 20 март). Біздің ойымызша, «*Жаны ашымастың қасында басым ауырмасын*» деген халықтың жөні түзу мақалын жалғыз осы келтірілген мысалдың авторына ғана емес, халық тілін бұра сөйлейтін, не білмей сөйлейтін басқа қаламгерлерге де арнайы айтқан абзал сияқты.

Ендігі бірер сөз кейбір жеке сөз тіркестері жайында. Мысал: Арадан жыл өткен соң *сілтідей бұзылып*, ойна-

ған боп шымшылап, алысқан боп сабап (...) күн бермеді (Қазақ әдебиеті, 1956, № 44, 2 ноябрь). Әдетте халық *нілдей бұзылды, сабындай бұзылды* деп айтады да, *сілтідей бұзылды* деп айтпайды. Қайта, оның керісінше, *сілтідей тынды* дейді. Сабын жасау үшін қайнатылған сілтіні тындырып (тұндырып) қойып, суын алатын халық өз тұрмысы мен өмір тәжірибесінен алып қалыптастырған сөз тіркесінің бүгін келіп тонын теріс айналдырып кигізу білместік болар деп ойлаймыз.

Тағы бір мысал: Одан соң палубаға түсіп, бір ауыз *ләм* тіл қатпастан, өзінің қаютасына кіріп кетті (Ж. Верн, «Он бес жасар капитан», 1954, 108-бет). Бұл, әрине *ләммим* деп тіл қатпастан деп айтылатын байырғы тіркес. *Ләм-мимнің* жартысын алып қалып, аудармашының оны не әжетке жаратып жатқаны белгісіз. Осы кітаптың бір жерінде *Ит мұрны өткісіз қалың ну* (195-бет) деп жазылған. Әдетте қазақ *Ит мұрны батпайтын* деп айтушы еді...

В. Беляевтің «Теңіз жағалауларындағы қала» деген шығармасын қазақ тіліне аударған кісіге мынадай халық өлеңін арнауға болады, қызға жігіт айтатын көрінеді: *Білмедің, сәулем, икемді, Құрттың-ау, сүйтіп, жүйкемді...* Өйткені ол аудармашы жүйкемді құрттын деген тіркесті білмейді екен. Ол былай деп жазады: *Бостан-босқа сенің жүйкеңді бұзғым келмеді* (3-кітап, 1967, 161-бет). Біздің де ешкімнің «жүйкесін бұзғымыз» келіп отырған жоқ, тек қана сөздің иінін айтып отырмыз.

Біз халық тілінде *мидай дала, ну орман* («қалың орман», т. б.) деп айтыла беретінін білеміз. Кейбіреулер бұл тіркестердің басқа варианттарын «біледі» екен, оқып көрелік: *Мидай орманға* барып алып, аңшылар әуенін мың құбылтып, сыбызғымен концерт қояды («Лениншіл жас», 1959, № 52, 14 март).

Екі иінінен дем алып дегенді көрнекті бір ақын *иығынан ырсылдап демін алып* деп жазыпты («Қырдағы күрес», 1957, 14-бет). Тіпті, буын санын еске алып, белгілі бір шумақ тұрғысынан қарағанның өзінде де *«Екі иінінен ырсылдап демін алып»* деп келтірсе де жетіп жатыр ғой!

Сәлдесі дағарадай дегеннің орнына *сәлдесі қарағайдай* дегенді де оқыдық. Біз өзіміз *мүйізі қарағайдай* деп айтамыз ғой! Сол сияқты біз *ауырдың үстімен, жеңілдің астымен* деп сөйлегенді естуші едік, оны бір жолдас былай деп келтіріпті: *«Жұмыс істемейтін, ауырдың астымен,*

жеңілдің үстімен жүретіндерге неге сөгіс бермейсің? — деді секретарь Баукенге қарап» («Ара», 1978, № 6, 10-бет). Әрине, ауырдың астымен жүрсе, ол жақсы ғой, бірақ...

Бірлі-жарым сөздерді аз-кем өзгертіп жазуда кейбір авторлардың мысалдарына назар аударайық: Ендеше, «балта көтергенше, дөңбек жан табады» дегендей, бір орайы табылар» («Ара», 1959, № 9, 7-бет). Кең далам, міне, тағы бір кенелді, Міс тұтпай қаңқу — өсек гулегенді («Қазақ әдебиеті», 1959, № 38, 19 сентябрь). Дұрысы: *балта көтерілгенше, дөңбек жал табады* (яғни балта көтерілгенше, дөңбек жалт беріп, бір жағына қарай ауып түсіп, нағыз жарылуға (шабуылға) тиісті жеріне балтаның жүзін тигізбей кетеді), *місе тұтпай*.

Осы секілді мысалдар аз кездеспейді. Оларды көптеп келтіре беруге болады. Бірақ әңгіме «жарқыншак» сөздерінің санында емес, авторлардың сол сөздер мен сөз тіркестеріне деген ықылас-ынтасында. Біліп отырсақ, дұрыс жазайық, білмейтін болсақ, үніле түсіп, іздене жүріп, біліп алайық. Қалай болған күнде де халық тілінің қаймағын бұзбауға тырысайық! Міне, сөз осында!

М. СЕРФАЛИЕВ

СӨЗДІҢ КҮНГЕЙІ МЕН КӨЛЕҢКЕСІ

(Ғ. Мүсірепов тіл мәдениеті туралы)

Аса көрнекті қазақ совет жазушысы Ғабит Мүсіреповтің сөз саптау өнегесі жастар түгіл, төселіп қалды деген қаламгерлерге үлгі болуда. Сондықтан әйгілі сөз зергерінің ана тіліне, оның әр алуан бояуына ерекше назар салып, үңіле білуі кездейсоқ жай емес. Демек, өз творчествосының өн бойында әр сөзге жете мән беріп, оң беріп, орнымен жұмсаудың үлгісін көрсетіп жүрген оның басқаларға айтары барына әсте де күмәндануға болмайды.

Тілге қатысты еңбектерінде Ғ. Мүсірепов ана тіліміздің тазалығы, сымбаттылығы, мәдениетінің жоғары болуы жолында күресіп келе жатқан жан ашыр жазушы екенін қалың көпшілік жақсы біледі.

Көркем шығарманың бітім-болмысын айтып, таза сын-теориялық жайларды негізгі арқау етіп сөйлесе де, көпке кеңінен танымал, әр кезде жазылған туындыларға қатысты немесе жас автордың жаңа дүниесіне байланысты пікір қосса да, жазушы тіл мәдениетіне соқпай отырмайды. Ал жалпы әдеби тіл мен көркем әдебиет тіліне, терминология мәселесіне орай жазған еңбектерінің жөні бір басқа. Осының бәрінде де қаламгер ілгеріде аталған принциптерінен ауытқып көрген емес. «Сөз сөзге жарығын да түсіріп тұрады. Біріне-бірі жарығын түсіріп тұратын сөздерден құралған сөйлем айтайын деген ойыңды оқушыға дәл жеткізеді. ...Біріне-бірі көлеңкесін түсіріп тұратын сөздер өз мағынасын дәл баспай, екі оқты болып ауытқып шығады»¹, — дейтін, бүгінде афоризмге

¹ Мүсірепов Ғ. Әдебиет тілі жайында. — Ғ. Мүсірепов. Бес томдық шығармалар жинағы. Суреткер парызы. Жазушы, 1975, 4-т., 450-б.

айналған сөздер *Ғ. Мүсірепов* қаламынан туған. Сол сияқты, «Жазба сөз — бір өңкей әскер легі де емес, қойсиыры аралас шұбаған көш те емес, теңіз толқыны да емес, жайнап тұрған бақша да емес, өмірге түгел ортақ ой-сезімді дәлірек те толығырақ бере алатын тіл байлығы»²,— деп, тағы да әсерлі ой тастайды да, оған қойылар талапты айқын білдіреді: «Бұл байлықты қалай болса солай пайдалану — болашақ үшін үлкен қиянат»³. Олай болса, сөз қадірін жете білетін жазушы аса жауапты міндет те жүктеп отыр. Өзінің де, өзгелердің де сөз қолдану мүмкіндіктерін ақыл таразысына салғанда, ондағы сәтті тұстар мен жарамсыз жайларды осы тұрғыдан бағалайды. Ең бастысы — әділдік деген өлшемді берік ұстанады. Оның көрінісі — әсіресе, кемшіліктерді сөз еткенде, шығарманың құнды жағын атап көрсетумен бірге, көңіліне қонбаған жайларды, жетпей жатқан жағдаяттарды батыл да ашық атауынан аңғарылады. Мәселен, *Мұхтар Әуезов* сияқты ұлы жазушының «Абай жолындағы» «қазақ тілінің өңделуіне, әр сөз өзінің дәл мағынасын тап басу жағына, сонымен бірге көркем айтылуына өте үлкен еңбек сіңіргенін», «басынан аяғына дейін бір мүдірмейтін әрі ойлы, әрі көркем тілінің құйылып отыратыны», автордың қазақ тілін байыту мақсатында тек қана қазақ сөйлемінің ізімен кете бермейтінін, сөйтіп, көп ізденгенін, жаңалықтың молдығын *Ғ. Мүсірепов* барынша қисынды сөз етеді. «Кейбір ойларын орысша сөйлем құру жолымен де жазғанын» баса көрсетеді де, мұның «әбден дұрыс екендігін» «Ешбір тіл өз шеңберінде ғана өсе алмайды; екінші, тілдің өсуі ойдың өсуімен байланысты» деп дәлелдейді⁴.

Ұлы эпопеядағы осындай табысқа зор қуанышын жасырмайтын *Ғ. Мүсірепов* күдікті жайларды қаға беріс қалдырмайды. Айталық, «Аласа, тақыр, бірақ тығыз бетегемен жайнаған», «Қызыл, сары, көкшіл түстермен құлпырып жайнайды», «Осы сөз бүгін де Қодарды ызамен қайнатты», «Өзге отырғандардың барлығы сөздің салмағы мен түйінін өз арқаларынан сезгендей боп..», «Осының бәрі өз ортасын бойымен басып жыға беруге себеп болатын» тәрізді сөйлемдердің *М. Әуезов* стилінде

² Сонда, 450-б.

³ Бұл да сонда, 450-б.

⁴ *Мүсірепов Ғ. «Абай» романы туралы.* — Сол кітапта, 173-б.

кездесуіне қынжылғандай болады. Оның себебін «орысша ойлап, қазақша жазғандықтан туған аударма тілдің әсері» дей келіп; «Осы ойларды қазақша сөйлем құрылысымен айтудың түк қиындығы жоқ»⁵,— деп көрсетеді. Белгілі сөз шеберінің аңғарғыштығы мен байқағыштығы, мысалдың дәлдігі күмән тудырмайды. Ендеше, мұндай ескертпе, ақ ниеттен, ұлы шығарманың бұдан да беделді, мінсіз болуын қалаудан туып отырғаны айғақ. Сондықтан да Ғ. Мүсірепов: «Осылары болмаса, Мұхтардың тілі, тілінің көркемдігі, мағыналылығы туралы: «Цицеронға еш нәрсе қосуға болмайды, Демосфеннен еш нәрсені алып тастауға болмайды» дейтін Европаға түгел белгілі мәтелді айтар едім»⁶,— деп жазады. Шындығында, таза тілдік тұрғыдан келгенде, алғашында тосындау көрінетін құбылыстар М. Әуезовтің синтаксисінде көзге түседі. Тегінде, мұндай әр түрлілікке ұлы жазушының саналы түрде барғаны да түсінікті.

Сондай-ақ Сәбит Мұқановтың «Сырдария» романының әлеуметтік-саяси идеяға құрылғанын, жүгінің салмақты екенін атай отырып: «Романның тілінде де сырландық бар. «Өйтті», «бұйтті» деген құрғақ баяндаулар көп те, тартымды, бедерлі картиналар аз»⁷,— дегенді барынша батыл айтады.

Құнды шығармалардың қатарына әділ қосқан «Шығанақ» романынан мынадай диалог келтіреді:

«Жанбота таранып, қаранып тұрып-тұрып, суға қойып кетті. Амантай атып түсіп, бар киімін сыпырып алды.

— Өй, әдепсіз!— деді Жанбота көре салып.

— Сен әдепсіз!— деп, Амантай киімді басып алды.

— Мен неге әдепсізбін?

— Е, менің көзімше неге жалаңаштанасың?

— Қашан сенің көзіңше? Жаңа келдің ғой жалақтап.

— Жоқ, мен манадан бері көріп жатқанмын.

— Көзің тойса, киімді бер.

— Көңілім әлі тойған жоқ. Шық бері!

— Сен көрген етімді шабақ жесе болмай ма?

— Ендеше, отыр солай,— деді де, Амантай киімді қолтықтап жүре берді.

⁵ Сонда, 173-б.

⁶ Бұл да сонда, 173-б.

⁷ Мүсірепов Ғ. Қазақ совет прозасы туралы.— Сол кітапта, 342-б.

— Тоқта, тоқта!— деді Жанбота шыдай алмай. Амантай қайта оралды.

— Не айтасың?

— Сен қазақтың ескі салтын істедің. Лайық па осы бойыңа?

— Өзгесін білмеймін, қазақтың осынысы ұнайды маған.

— Мәдениеттен безіп пе ең?

— Малталап езер уақытым жоқ...

— Махаббат — нәзік нәрсе, домбайыңа көне бере ме?

— Жоқ, махаббат — берік нәрсе. Балталасаң да, сынбайды. Кейбіреулер өндеймін деп мойнын қылдай, сирағын шидей қылады да, сынып кетсе, ойбай сап отыра қалады. Менің махаббатым дөрекілеу болар, бірақ сынуға жоқ. Өмірге жетеді».

«— Әй, тентек, рас па осы сөзің!— деді Жанбота»⁸.

Осындай жайларды кейбіреулер ғаза әдеби мәселенің аясында қарастыруы мүмкін. Шындығында, қыз бен жігіттің арасындағы көзге түртіп тұрған дөрекілік олардың тіл қатысынан танылады. Бір қисынсыздығы — бұл кейіпкерлер жағымсыз пландағы адамдар болса, оның жөні бір басқа, олай болса, жастарға үлгі етер жағымдылар санатындағы кейіпкерлер екенін де ұмытпауымыз керек. Солай болғандықтан да Ғ. Мүсіреповтің сөздері ауырлау сезілгенмен, орынды ыза екенін түсінесіз: «Ғабиденнің «мойны қылдай, аяғы шидей» махаббатқа қарсы қояр жуан мойын махаббаты жазушының сүйкімді образ жасау ниетімен алған жастарын сана-сезім жағынан дөкір етіп, анайылыққа қарай бұрып әкеткен. Суға түскен қыздың киімін ала қашу да, одан кейінгі «лирикалық» диалог та соны қуаттайды. Бұл біздің адам өмірін балтамен жасау дәуірінен аттап өтіп, өткірдің жүзімен жасайтын кезеңге шықсақ та, оны меңгере алмағанымызды көрсетеді»⁹. Сөйтіп, кейіпкердің іс-әрекетінен, ой-толғамынан ғана емес, оның сөзді қалай қолдана білетіндігінен де бейнесі айқындала түседі. Былайша айтқанда, сырт келбеті, жүріс-тұрысы тартымды болғанына қарамастан, әлдебір оғаш немесе орынсыз сөздің кірістірілуі сол бейненің жағымсыз көрінуіне себепші болатын жағдайлары да кездеседі. Ғ. Мүсіреповтің атап көрсет-

⁸ Бұл да сонда, 341-б.

⁹ Бұл да сонда.

кеніндей, мұның өзі сол шығарма авторының шеберлігіне әжептәуір нұқсан келтіруі де ғажап емес. Соның нәтижесінде оқырман көңілінен ойдағыдай шыға бермейтіні де бар. Міне, түгелдей алғанда, берері мол романның ақаулығына назар аударғанда, Ғ. Мүсіреповтің осы мәселені алға тартып отырғаны сөзсіз.

Тағы бір арнайы еске салатын жай сол — біздің келтіріп отырған мысалдарымызға қарағанда, үлкен суреткердің өз әріптестерінің туындыларынан тек көлеңкесі көп тұстарды тере берген екен деген жаңылыс ұғым тумасқа керек. Сөз таңдаудағы табыстардың тасасында болса да, қайсыбір кемшіліктердің болмауын ниет еткендіктің белгісі деп ұғынған жөн. Екінші жағынан, аталған аға жазушылардың аттарына айтылып жатқан ескертпелердің одан кейінгі толқын қаламгерлерге де әсері мол екенін дәлелдеп жату да артық болар. Сөйтіп, мұндай ойлардың арнайы мақсаттан, ізгі ниеттен туып жатқандығын байқамасқа болмайды. Екінші сөзбен айтқанда, кемшіліктерді сынап отырып, тәжірибелі сөз шебері жақсылықты үлгі тұтатыны білініп тұрады.

Прозалық шығармалардағы үлкенді-кішілі ақауларға кешірім жасамайтын Ғ. Мүсірепов поэзиялық туындылардағы кем-кетіктерді де дәл басып, орнымен аңғарады. Демек, прозаның аса көрнекті шебері өлеңдер мен поэмалардағы жетіспей жатқан жайларды сөз еткенде, кең тынысты әдебиетші екенін айқын танытады. Бұл тұста сөз болып отырған жазушының сыншылық дарыны мен ақындық сезімі қатар, жарыса көзге түсіп отыратын жайы бар. Соның өзінде осындай екі үлкен қасиеттің қайсысын ілгері, қайсысын кейін қоюдың өзі қиынға соғады.

Қасым Аманжоловтың «Абдолла» поэмасынан мынадай үзінді келтіре отырып:

Зелзада боп жер мен аспан,
Соқты ұйтқытып оқ бораны.
Қан, күл, боран, қара тастар
Түткіледі кең даланы.
Жайды толқын орман шашын —
Жұлды талдап снарядтар.
Мәңгі жарын — көл жағасын
Тастап, суга сүңгіді жар!

«Бір ғана қысқа суреттеумен, соны теңеулермен сонша дәл, сонша әдемі берілген. Алыста отырып, соғыстың

өзін көргендей боласын», — деп сүйсіне атап көрсетті ¹⁰. Сөз жоқ, сыншыны ақын сөздерінің айқындығы, әр сөзге жан бітіре, әсерлі қолданғаны, ұйқастардың барынша шымыр, жатық келгені қуанытып отыр. Дәлірек айтсақ, «сөздің сөзге жарығын түсіріп тұрғанының» мысалы әдебиет сүйер қауымның жиі аузына алар осы поэмада әсіресе айқын сезіледі: нәрлі көрініс бар, динамизм бар. Осының бәрін алғашқылардың бірі болып *Ғ. Мүсірепов* жіті байқап, дәлелдеді. Бұл аз десеңіз, «біздің әдебиетте әлі айтылмаған сөздер» ¹¹ ретінде поэмадағы *Абдолла*-ның монологын ерекше атайды:

Ашуын бер арыстанның,
Жүрегін бер жолбарыстың.
Құллі әлемнің ашу-кегі,
Орна менің кеудеме кеп!
Жау жолына атам сені,
Бомба бол да, жарыл, жүрек!

Шындығында да, қас дұшпанмен туған жерінің қарыс жері үшін ашық айқасқа түскен патриот азаматтың бейнесі осындай болса керек-ті. Қасымның бұл бейнесі ауыз әдебиетіндегі батырлардың тұлғаларынан мүлдем өзгеше: жаңа заман, жаңа жағдай туғызған, жаңаша ситуацияға сай өмір сүріп, жер басып жүрген жігіттің қиын сәтте, сыналар шақта өзгелерді де ерлікке шақырған жарқын кейпін көреміз. Тегінде, дәуірге сәйкес қаһарман болады да, сол қаһарманды бейнелеуге орайы келіп тұратын сөз саптау өзгешелігі болады деген осындайдан шығады.

«Ақын Қасым ақын жанының бар толғануын, кек күшін, сезім тереңдігін түгел бере алған» ¹² деп өте жоғары бағалаған шығарма туралы «Поэманың құрылысында «адам өмірі соғыс құралын істеуге жұмсалып қор болды-ау» деген жерлерінде кемшіліктер жоқ емес. Ол кемшілік тілінде де бар» ¹³ деуі бұл туындыны талдап отырған адамның пікіріндегі әсте де қайшылық емес. Тіпті сол кемшіліктерге қатысты: «Бірақ мұның бәрі оңай кешірілетін, себепті солғындықтар» ¹⁴ дегенде де, қайшы-

¹⁰ *Мүсірепов Ғ.* Майданнан соққан жаңа леп. — Сол кітапта, 186-б.

¹¹ Бұл да сонда, 187-б.

¹² Бұл да сонда, 189-б.

¹³ Бұл да сонда.

¹⁴ Бұл да сонда.

лыққа ұрынып отырған жоқ. Ол — үлкен ақынның шығармасына үлкен талап тұрғысынан баға беру болып табылады.

Әбу Сәрсенбаевтың «Ақша бұлт» өлеңін де Ғ. Мүсірепов таңдаулы шығармалардың қатарына қосады: «Бұ да елін сүйер адамның жан сөзі. Елін, жерін сағынған ақынның әрі ойлы, әрі кестелі толғауы. Бұрынғы поэзиямызда айтылмаған сөз, берілмеген теңеулер. «Ақша бұлт, Ала-тауда жаралдың ба, кесте тігіп отырған қазақ қызының жібегімісің жел ұшырып әкелген?» деген әрі жаңа, әрі мағыналы, әрі сағыныш күшін көрсетеді. Соғысқа түк қатынасы жоқ болса да, дәл соғыс үнін береді. Бұл — өскен ақын айта алар сөз»¹⁵.

Мақаласының атынан көрініп тұрғанындай, автордың басты мақсаты — майдангер ақындардың алғашқы шығармаларымен көпшілікті таныстыруды нысана ету болғанымен, сол от кешіп жүрген таланттардың өлең, поэмаларындағы жаңалықты, сөз қолданудағы ерекшеліктерді баса көрсету назардан тыс қалмаған, тың теңеулер мен жаңа сөздерге барынша көңіл аудару екені де көрініп тұр. Демек, майданнан жазылған алғашқы жырлардың тақырып жағынан да, сөзді екшеп жұмсай білу жағынан да әдебиетіміздегі соны құбылыс болғандығын өзгелерден бұрын және әділ бағалап отыр.

Әсіресе поэзияға қатысты пікірлерінде Ғ. Мүсірепов тек қана сын айтумен шектелмейді. Ілгерідегі Қасым мен Әбу поэзиясындағы жетістіктерді айқын көре білгендігі сияқты, басқа жағдайларда да үлгілі құбылысты сол үлгілі ретінде дәлелдейді. Талғампаз, әрі зерделі қаламгер классиктердің туындылары туралы қалам тербегенде, көбіне-көп шешіле түседі. Жазушының өте дәл атап көрсеткеніндей, жаңа мазмұн, жаңа түр жасау жолында «Абай жалғыз еді. Оның замандас ақындары Абайға ат тізесін қоса алған жоқ. Орыс халқының реалистік поэзиясын Пушкин бастап, Лермонтов одан әрі тереңдетіп әкетсе, қазақ әдебиетінде Абайға әрі Пушкин, әрі Лермонтов болуға тура келді»¹⁶. Одан әрі пікірін нақтылай түседі: «Абайда еліктеу жоқ, үндестік барын даусыз дәлелдейтін көп өлеңдер бар. Абайдың «Жазы», «Қысы»

¹⁵ Бұл да сонда, 190-б.

¹⁶ Мүсірепов Ғ. Қазақ әдебиетінің өркендеу жолындағы Абайдың тарихи орны. — Сол кітапта, 206-б.

Пушкин, Некрасовта кездесетін «Жаз» бен «Қыстарға» үндес. Бірақ ол үндестік сезіну жағынан реалист ақындардың өз ойын өзінше дәл суреттей алуында. Одан әрі десек, біріне жала жапқан боламыз»¹⁷. Мысал ретінде А. С. Пушкиннің «Ақыны» мен Абайдың «Ақынын» салыстырады:

Пока не требует поэта
К священной жертве Аполлон,
В заботах суетного мира,
Он малодушно погружен...
Но лишь божественный глагол
До слуха чуткого коснется,
Душа поэта вострепнется,
Как пробудившийся орел.

Ұлы орыс ақынымен ұлы қазақ ақынының үндестігі осындай бір тақырыпқа жазылған өлеңдерінен айқын бой көрсетіп отырады. А. С. Пушкиннің әлгі аталған өлеңі мен Абайдың сол аттас өлеңінде бұл қасиет әсіресе анық байқалады:

Адамның кейбір кездері
Көңілде алаң басылса,
Тәңірінің берген өнері
Көк бұлттан ашылса.
Сылдырар өңкей келісім
Тас бұлақтың суындай.
Кірлеген жүрек өз ішін
Тұра алмас есте жуынбай...

«Мұндай екі ұлы ақынның бірінен-біріне ауысқан бір ауыз сөз жоқ, бірақ бірдей сөз бар»¹⁸ — деуінің мәнісі көңілде жатқан әр алуан толғаныстарды нағыз поэзия тілімен жеріне жеткізе бергендеріне ризалық сезімде жатса керек.

«Көп соққы көрген, адал ойын өз тұсына ұғындыра алмаған Абай Лермонтовпен өте қоян-қолтық келеді»¹⁹, — дейді одан әрі жазушы. Абайдың «Жүрегім менің қырық жамау», «Сегіз аяқ», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Көңілім қайтты», «Ішім өлген, сыртым сау» тәрізді өлеңдерінің М. Ю. Лермонтовтың «Қанжар», «Жартас», «Дұға», «Жолға шықтым бір жым-жырт

¹⁷ Бұл да сонда, 207-б.

¹⁸ Бұл да сонда, 208-б.

¹⁹ Бұл да сонда.

түнде жалғыз» өлеңдерінің әсерімен жазылғаны дау туғызбаса керек. Ондай ықпалдың дәлелі ретінде Абайдың осы өлеңдерді түгелге дерлік қазақ тіліне аударғанын айтса да болар. Сірә, қай қаламгер болса да өз жүрегінің лүпіліне жақын тұрған шығармаларды басқа тілден өз ана тіліне аударатыны белгілі. Мұндай әсерден туатын үндестікті ұлы ақындардың замана рухын қатесіз таныған қуатты философиясынан, екінші жағынан, әрі зілді, әрі нәзік лирикасынан ғана емес, сол сезімді ешбір күдіксіз жеткізіп тұрған сөз күдіретін де пайдалана білгендіктерінен іздестірген жөн. Алғашқылары өз дәуірінде түсінікті болған (тіпті қазіргі заманның да оқырмандарына барынша ұғынықты болып тұрған) ХІХ ғасырдағы орыс сөзінің бар күш-қуатын сездірсе, Абай өлеңдері қазақ тіліндегі інжу-маржандарды теру арқылы ұлттық бейнені тамаша жасаған. Былайша айтқанда, орыс поэзиясы данышпандарының рухани өнегесін орынды және аса шебер пайдалана отырып, қазақтың ұлы ақыны қазақ сөздерімен, қазақ психологиясын толығынан аша алатын сөздермен ұлттық поэзияның үлгісін алдымызға тартады. Ғ. Мүсіреповтің «бірінен-біріне ауысқан бір сөз жоқ, бірақ бірдей сөз бар» деуі осыны аңғартады. Мұның аты — тіптен де еліктеу емес, мұның аты — озық ойлы ақындардан творчестволықпен үйренудің нәтижесінде өз халқының поэзиясында батыл жаңалыққа бару деген сөз.

Бұл күнде баршамызға түгелдей белгілі болса да, ұлы ақынның халықтық маңызын жете түсінген Ғ. Мүсіреповтің қырқыншы жылдардың басында түйіп айтқан сөзі қашанда мәнін еш жоймасы анық: «Абайдың ерекше ұлы еңбегі — орыс халқының ұлы мәдениетіне, ұлы ақындарына сүйене отырып, төменгі сатыда тұрған әдебиетін ең жоғарғы сатыға шыққан реалистік әдебиетке қосуында, революциялық ұлы адымында»²⁰.

Абайдың өлеңнің түрін іздеу жолындағы аса зор еңбегін Ғ. Мүсірепов өте жоғары бағалайды. Оның бәрімізге мектеп қабырғасынан жақсы таныс болып кеткен:

Бойы бұлғаң,
Сөзі жылмаң,
Кімді көрсем, мен сонан
Бетті бастым,
Қатты састым,
Тұра қаштым жалма-жан... —

²⁰ Бұл да сонда, 209-б.

деген жолдарын тілге тиек ете келіп: «Жексұрын адамды суреттеуге түйреп айтылған төрт-ақ сөзден құралған бастапқы екі жол жетіп жатса, безіп кетуіне берілген соңғы үш жолы қандай! Бір сөзін өзгертуге болмайтын, ауыстыруға болмайтын, ойынды әрі көркем, әрі дәл беретін түр осындай болу керек»²¹, — дейді.

Әлбетте түрді мазмұннан бөліп қарауға болмайтынын ақындар да, ақындарды зерттеушілер де айтып жүр. Бұл принципті Ғ. Мүсірепов те өлең үшін ең бір қажетті нәрсе деп ұғады және өзгелерге де соны шегелеп айтады: «Абайдың жаңа түрлер табуын сөз қылғанда, бұл жалғыз түр мәселесі емес, мазмұн мен түрдің бірлігі, тұтастығы екенін естен шығармауымыз керек. Біздің көп зерттеушілеріміз мұны әлі күнге ескермей келеді. Абай түрді түр үшін емес, айтайын деген ойын дәлірек, өтімді де ұтымды етіп айту үшін іздеген, жасаған да тапқан»²². «Көңіл қоя қарасақ, — деп жазады, — Ғ. Мүсірепов, — Абай поэзиясының күшті жағы мазмұнына сай түр іздеген шығармаларында. Абайдың:

Ақыр заман жастары,
Қосылмас ешбір бастары...

болмаса:

Сыналар, ей, жігіттер, келді кезің... —

деп басталатын өлендері, басқа біреу жазса, түкке тұрмайды дей салатын нәрселер, ойға да қонбайды, есте де қалмайды. Ал мазмұнына түрі сай келген «Сегіз аяқ», «Ем таба алмай», «Айттым сәлем, қаламқас» сияқты өлендерін жұрттың көбі жатқа біледі. Абайды құрметтейтін, өскен дәуірдің ақындары оның поэзиямызды жоғары сатыға көтеруге жәрдемі тиетін жаңа түрлерін дамытуға міндетті. Өйткені ол — жалғыз түр емес, үлкен мағынасындағы поэзия мәселесі, кең шеңберлі көлемді мәселе, ұлы орыс поэзиясының өскен жолы»²³. Сөйтіп, Ғ. Мүсірепов поэзиядағы түрге баса мән береді, оны аса зейін қойып қарастыратын толғақты жайлардың қатарына жатқызады. Сондықтан да әлгіндей үлкен міндет жүктейді. Міндет артумен қоса, қайсыбір ақындардың творчествосында ұшырасып қалатыны ескеріліп, жалпыға ортақ кемшіліктің де бетін ашады: «Біздің кейбір

²¹ Бұл да сонда, 214-6.

²² Бұл да сонда.

²³ Бұл да сонда, 214—215-6.

ақындарымыз он бір буынды «қара өленді», кәрі әжесінің санды жіліктегеніндей, үшке шашыратып шашып, жаңа түр орнына ұсынып жүр. Бірақ өзгені қойып, Маяковскийдің аудармасын оқығанында да, мұның бәрі опонай жиналып, «қазақы» қара өлең болып шыға келеді. Ақынның түйреп айтайын деген ойы төлеусіз қалады. Мүмкін, Абай силлаботоникалық өлең түрін жасауды мақсат етіп қоймаған шығар, бірақ ол мазмұнға сай түр керектігін терең сезінген»²⁴.

Сөйтіп, Абайдың туған әдебиетіміздегі тарихи орнын нақтылауға арналған мақаланың авторы көтеріңкі леппен, ұран тастау арқылы жадағай мақтауды әсте де мақсатына алмайды. Ұлы ақынның жаңалығын білгір маманның жан-жақты талдауы бар, демек, қазақ поэзиясының қырағы сақшысындай озық үлгі мен орынсыз жайларды бағдарлап, саналы ой елегінен өткізіп отыратын адамның салихалы пікірі бар. Сондай-ақ әлемдік бұрынсоңғы әдеби процестің жайы мен әдеби теорияның білімпазы айта алатын зерделі түйін бар. Осының қай-қайсысы да көркем әдебиет тілінің қолданылу қисындылығын салмақтай қарағанда, сенімді болып отырғаны шүбәсыз.

Классик ақынның өнегелі тұстарын нақтылы мысалдармен дәлелдегені сияқты, Ғ. Мүсірепов танымал немесе жас ақындардың сөз жұмсаудағы салақтықтарын да дәлме-дәл көрсетеді. Мәселен, С. Қасиманов өлеңіндегі «жол шешен», Е. Қенебаевтың өлең жолдарында кездескен «күнді асайын» тәрізді тіркестердің көрінер көзге қораш екенін сынауы — осының айғағы. Көркем әдебиеттің тіліне арналған осы мақаласында²⁵ Ғ. Қайырбековтің, яғни оқырмандарына талайдан танымал болып қалған ақынның да, «Қанаты суық мұздай құс», «Жалт қараса айдынға, Асылып қалған бір білек», «Толтырып жасқа уысты, Сақалын жұлып шал қалған», «Тұншықсаң теңіз суына, Ақ сүтімді еме бер» немесе «Махаббат атты құдірет Періште қылған соларды. Соғуын тыяр құр жүрек, Өлмейтін жандар со мәңгі» деген жолдардағы сөздердің ақын ойын дәл бере алмай, қиюлары қашып тұрғанын қатты сынға алады. Осылайша, бүгінгі күннің биік талабы тұрғысынан қазіргі ақындардың шығармаларындағы кем-кетіктердің орын алу себептерін ашып,

²⁴ Бұл да сонда, 214-б.

²⁵ Мүсірепов Ғ. Әдебиет тілі жайында. — Сол кітапта, 449—452-б.

оларды болдырмаудың жолдарын көрсетеді. Ғ. Мүсіреповтің бұл мақаласынан да автордың сөз эстетикасына қоятын талаптарын анық көреміз, былайша айтқанда, жазушы поэзиялық шығармаларды талдай отырып, тек ұйқас қуалауды бірінші парыз деп есептемей, сол ұйқастың қандай философиялық, этика-педагогикалық ұғымдардан туып жатқанына зер салудың қажет екенін ескертеді. Сөзбен сурет салу үстінде халықтық тілді еркін пайдаланумен бірге, ақын өз мүмкіндігінше сөзге жаңа мағына беруге тырысқанда немесе соны мағыналы сөзді қолданғанда, үлкен талғаммен қарағанын жөн көреді.

Осы мақаласында Ғ. Мүсірепов белгілі, тіпті көрнекті тіл маманы мен әдебиет зерттеушісінің сөйлемдеріндегі олқылықтарды да сынға алады. Қазақ сөзінің беделді жанашырының мүлтіксіз дәлелдеп отырғанындай²⁶, тіпті бейнелі ойлау арқылы көркем шығарма жазбай-ақ, ғылыми стиль ыңғайында еңбек жазғанда да, әр сөзді өз қызметінде орынды жұмсағанның маңызы зор. Бір сөзді ретсіз бірнеше қайталағаннан немесе бір сөйлем ішінде сөздердің басы артық қолданылуынан ешбір автордың ұтары жоқ, керісінше, ойдың көмескі, тіпті қате берілуі әбден мүмкін. Мақала авторы мәселенің осы жағына жете мән беруге шақырады.

Ғ. Мүсіреповтің көркем әдебиет тіліне қояр талабы — өте қатаң талап және барынша орынды талап. Шындыққа келгенде, мұндай талап ана тіліміздің мол мүмкіндігін ескеруден, тілдің тазалығын сақтаудан, тіл бұзарлыққа жол бермеуден туындайтын талап екені әркімге аян болса керек. Міне, өмірдің өзі, бүгінгі мәдениеті жоғары қалың жұртшылықтың талғамы биігінен Оралхан Бөкеевтің шығармаларында кездесетін: «Сұп-сұры бұлт сықастыра...», «Садақбайдың ала-сапыран паруай жүзіне...», «Ауыл жақты қарауылдай байырқалап...», «Мен бағанағы әйелім әзірлеген кеспені еске алдым. Оны жездем жолдаған қаздың етіне пісірген едік...», «Жесір әйелдің мұңдықты басы қалды...» сияқты түсініксіз сөздерден тұратын сөйлемдерді, сыншының өзі айтып отырғандай, біз де көңілден шыға қоймаған конструкциялар деп қабылдаймыз. Сондай-ақ Ілияс Есенберлиннің романдарындағы: «Көгілдір дала да, көгілдір аспан да...», «Егер әлем тоқты болса, бұл екеуі көкжал қасқыр еді ғой», «Қара-

²⁶ Бұл да сонда, 452—454-б.

шыңның жаны аузына келіп, енді шығуға таяу еді» тәрізді сөйлемдерде «мен мұндалап тұрған» сәтсіз тенеулер мен метафораларды да қабылдай алмаймыз. Бұл орайда сыншының аргументтері толық сендіреді.

Көркем әдебиет тілі туралы сөз болғанда, әдетте оны құрайтын екі компонентті ескермеске болмайды. Олардың бірі — авторлық баяндаудағы тіл де, екіншісі — кейіпкер тілі. Шындыққа жүгінсек, кейіпкер тілі деп отырғанымыз да автордың шығармадағы оқиғаларға араласып жүрген адамдардың ауыздарына салатын сөзі болып табылады. Демек, автор тілі дегеніңіз де, кейіпкер тілі дегеніңіз де жазушының қаламынан туатын, жазушының қабілеті мен талантына байланысты қағаз бетіне түсетін сөздер жиынтығы екені мәлім. Солай болғанымен, екеуінің арасындағы айырмашылықтың бары тағы рас. Шынайы шебер таланттың шығармасындағы кейіпкер тілі табиғилығымен көрініп отырса керек. Әсіресе прозалық шығармадағы қаһарманның сөздері тұрмыс жағдайында қарым-қатынасқа түсетін ауызекі сөйлеу тіліне біртабан жақын болғаны абзал. Айтқалы отырғанымыз: О. Бөкеевтің шығармаларындағы Ф. Мүсірепов тізімге алған сөздер үшін, егер ол сөздер, кейіпкерлердің аузынан шығып жатса, кінәламасқа да болатын шығар. Оралханның повестері мен әңгімелерінің кейіпкерлері, негізінен, Алтай қазақтары болса және олардың лексиконында «пошымы», «нәшіні», «албаты», «кейуана», «мүрлеу», «бебезік», т. б. сөздер болса, оларды шығармаға кірістіргенде, автордың мақсатын бейтаныс сөздерді қайткенде де тықпалау деп түсінбей, кейіпкерлердің мінез өзгешеліктерімен қоса, тілдік даралығын да көрсету деп ұғынған жөн емес пе? Мүмкін, көптің назарына түскеннен кейін ол сөздердің біразы кәдеге асып та кетер. Ал авторлық баяндаудағы тілдің жайы басқаша. Ондайда кез келген сөзді қолдана берудің реті жоқ. Тегінде, нағыз әдеби тілдің мысалдары мен үлгілерін қай шығарманың да авторлық баяндау бөлімінен іздеуіміз керек. Әлгі сөздер Оралханның — автордың тілінде кездесіп жатса, әрине, кінәлы болары сөзсіз. Ондайда «Оралханның тілінде шұбарлық түйіртпектері бар»²⁷, — деген пікірге қосыламыз.

²⁷ Мүсірепов Ф. Авгейдің ат қорасынан бастайық. — Ф. Мүсірепов. Уақыт іздері. Очерктер мен публицистика. — Жалын, 1977, 358-б.

Ауызекі сөйлеу элементтерінің көркем шығармаларда жиі ұшыраса беретіндігі үшін Ғ. Мүсірепов жасаған ескертпелерді де ілгеріде айтылған принцип тұрғысынан қуаттауға болады. Былайша айтқанда, «шекейін» мен «шекемдер», «жемесің бар, кемесен етті», «құсаптар»²⁸ осындай тұлғаларды жиі пайдаланатын ауданның адамдарының аузынан естіліп жатса, оның жайы басқа. Егер де осыларды және осы тәрізді өзге де сөздерді авторлық баяндаудан кездестірсек, кінәнің бір басы жазушыға тиері рас.

Көркем әдебиет тілімен қоса, Ғ. Мүсірепов жазу мен сөйлеуге байланысты тіл мәдениетінің де біраз мәселесін көтеріп жүр. Ойландыра ұсыныстар да айтады. Мәселен, «Амангелді, Қарагөз, Зілғара, Мендіқожа сияқты адам аттарын Аманкелді, Қаракөз, Зілқара, Мендіқожа демей-ақ, естілу тұрпатында жазсақ қалай болар еді?»²⁹— дейді. Бір қарағанда, соншалықты мән беретіндей сөздер емес деуіміз де ғажап емес: орфография мен орфоэпияның өзіндік заңдылықтары бар. Бірақ күнделікті жазу практикасында дәл осы орайда талай қайшылықтың бары, тағы күмән туғызбайды. Айталық, театр жарнамасында да, сахнадағы шымылдықта да, колжазбада да Мұхтар Әуезовтің атақты драмасы «Қаракөз» емес, «Қарагөз» деп жазылып келе жатыр. Одан Ботакөздің қандай айырмашылығы болғаны? Сәбит Мұқановтың романы «Ботакөз» деп те, «Ботагөз» деп те шығып жүр. Осы есімдерді орыс оқырманына лайықтап жазса, «к» мен «к» әріптері «г» әрпіне айналар еді. Демек, айтылу ыңғайына бейімдер едік, ал қазақ тілінде айтылу ыңғайына икемдегеннің қандай айыбы бар? Ғабеннің: «...маған қ-ғ, к-г әріптерінің арасында недәуір әңгіме бар сияқты көрінеді»,³⁰— деген жеңіл әзілінде мән бар. Расында, басқа реттерде кісі есімдері айтылу ыңғайымен жазылады да, дәл осы әріптерге келгенде, карама-қайшы немесе карама-қарсы пікірлер туындайды. Мәселен, Торайғыров демей (ақынның екі томдық жинағының бір рет қана осындай фамилиямен шыққаны бар), Торайғыров деп жазуға дағдыландық. Алдыңғар емес, Алдонғар, т. б. осы тәрізді сөздер ешбір дау туғызбайды десе де болады. Сондықтан Ғ. Мүсірепов ұсынысы көңілге қонады.

²⁸ Бұл да сонда, 354—356-б.

²⁹ Бұл да сонда, 362-б.

³⁰ Бұл да сонда, 362-б.

«Қазақ тілі — бай тіл! Оралымды, ырғақты, теңеу-бейнелеулері ерте туған тіл. Пушкин, Лермонтов шығармаларын ХІХ ғасырда-ақ көп елдерден бұрын аударуға жараған тіл. Біз Маркс, Ленин еңбектерін көп елден бұрын аудардық. Поэзияда Абай, Ілияс сияқты, прозада Мұхтар сияқты алыптар туғызған тіл. Мен осындай тілімізді таза ұстайық деймін»³¹, — деген Ғ. Мүсірепов пікірінен ана тілімізге деген мақтанышы мен патриотизмі, ұстанған нысанасы барынша айқын аңғарылады. Ғ. Мүсірепов классиктердің ұлттық тіл мүмкіндіктерін пайдаланудағы өнегесін үлкен шабытпен сөз етсе де, қазіргі қаламдастарының кемшіліктерін ашу-ызамен, шеней сынға алса да, оның ана тіліне деген үлкен жүректі қамқоршы екендігі шүбәсыз. «Мен тілші емес, тілді пайдаланушымын»³², — деп, сыпайы ескерткенімен, көркем әдебиетті жасаушы, сөз жасаушы санаулы таланттар тобының бүгінгі таңдағы көшбасшысы ретінде тілшілерді де ойландыруарлық бағалы да құнды талай пікірлерін ұсынады. Кейбір реттерде тілді зерттеуші ғалымдардың назарына ілігерлік проблемаларды алға тартады. Қысқасы, әйгілі көркем сөз шебері, өнегелі стилист Ғабит Мүсіреповтің тілге қатысты қай еңбегін алсаңыз да, оның әрбір жолы, әр сөзі ана тіліне деген шынайы жанашырлықтың үлгісі болып табылады.

³¹ Бұл да сонда, 363-б.

³² Бұл да сонда, 362-б.

Х. НҮРМҰҚАНОВ

ҚАЛАМҒЕРДІҢ ҚАЛАМ ӘДЕБИ

Әдебиет объектісінің өмір екені мәлім. Ал өмірде тек «не болмайды» ғана емес, «не айтылмайды» да, адам ойына «не келмейді» де болады.

Бірақ еңбегінде қаламгер соның бәрін магнитофон лентасына жазылғандай немесе фотоға түсіргендей етіп еш өзгеріссіз, қаз қалпында алдымызға тартпайды, әдеби тілмен жеткізеді. Бұл қызметі үстінде суреткер әр сөздің жан-жақты жарасымына (мағыналық, тұлғалық, әсерлік, т. б.) қатты зер салумен бірге, оның «құлаққа естілу», оқырман сезіміне тұрпайы тимеуі жағына, жалпы әр сөйлем бойындағы ойдың бейнелену мәдениетіне де көп көңіл бөледі.

М. Әуезовтің әйгілі «Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі жыртқыш жүректі Ақан мен Қалтайдың жас жағынан балаларындай сәби Ғазизаға істеген жан түршігерлік айуандық арсыздығы бейнеленген тұсты алайықшы:

«Ғазиза сол бетімен жүгіріп, екінші қораның есігінен шыға бергенде, есік алдында екеуінің сөзін естіп тұрған Ақан ұстай алды. Ғазизаның әуелде үрейі ұшып кетіп, есін жиып алғанша, Ақан көтеріп пішен қораның қуысына алып келді. Қалтай шамды өшіріп жіберіп, қораның ішіне қарай кетіп қалды. Дүниені қараңғылық басты».

Осы жерге келгенде, өз көз алдыңызды да қараңғылық көлегейлеген сияқтанып, ардан жұрдай болыс-мырзаның бұдан кейінгі тағылығы, аса ұят қылығы туралы әрі қарай оқуға бетіңіз шыдамай, көңіліңіз дауаламай қиналасыз. Ал оқығанда, жазушының әр қимыл-әрекетті бүге-шігесіне дейін тәптіштемей-ақ, «Ғазизаның үрейі

ұшып, жүрегі тулап, есі шыққандай болып, сезімінің бәрі жоғалып, жалғыз-ақ «құтылсам-ау!» дегенді ойлап, қайта-қайта қатты жұлқынып ұмтылды. Сезімі жоқ, қатты ұстаған мықты қол рақым ойлап жібермеді. Еріксіз өз еркіне көндірді» деп, қысқа да қарапайым баяндағанын көресіз.

Әнгіменің «Бұл адамның күлгендегі пішіні құмарлыққа көп салынғандығын білдіріп тұрады», «Қалтай аса пысық, сөзге ұста, қалжыңқой, әсіресе Ақанның түнгі жүрісіне өте ынғайлы», «Жаманшылықтың бетін көрмеген Ғазиза ол қарасты ұғуға шорқақ болды», «Қалтай өтірік күліп қуланып, әдепсіз мінезге түсті» деген сөйлемдерінде де жұмсалуда тиіс анайы сөздің орнына суреткер белгіленген эфемизмдерді қолданған.

Жалпы, мұндай мысалды көп келтіруге болады. Айталық, Ғ. Мүсірепов «Оянған өлкесінде» Күреңкөз қожаның жас «бәйбішесі» мен Игілік арасын «Қожекең бүгін Игіліктің қонақ үйіне қонып шықты да, Игілік ар жағынан түнделетіп келіп Қожекеңнің үйіне қонып шықты. Қожекең жал-жаяға мәз болып аттанды да, Игілік Қожекеңнің үйінде болғанына бір жасап аттанып еді» деп аңғартса, Б. Майлин «Қырманда» повесінде Дүйсен көзіне шөп салынған тұсты «Шай артынан Дүйсен қырман басына кетті де, үйде «қайнаға» мен келін ғана қалды», «Зәкіржан молда» әнгімесінде бейкүнә, бейғам бейшараларға істелген айуандықты:

«Зәкіржан молда сәждеге бас игендей төрт тағандап еңбектеп келеді.

— Әй, бұ кім? Әже, әже! — деді Қаныш шошынып. Қалампыр да шошып оянып, басын көтергенше болмай:

— Жеңгей, бері келіңіз, тысқа шығып келейік, — деп Қалдыбай оны қолынан сүйрелеп еріксіз далаға шығарды...

Таң сызат берген кезде, Зәкіржан мен Қалдыбай атқа мініп жөнеді, Қалампыр мен Қаныш өлі екендерін де тірі екендерін де білмей, мең-зең болып, солықтарын баса алмай жылап қала берді», — деп баяндайды.

Х. Ерғалиев «Көбік шашқанында» екі жас — Әуес пен Құрманғазының ыстық құшақты кездесуін:

Түседі жер-анаға дене құлап,
Қарашық сөніп барып, оянады, —

деп бейнелесе, Д. Досжановтың «Зауалынан»: Доскей

мына тұста, сай жаққа барып жатар алдындағы шағын шаруасын тындырып келе жатқан Мүлкаманды тосты деген сөйлемді оқысыз.

Айтылмақ пікірді қаламгердің анайы, оғаш сөзсіз мұндай (эллипсисті, эвфемистік) ыңғайда қағазға түсіру мүмкіндігі тек авторлық суреттеу ғана емес, кейіпкерді сөйлету тұстарында да мол.

Мәселен, С. Жүнісов «Ақан серісіндегі» Байбатыр ақсақалға:

— Жарайды, жетті, тышқан артын көріп жаралы деп, осы айтып отырғаның не? — дегізсе; К. Оразалин «Көктем салқынындағы» Ақшолақ, Қарабастарға:

— Немене, қаңғып келгенде, тауып қайтқан өнерің жеңгеңнің шапанын иығына жамылған ба? Ана бай түйелерінің белін босатудан бұрын, өз белінді босатқаның, а?!

— Жазаладың, «бай» деп, менің мойныма артар кінәң қайсы? Айта алмайсың! Көзі қарайған там сүзеді, қайтып кеп не сүзеді? — дегізген.

Алғашқы сөйлемде қолданылуға тиіс тұрпайы сөз орнына «артын» сөзі жұмсалса, екіншіде ой астарланып («өз белінді босатқаның, а?») берілген, үшіншіде құрамына аса ұят сөз енетін компонент сұрау түрінде алынған («қайтып келіп не сүзеді?»).

Әрине, бұл мысалдарды біз аса бір сыпайылық үлгісіне емес, жалпы ізденген адамға анайы сөзді қолданбау мүмкіндіктерінің әрдайым да табылатынына келтіріп отырмыз.

Алайда осы сөз сыпайылығы, қалам әдебі ретінде кейде «әттеген-ай!» дегізетін, жүрекке дік тиіп қалатын, анайы, оғаш қолданылыстар кездеспей отырмайды. Мысалы, М. Мағауинның «Көк мұнарында» аспирант Әнуар:

— Химияда нең бар? *Қыртология* ғылымын қуатын-ақ адам едің (45), — десе, Едіге өзі іштей ұнатып тұрған көрікті Гүлшаты туралы «метис болар» деп ойлайды. Ал даяшы қызбен былай қалжыңдасады:

...Бүгін жұмыс аяғында есік алдында күтем деді. Күтпей-ақ қойыңыз — деді қыз. Күтіп әуре болмаңыз — деді. Сіз маған ұнап қалдыңыз — деді Едіге. Мен күтем, «егер өз еркіңізбен көнбесеңіз алып қашам» — деді. Сіз де маған ұнайсыз — деді қыз. Бірақ бүгін жағдайы келмейді екен. Ертең болсын деді. Ертең уақытым болмайды — деді Едіге. Бүрсігүні де, арғы күні де, келер айда

да, келер жылы да. Бүгін ғана уақытым бар. Қыз қатты қиналды. Сәл ертерек келгенде, бүгін болатын еді — деді. Тым кеш келдіңіз. Бүгіннен соң қалаған күніңізді сіздің еркінізге бағыштайын — деді. Өте өкінішті — деді Едіге. Сол маған бүгін ғана керек едіңіз — деді.

Соңында жігіт:

— Мен жай әзілдеп ем, соншама парықсыз қалжыңдарымды көтергеніңіз үшін рахмет,... — десе, қыз:

— Уақа емес, мен Сіздің жай қалжыңдап отырғаныңызды білдім,... — дейді.

Бүгінгі мәдениетті жастарымыздың жай қалжыңының түрі мұндай болып келсе, ойын-шыны аралас қалжыңдары қандай болмақ?

Осы шығармасында автор ресторанда тамақтанып отырған Күлдәрінің аузына «Эдуард шырағым-ау, қағаз атаулының бәрі *туалет* қажеті үшін шығарылмаған ғой» деген сөйлемді салып, аспирант қаһармандарын «әзірге тұмсығы тасқа тимеген, басы да, басқасы да бүтін» деп суреттейді.

Қ. Шаңғытбаев пен Қ. Байсейітовтің көпке мәлім «Беу, қыздар-ай!» комедиясындағы доцент Қасен аузында жүрген:

Тегінде осы болар мықты қатын
Баланы қос-қосынан ытқытатын, —

деген жолдар да көрермендерге сыпайылық сыйлап тұрған жоқ.

Әрине, комедия болған соң, күлкі керек екені рас. Бірақ ол үшін жастар тәрбиешісі, мәдениетті, ғалым кейіпкерді өзінің жан дүниесіне, болмысына қайшы сөйлету, айтпайтын сөзін еріксіз айтқызып күлкі туғызу да жөн болып па? Және жұрт күлгенде: «Өй шіркін, доцент болғаныңа! Сөзінің «жатығы-ай!». Сенен тәрбие алған жастарымыз «бып-биязы болып майысып-ақ шығар!» — деп, қайдағы бір алаңғасар, көк езу біреудің сөзін сөйлеп тұрған Қасеннің өзіне күлмей ме?

Бұл жерде Сөлпекеннің жас ақын Зейнолла Көшке-новпен жүргізген интервьюінен бір кішкене үзінді оқи кетейік:

Сөлпекбай. Алғашқы жинағыңа «Алтын орақ» деп ат қойыпсың, шырағым. Құтты болсын! Алайда, айтуға ауыз бармайтын ыңғайсыз сөздерді оқығанымда бетімнің оты шықты. Лирик түгіл «сайтаны» бар сатириктердің өзі

«қатын» һәм «бұт» деген сөздерді қалай айтам деп қатты қиналады. Ал сен:

Ат бұтына қыстырылған талай дене...
Эй, қатындар!
Күй!
Күйындар шарапты.
Күй шарапты, қатын-ай,... —

деп балқисың да «шалқисың». Айналайын Зейнолла, осы қылығың қай қылық? («Ара», 1976, № 4, 6-бет).

Сөлпекеңнің таңдануы дұрыс.

Ал егер осы екі зат есімнің алғашқысы туралы жас ақын: «Көкетай-ау, бұл сөзді, тіпті өзгені былай қойғанда, қаламдарының қанаты баяғыда қатқан, майталман ағаларымыз жазған шығарманың кесек кейіпкерлерінің бірі Қасен аузынан екі күннің бірінде сахнадан естіп жүр емеспіз бе» — десе, ағалары не айтпақ?

Ш. Сымаханұлы «Шібіштің бесік жыры» шымшымасында («Жыл құсы», 148-бет):

Жылама, бөпем, лағым,
Көзінді текке жуасын.
Көктемеде, шырағым,
Өзің де лақ туасын, —

депті.

Дені сау лақтың шыбыш болған соң төлдейтіні талас-сыз. Дегенмен ананы балаға «бөпем, лағым» дегізіп еміренте тұра, автордың оған «Көктемеде, шырағым, өзің де лақ туасын» деген «жұбату» айтқызуы, біріншіден, түсініксіз; екіншіден, нәрестесіне бесік жыры етіп ана, қандай адам болғанда да, аузы барып осындай сорақылықты айтты дегенге кім сенеді?

Енді «Бұқтырма сарыны» (Қ. Ысқақов) повесінің 42, 51, 52, 63, 74-беттеріне көз салайық:

1. Ай, көріңде өкіргір Қайрақбай, байталыңды жел жаққа неге байлайсың! — Ол қымыз толы тегенесін қоя салып, кермеге қарай жүгіре жөнелді. — Ай, жаратқан айғырымның белі кететін болды-ау, ойбай-ай! — деп барып арықтағы судан алақанымен көсіп-көсіп алып, айғырдың ұмасына шашып-шашып жіберді.

Дуния жымиып езу тартты, сосын:

— Жарылып кетпей ме? — деді шалдарға иек қағып.

2. — Үш қатын алуға қарсы емес шығарсың?

— Әзірге ол да белгісіз. Сен соның біріншісі болуың керек еді.

— Біріншісі болғым келмейді.

— Неге?

— Үшіншісі қадірлірек қой.

3. Қыз көгалға шалқасынан түсіп, аспанға сүзіліп жатыр екен: *үйір іздеген қулық мысық тәрізді керіліп жатыр.*

4. — Деда!...

— Сен маңырамай тыныш жат! *Жақсылап қасынып алсаң, ұрғашыға содан артық пайда жоқ!...*

5. ...Күнде осы мезгілде кебісі мен мордушкасын сүйретіп жаға мен жалпиған қара моншаның арасында *толғатқан қатындарша* сенделіп көп жүретін қырсық шал да көрінбейді.

Бұл — автор қаламының еркін сілтелген тұстары. Дұрысында он алты — он жетідегі Дуняны сол бір көріністің куәлігіне қатыстырып езу тартқызудың, үйленбеген жас шофер жігіт Аян екеуін жоғарыдағыдай парықсыз қалжындастырудың, қандай да қырсық мінезді болғанмен, Жәгер шалға сәби күнінен өзінің қолында өскен жиені, бар жан ашыр жақыны Дуняға анадай «аса сыпайы ақыл» айтқызудың еш лайығы жоқ. Үшінші, бесінші мысалдардағы теңеулерге де оқырманның «Қайдан тапты екен?!» деп емес, оларды «қолы қалтырамай қаламгер қалай қолданды екен?!» деп қайран қалары хақ.

Тағы бір мысал:

Шарт емес бас білмеуі, бас білуі,
Сүюдің әммеге ортақ ащы мұңы.
Әнеки, жас қазақтың құшағында
Толқиды еврейдің жас сұлуы.

Шынында осы халық сынды халық,
Қыздары көзді арбайды мың бұралып.
Сұлулар барлық ұлтта баршылық қой,
Кім білсін, әкесінен туды ма анық.

(Т. Есімжанов «Осы жақтың ұлымын»). Түсініп көріңіз: сұлу мақталып отыр ма, әлде «өз әкесінен емес, сірә, көлденең көк атты біреуден пайда болған шығар» деген күдікпен датталып отыр ма?

Ө. Қанахиннің «Жас дәурен» повесіндегі оқып-тоқығаны көп, мәдениетті жігіт Наурыздың сүйіктісі Толқын-

ға жазған хатының «өзіндей ішкі сарайы сұлу ұрғашыны алғаш кездестіруім (108)» деген жолындағы белгіленген сөзді:

Қанатын құмай дүр сілкіп,
Тырнағын бүріп қойды.
Қуанғаннан дейсің бе, тәйірі,
Күшігендердің құйрығы күліп қойды, —

деп келістіріп-ақ жаза білген Шона Сымаханұлының:

Сарытамыз от қарып,
Түйе жүр жүк тасып.
Кеңседе шот қағып,
Түлкі отыр бұт қасып, —

дейтін шумағындағы бір «қолы» есеп шотта жатқан қу түлкінің екінші «қолымен» істеп отырған «ұрлығының» түрін де аса жатық деу қиын.

Айта кетейік, күзді осылай сипаттап берсек, қаһарлы қыстың не істететіндігін жұртшылық, әсіресе ауыл еңбеккерлері, өздері-ақ түсінер дегендіктен бе, кім білген, әйтеуір, 17—18 мың оқырманы бар бір газеттің бас мақаласының «Бұл — кәдімгі күшендіретін күзің» деп бастағанын да оқыдық.

Көркем шығармаларда ұшырасып қалатын анайы, оғаш сөз қолданыстардың бірқатары андаусыздығымыздан кетіп жүрген сияқты. Мысалы:

1. Арқама тауың *артылып* (Қ. Бұғыбаева, «Қара торғай»).

2. Бұл адам өмірді бір рет *сүреді* (А. Асылбеков, «Көкорай көктем»).

3. Түн баласы *Джунглиді сүргендей* (Қ. Салықов, «Жезкиік»).

4. Әуелі алдап-арбады. Ұмсын оған көніңкіремеп еді, Камал *арт жағынан* айбар күшін көрсетті (Ш. Шалқаров, «Серіккөл»).

5. Өстіп жүргенде жерден шыққан жіктей болып Құлшығаш кездесті. Өзі *машайық қашырғандай* мазаң-ақ (Д. Досжанов, «Зауал»).

6. Ақ бурыл шоқша сақалы күйіс қайырған *текенікіндей* тынымсыз *діріл қағады* (Ө. Қанахин, «Албырт шақ»). Мұндайды Ғ. Мүсірепов, Ғ. Қайырбековтің:

— Махаббат атты құдірет
Періште қылған соларды.

деген шумағының екінші жолына байланысты «сөздердің құлаққа естілер жағын» атап, қаламгерлеріміздің бұған өте сақ болуын ескерткен еді. Алайда келтірілген деректер аға ақылын әлі де мінсіз игеріп кете алмай жүргенімізді, жазып отырған әр сөйлеміміздің тынысына құлақты бұдан былай да түріңкірей отыруымыз қажет екенін аңғартып тұр.

Сондай-ақ көркем сөздің қас шебері А. П. Чехов А. Н. Плешевқа жолдаған бір хатында (6 октябрь, 1889) Гурлянд фамилиялы студенттің өлеңінің алғашқы жолдарында ұшырасқан, тіпті жоғарыдағы мысалдардағыдай анайылығы, ұяттығы жоқ жай көң сөзінің өзі туралы «Өлең үшін аса бір қоймалжың тыңайтқыш қой» дегенді де жайдан-жай жазбаған, мұнда да сол сөз жарастығына қойылатын үлкен талап сыры жатқан сияқты.

Біз бұл мәселеге тоқталғанда, әрине, шығармаларымызда сөз атаулының тек сұлу, сыпайылары ғана қолданылса дегенді емес, жалпы сөзді, әсіресе оның анайы түрін аса сақтықпен, орнымен, кейде өзгеше киіндіріп, сындырып пайдалансақ, қалам мәдениетіміздің жоғарылай беруіне көбірек назар аударсақ дегенді айтқалы отырмыз. Бұл — бүгініміздің де, ертеңіміздің де талабы. Себебі сөз этикасына ертеден-ақ қатты зер салған халқымыз қазіргі заманғы айрықша өнімді өрлеуі үстінде оған тіпті ерекше қарайтын болды. Мұнысы заңды да. Өйткені тіл — халық өмірінің айнасы. Ендеше ғажайып жаңа қоғам орнату ерлігімен әлемге үлгі шашып отырған білімді, мәдениетті жұртымыздың тілі де осы деңгейіне сай болуы керек. Сондықтан тілді халқынан үйренетін де, халқына үйрететін де қаламгер қауымымыздың сөз саптауында ине жасуындай да мін жүрмегені абзал.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
М. Балақаев. Әдеби тіл және көркем әдебиет	6
Р. Сыздықова. Сөз қолданыс және әдеби норма	24
Ө. Айтбаев, А. Есенқұлов. Көркем әдебиетке — көркем тіл («Елім-ай» романының тіл кестесі жайында бірер сөз)	43
Қ. Неталиева. «Жалын» альманахының тіл мәдениеті	56
Н. Уәлиев. Көркем әдебиет тіліндегі стильдік контраст	70
А. Алдашева. Балалар әдебиетінің тілі жайында	89
З. Бейсембаева. Тіл байлығы — ой байлығы	91
Ш. Сарыбаев. Көркем әдебиет тіліндегі жергілікті ерекшеліктер	98
Б. Қалиев, Д. Досжанов шығармаларындағы диалектизмдер мен сөйлеу тілі элементтері жайында	107
Ә. Құрышжанов. Халық тілінің қаймағы бұзылмасын	122
М. Серғалиев. Сөздің күнгейі мен көлеңкесі (Ғ. Мүсірепов тіл мәдениеті туралы)	128
Х. Нұрмұқанов. Қаламгердің қалам әдебі	143

ПИСАТЕЛЬ И ЯЗЫКОВАЯ КУЛЬТУРА

*Утверждено к печати Ученым советом
Института языкознания Академии наук Казахской ССР*

Рецензенты: кандидаты филологических наук
С. Омарбеков, С. Хасанова, И. Уюкбаев

Зав. редакцией *М. Рашев*
Редактор *А. Досымбекова*
Художественный редактор *А. Б. Мальцев*
Оформление художника *Н. Ф. Чурсина*
Технический редактор *В. М. Муромцева*
Корректор *С. О. Каймулдина*

ИБ № 1426

Сдано в набор 12.01.83. Подписано в печать 26.05.83. УГ10106.
Формат 84×108¹/₃₂. Бум. тип. № 2. Литературная гарнитура.
Высокая печать. Усл. п. л. 8. Уч.-изд. л. 7,8. Тираж 1000.
Заказ 33. Цена 1 р. 20 к.

Издательство «Наука» Казахской ССР.
Типография издательства «Наука» Казахской ССР.
Адрес издательства и типографии: 480021, г. Алма-Ата, Шевченко, 28.

